

12087
4862 к

БАҚЫТЖАН
РАИСОВА

Кәусар дүнис



БАҚЫТЖАН РАИСОВА

**КӘУСАР
ДҮНИЕ**

**АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2017**

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5каз)-5

P 17

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және онер саласындағы бәсекелестікті жөнгө айналу, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық корді»

Раисова Б.

P 17

Кәүсар дүние: Өлеңдер, аудармалар, толғаулар, поэмалар. /Бақытжан Раисова. – Алматы: «Каратай КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2017.– 288 б.

ISBN 978-601-7505-55-4

Белгілі ақын Бақытжан Раисованаң бұл жинағына лирикалық олеңдерімен катар, ел тәуелсіздігіне арналған толғау, поэмалары еніп отыр. Ақынның жырлары шынайылығымен срекшелсенді.

Кітап коншілік оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5каз)-5

ISBN 978-601-7505-55-4

© Раисова Б., 2017.

© «Дәстүр», 2017.

© «Каратай КБ» ЖШС, 2017.

Бақытжан Раисова – өзінің сыршылдығымен, ойшылдығымен, тек өзіне ғана тән жазу мәнерімен көпке бірден танылған ақын.

Бақытжан – өнердегі балаңдықты, қалам ұштау мен қалыптасуды үзак тәжірибе етпеген талант. Бір сөзбен айтқанда ол – үйреніп ақын болмаған, о баста ақын болып туған үлкен дарын иесі.

*Дидахмет ЭШІМХАНҰЛЫ,
жазушы, Халықаралық «Алаш»
сыйлығының иегері*

Бақытжан Раисова ак өлеңмен жазады. Үйқас куу қайда, ол техникалық құлықтан ада – қазақтың қара өлеңі мен жыраулар жыры, фольклорлық сарын мирасқоры. Бақытжан Мұхтарханқызының қазақы болмысы маған өткен ғасырдағы қаймағы бұзылмаған елдік дәстүр жүрнағындай сезіледі.

Ең талғампаз, кірпияз зерттеуші қазақ поэзиясында Бақытжан Раисованың орнын дереу танып қояр еді. Әйелден ақын шықпайды деп ойлайтын, құдай әуелден биік жаратқан мықты ер ақындар даусыз мойындайтын ақын бұл Бақытжан. Олар Бақытжан Раисова жырларын оқыса, «Әйелден мықты ақын шығады, бірақ тандаулысы бірен-саран» деріне еш шүбәм жок. Алтайда қарды тесіп бәйшешек өседі ғой. Бақытжан Раисова маған сол бәйшешек сияқтанады.

*Айгүл КЕМЕЛБАЕВА, жазушы,
«Дарын» мемлекеттік Жастар
сыйлығының иегері*

...Коңыр салқын үнімен селеулердің
Сабыр сактап даламда кемелдендім.
Сыбызығы үнді сазынан өлеңі ескен
Менің жаным сарайы шеберлдердің...

Тасты жарып шыкқанда таудан шынар,
Фажабынан тірліктің арман туар.
Күлімдесе кеудемде Күн суреті
Бабам менің канымен салған шығар...

Бейкүнә шықтың көзі ақық жасты,
Жалт еткен ғұмырымен бакұлдасты.
Дірілдсп сағағында қайран өмір
Қызыл гүл қара жермен жақындасты.

Көлдердің мөлт еткенде қарашиғы,
Жайраган жасыл белдің жарасымы,
Жалғыздың жанына жара салған шығар
Шатырлап найзағайдың тау асуы...

Алтайда жұз жыл бағып Ай қабағын,
Суреткер бола алмасам таң қаламын.
Бұтағын қарағайдың шайқап өскен
Кербұғым, Қәусар текті Кермаралым.

Жұтынып жұпар шашса өрден шынар,
Көрем деп көздің нұры көрден тұрап.
Қарығып көркемдіктің күдіретінен
Қамығып талай шебер өлген шығар?..

25.07.2012

Күмілжиді шешен туған наз дала,
Тұн тұрпаты жоғалтып ал ар-Айын.
Сен аспанды тірей тұршы аз ғана
Мен де Жерге гүл өсіріп алайын...

Жатқа кетпес қанмен біткен Тәңірі
Амал етіп Алла есігін қағайын,
Бір халықтың анқылдаған көңілі
Женер әлі сүк көздердің талайын.

Қан уыстап жаралады сор әлі,
Ақындардың көкке ұшырып зар-әнін,
Жеке-дара зұлымдардың қоғамы
Манайлатпас Рухтың ақырзаманын.

Жан оятқан құлак түріп күмбірге,
Қалың қазақ келер әлі бір тілге?!

АУЫСУ

Дүние бір-біріне айналады,
Естіліп суығаны, қайнағаны.
Қатығез қылыш жүзі қайралады,
Қаралы жан азасы ойналады.

Көрген жақсы түстің де қарызы бар,
Алдыннан атқан таңың арызы бар.
Өртенге өрт қойғандай шұғынық гүл
Өнінде өмір салған қан ізі бар.

Су – буға, у – тәттіге төрін берер,
Қайғы шалқып, бақыттың көрін көрер.
Жапырак – топырақтың бел баласы,
Бұлдірген қара жердің дәмін берер.

Куат бітіп, кіндігің көмілген жер,
Құшағын бір жазбайды көлінен бел.

Маңдайдың жазуларын өзгертем деп,
Күр бекер әуре болсан өзінен гөр.

Танымын құс жолында қалықтайды,
Сананың шексіз үні шалықтайды.
Жоғалмак, жан жарапып, жадырамак,
Дүниес ауысадан жалықпайды...

ТОЛАССЫЗ НӨСЕРДЕ

Қара бұлттың етегіне сүрініп,
Құлағаның қай құлау?
Құшақ жазбай,
Жер менен көк кірігіп,
Жылағаның қай жылау?
Жөргегі бір құрғамайтын баладай,
Тұсініксіз хал мынау.
Еңе езетін топан суды
жүрт күрсінді қаламай,
Куқыл шөпте зар жүр-ау...

ҮШ КІСІ

Күннің көзі тұрса да нұр себелеп,
Бір кісі бар көрсетпейтін өң бетін.
Көз қарығып жарыктан тұрса да ерек
Өлгенінше өзгертпейтін келбетін.

Жоғалады барлық шуак текке өліп,
Ағын сулар бетпак шөлде малтыға,
Сол бір кісі тұрар өлі беттеніп,
Күңгірт жүзін ұят оты шарпымай...

Селт етпейді оның кебін суреті,
Жылымайды қара жартас күйінде.
Жетпей қалған мейірімнің құдіреті,
Тістеледі менің өткір тілімде.

Екіншісі...қол созады сәулеге,
Шөлі қанбай зәмзәм сүйн сіміре.
Сосын тағы жарқырайды сәндене,
Нұр сіміріп және өзі төгіле.

Арай сіңіп жайнап кетер сол кісі,
Табиғаттан алынатын бар күші.
Жер шарының секілденіп күн беті,
Сонда оның келер жақсы болғысы.

Өздігінен жана алмайтын жалындалап,
Қарандыда қабыргасы сөгіле.
Күлкісінде кісінейді қайың-бак,
Кара қайғы қарманады шегіне.

Үшіншісі...Өз-өзінен елжіреп,
Көніл түбі көрінеді айнадай,
Көк әлемді көркемдеген кең жүрек-
Кара жермен сырласатын Толғанай.

Маңайына гүл шашады уыстап,
Рахым нұры күлімсірер өндени.
Атой салып, мыңды бастар ту ұстап,
Даналықтан зар шегеді Кермене...

Күтпейді ол балдырдың да жылуын,
Өз отынан өртенеді өзегі.
Күллі әлемдік мейіріммен тынысталап,
Толқып аққан өмірінің өзені.

20.08 2012 жыл.

АЛТЫН БАЛЫҚТЫҢ ҚАБЫРШЫҚТАРЫ

Көшелерді қызыл-жасыл гүл баскан,
Жәудір аспан кірпігінен нұр шашқан.
Жарық түстің арбап жұмбак әлемі,
Гүл тілімен жазылғандай бір дастан.

Мына жерде судың мәлдір ағысы,
Ана жерде қызыл түстер жарысы.
Алтын балық қабыршығын бояған,
Суретшінің тыңдан тапқан Ғарышы.

Көктем мен жаз жоғын бірге іздеді,
Кеністікте сарғайыпты күз демі.
Майлы бояу төгілсе де жок мұнда ,
Тауқыметті дорекі өмір іздері.

Адамдар аз, анық емес сұлбасы
Мұнда асқақтап шақырмайды шың басы.
Бояулары алмасатын дүниенің,
Күбірлейді жалғыз ғана сырласы.

Қыр гүлінің күлтелері дерексіз,
Бұлдыр бейне керекті де керексіз.
Шексіздікте шашылғандай жұлдыздар,
Қылқаламнан сезіледі өрепкі із.

Жүзіп жүрген күннің киық бөлшегі,
Сұтке толған тіршіліктің керсені.
Татиевтің суреттері бүгінге
Сыймай тұрған сұлулықтың өлшемі.

ЖҮРЕК

Жүрек байқұс шыдаудай-ақ шыдайды,
Жарылғанша медет етіп Құдайды.
Жас кезінде айтушы еді бір досым:
«Бәрінен де жүрек ауру ұнайды».

Жүрек дерті – аурулардың патшасы,
Ашылардай адал өлім қакпасы.
Өкпе, бүйрек, бұлқілдей бер, бауырым, –
Тексіз, білем, жүрегімнен басқасы.

Алла жолы – табан тірер тірегі,
Кор болғанда ар мен намыс киелі.
«Қалың өлім, қазағым» деп, аһ ұрып,
Соқпай қалған Ұлы Абайдың жүрегі.

Неге мұнша қысылады бұл жүрек,
Жақсы көріп, қажыды ма елжіреп ?
Қантар туып, қалышылдаған қыр гүлін
Карауына алған шығар зенбірек?!

Кескілеске жүрек әнтек қарады,
Ақыл төзген ... жүрек соған қаравы.
Жүрегімде шыңғырады бір әлем ,
Жаншиғандай шыншыр төстің табаны...

Бірінші боп жүрек неден сыр берер?
Құрсақта да алдымен сол өң берер...
Тұлпар жүрек – қылбұраудың құрбаны
Қарғып өтпей тыптыршиды кермеде...

26.06.2013ж.

Көк нөсер жаңбыр тамшыларынан
Су болмай қалай шығасын?
Айнасыл айла жарқылдарынан
Ку болмай қалай шығасын?

Коғамдық жаплай жалғандық дертінен
сілікпесі шыққан адам
акыры-ы-ынын сстең танады.

Жоқшылықта
жалынды ұран тастаған жанның
Тоқшылықта
тырысады қабагы?..

Ештеңе айтып ақтала алмайтын,
Сатқындықтардан сақтана алмайтын,
Парасат көрін қазысып бірге
Неғылған заман токтай алмайтын?!

Карынбай халден арылған күні,
Кеудесін күннің сағынған күні,
Арамдық жолдан алынған күні
Ағарып тандай кездессерміз әлі?!

Айна көлдері жарқырап,
Айдында аққу жүзгөн күн
Қылышты жаздың бір кеші
Қызықты болған бізбен күн.

Алтай тауда қос қыран
Қанатын қоса қаққан күн
Отты бір бала ойнақтап,
Ошақтың отын жаққан күн.

Кекілін жемсін тараған
Көрікті келін түскен күн
Екі жақсы қосылып,
Бақыттан шәрбат ішкен күн.

Патшадай қонған тағына
Жүректің тойы кемел бұл.
Қазактың жанған бағына
Жылышып өтсін өлең-жыр.

Терезенді ашып қойшы, жарығым,
Күннің алып түсірейік жарығын.
Көк жүзінде біз де самғар ма екенбіз
Бір мекендер тәуекелдің қайығын.

Жұлдыз жүйткіп кен даланың төсімен
Қарау пигыл танаар ма екен есінен?
Жарық-Алла жоғалтаған шындығын
Леп әкелер тымық Айдың кешінен.

Терезенен танып ғарыш әлемін,
Жер бетілік тексіздіктің тап емін.
Мына жаңбыр мөлдір айдың бетінен
Су бол акқан менің аппак өлеңім...

Терезенен көсілсінші дала кен,
Көз ұшында заулап ұшып қара мен...
Бабалардың ұзап кеткен арманын
Нұр ұйыған көкірегінен табар ең.

Қара көзің ақ уызға қадалып,
Інгәласын нәресте сөз жарагып.
Ұзілгендей жүргегінің түбінен
Жат бауырға жан бітірген тәбәрік...

25.09.2012 жыл.

АҚШАДАН АРАШАЛАУ

Азулы арлан жігіт ай таңбалы,
Алдында өлең оқып жайтаңдады.
Айналып иығына кона алмай тұр
Бірсүдің көшіп кеткен сайтан бағы.

Медальдар сымсыздың кеудесінде
Киқу бар қанат- қолын сермесіндс
Бәйгенің аттарындай тыптырышиды
Заманың занды бакқан кермесінде.

Қазакты іс тындырган ер десін де,
Жақсыны жүрттың көзі көрмесін бе?
Ак құйып айналасын алқап жатыр,
Перште қонактатып зердесінде.

Мансаңтан тау қалаған үрдессінді
Ерітіп абыз аға бір көсілді.
Сау қалған долларлардың домнасынан
Мен көрдім қанды жара бір досымды...

25.09.2012 жыл.

Тіршілік мені биғе шақырады
Қалқайып Қанбақ шал да отырады.
Шалқайған аспан жакқа сері дақа
Қазанның дауылы ұрып ақырады.

Күн кірпігін көтеріп оятады,
Пәнидің алдына алып алақаны.
Болмысын жалған дүние көріп ал деп,
Әйнеккес тағы бір жалт каратады.

Атойлап Анырақай атырабы,
Толқиды жығылмаған шатыры әлі.
Сілкініп қанаттарын қомдаң отыр
Үміттің жалын сокқан жапырағы.

Жел ойнап, орман шулап іздегені
Жарықтың жұмбақтайды құзде нені?
Мені жоктап келді-ау деп елендеймін
Жусанның бүркүрса ізгі өлеңі...

21.11.2012 жыл.

...Көз жасымен қуа алмайсың қайғыны,
Төнсе келіп құллі әлемнің бар мұны,
Сұлтандықтың асып-тасқан көңілін
Ұлтандықтың зар қылады жай күні.

Қара үлттар жұбатпайды сені кеп,
Уіліңмен үндеседі еңіреп,
Қарлы таудай тұксиеді қабағы
Жаңа ғана құліп тұрған төңірек...

18.09.12.

Қарт отыр құзетіп өмірді,
Жар соғып сағаттың тықылы
Ескі әнмен жұбатып көңілді
Қарт отыр келіспей күтімі.

Құзетіп әр минут, сағатты,
Дауасыз тауысып тағатты
Жансебіл үміттің салтымен
 Тағы да тәп-тәтті таң атты ...

МЕН КІММІН?

Мешіттердің кекке алакан жайып шексіз бақыт
сұрайтын, үміті тұнық түндерде ұшар басынан Ай
сырғанап құлайтын – колдан сокқан қиясы; Ақысы
алтын тұрмайтын, пендесіне мәңгі мұндың жан жұмағын
сыйлайтын - дәтке куат дұғасы...

Күмбездерге сән берген –
батыр киген дұлыға,
Босағасы тәң көрген
багыл, анғал, куды да.

Пейіш үні жамырап,
саңылаудан саулаған.
Құдай үйі, аллаһым,
Болмысынан сұнғыла!..

Күмбір-күмбір кісінеп,
күн түбінен жеткен үн
Мұсылмандық – Жерде емес,
жаратылған көктө – Дін.

Рахман нұры таралып,
Бусанады толған ай.
Мазарында қазақтын
Көктен түскен бар жана Ай.

Отты, Суды сүйемін,
Тәңір күші орасан,
Түркімен бірге тілегім,
Жат емес маған Хорасан...

6.07.2016 ж.

Жалын атқан Құндейін
Келеді ұшып шырағым,
күмбірлетіп күнгейін,
оятамын мейірін,
тарқатамын құмарын.

Арғымақ жалы төгілген,
керіліп садақ күн туар,
Құлын даусы көмілген
беткейге жырым бір шығар...

Ақ жанбыры ішінде
корғасын бұлт көшеген,
Ақ періште пішінде
Дерт ішемін кесемен.

Менің де күнім күн емес,
қанатты сөзім болмаса,
Байлық деген түк емес,
бақыт деген далбаса...

Хан отырған тақтардан
сынық сүйем тау артық.
Алымсынған атпалдан
шын сүйінген қара артық.

Құлғананың сөзінде
батыр халық жасып тұр.
Балқыған күн көзінде
Хақ мейірі тасып тұр.

Жұғын қалар соңынан
шыбын жанын аядым.
Тапқан және сорынан
құл дүниенің баянын.

Жүрек айнып, бас зеніп,
Жаным жұлдыз санайды.
Әділет өлсө кектеніп,
Көтерем көкке пәк Айды.

7.07.2016 ж.

РУХ ДАУСЫ

Қанаты таудың бар менде,
Аснан ем жерге тұспеген.
Түйсігім неден шерменде, –
Қайғының сұын ішпеген?!

Боталап айдың жанары,
Боздады неден жүрегім?
Маңдайым – ардың табаны,
Бойында – жаны білемін.

Баяғы жылау – қай жылау?
Керуен салған Құнтауым.
Шөліркеп іште зар жүр-ау
Бұршак қақ ішес тұлпарым.

Күн өлген сайын бір өліп,
Еліме елдік тіледім.
Төбем бір көкке тіреліп,
Шағылып айға білегім.

ҚАР МЕН ҚАРҒАЛАР

Қарға еске түсірді қаралығын қөктегі,
Қанаттарын қомданып, бір- біріне беттеді.
Мың жыл жасап сандалған бір топ кара құзғынды
Өзің дағы көресің, тұрсаң біраз шеткери...

Қарға малып қанатын, күркілдеді кәрі емен,
Қарғаларды дәл соның гөбесінен көрер ең.
Аппак кебін жамылып, сұлық жатқан көшсеге
Ақыл айтты қарғалар қайта-қайта шегелеп.

Ақ карда мін жоқ еді – құліп жатты жарқырап,
Кіршік тұспей қылауға, күн тамшысы жалтырап.
Аппак әлем ішінде қара қанат сұылдалап,
Түршігеді бар денем, тұла бойым қалтырап...

УАҚЫТША ӨЛҮ

Жан сан рет көтерілді
тәнді тастап, аспанға.
Сонда оның көргендерін
айналдырдым дастанға.

Қыран біткен қартаймай-ак,
айырылды күшінен.
Қауырсының бұрқыратып,
жалмап отыр күшіген.

Өні қашып бозарады –
ак пен қара соғысы,
Тамырынан суалады
мықтының да зор ісі.

Қызғаныштан жарылғандар
асырады айласын.
Мағжандарға у жасаған
көріп ақыл «пайдасын».

Жұматайды жоқ санайды
аттанғанша ғарышқа.
Тастан тұғыр орнатады
өлтіріп-ап арысқа...

Шындық сөзге ашылмайды
Жақтарының кірісі.
Жорғалардың айнымайды
жылтыр, жылмаң күлісі.

Мына базар жан саудалап,
арды арзанға береді.
Ана базар алты Алаштың
абыройын төгеді.

Аңқау елде арамзалық
Тамыр басып көреді.
Қазақ жері... қайсар ғой деп,
Қабырғасын сөгеді...

Тіл дегенім тіліп түсер
Садақбайдың* таспасы.
Жонарқаңыз осылады, –
Отырардың какласы.

Айдаһарға айналды да,
қарашиның как басы
Өзендерді жұтып койды
әмірші мен датқасы.

Дала кетті, қала кетті, –
алды бәрі іштеніп.
Кебін киді кемел ақыл, –
кеменгер ой іште өліп.

Ойда жокта көктен түсіп,
жерге Жеті қаракшы,
Сыбайластық жатып алды
сахарада түстеніп.

Өзін-өзі мактағанда, –
«Өліммен тең» демеді
Сор батпактың иісін сезіп,
Бірін-бірі демеді.

Өлексеге анталаған
карға шуға шыдамай,
Жерді тастап аспанға ұшты
ақындардың өлеңі.

Құлагердің қасіретін
бәрі ұмытып қалған тез.
Қаламгерді қаралады
Қазтуғанинан қалған сөз.

Жалықтырды көбік езу
бәрін айт та, бірін айт.
Көз алдында Қодар самғап,
Халық естен танған КЕЗ.

*Садақбай – О. Бекейлін кейіпкері

Көп жылайтын біздің ауыл бұлттары
Тау басына қара аспанды төндіріп,
Жаңбыр жасты менің бала кездерім
Тау түнерсе, қалатұғын қайғырып.
Шыңға шаншып шашының бір өрімін,
Кемпірқосақ нұр өрмегін құратын.
Қара суға қатты езілген жүрегім
Көпке дейін жұбана алмай тұратын.
Көк нөсермен бірге жылап, бірге еріп,
Естен кетпес шалғын кешкен күндерім.
Тастан-тасқа секіретін
Күн көріп,
Болмысым ғой бұл менің...

Қокыстардан тазартып ем әлемді,
Таулар құлап шаң борады ал енді.
Өтіріктің даусы шығып шынайы,
Жоқтау айтты бар өнердің құдайы.

Жан саудасы қызып кетіп өртенді,
Ар пайданың тозағында өртелді.
Бір Галилей еді жердің құрбаны,
Жермен-жексен болды таным шындары.

Жалғ-а-а-а-н еді мәнгі өмірдің алдында,
Жалғ-а-а-а-н еді көрген рахат, қайғың да.
Ақша алдында ақылың мен айбының
Аласарды не керемет бар мұнда?!

Көлден шығып қамалды Аққу шөлге кеп,
Еңлік үшін өлмейді енді ер Кебек.
Құсық жуған күйін кештің жабының, –
Қайғы басқа, шер бөлек.

Жаттанды әрі жасанды еді айнала,
Шыр айналып шықты аланды ой-дода.
Менің жаным ой-кебінге ораулы
Жусан иісін аңсаған бір боз дала...

ҚИЯЛҒА ҚОНҒАН ШЫНДЫҚ (балаңда)

Сөгистан соң да жесірлөр жарын, жетімдер әкесін, ағашар көзінің қарашығындаи үлдарын сарғайып тосқаны ақиқат. Ая мөлдіреген қарындастың қан майданда жоғалған ағасынан гүмүш бойы үміт үзбей, қиял қанатында гүмүш кешкенін естігендеріңіз бар ма?! Мұны маган сол кейуананың Сайран аттың қызы айтып берді.

Соғыстың салған ойраны – күйік
Халыққа түсті азаптың бәрі.
Отаны бірге орманы күйіп,
Оққа төсөлген қазактың жаны.

Төңкеріп жерді, төндіріп аспан,
Бебеулеп тұрды қайғылы нала.
Ерлерім – шейіт ерлігі – дастан,
Қалғаны соның зар-мұңы ғана...

...Оралды ерлер, жаралы да бар,
Қырғыннан қалған аманы да бар.
Аңырап дауыл, бораны борар
Боз үйге шапса, қаралы хабар.

Аруана зарды таратамын-ай,
Қара қағазға төгіп жасымды.
«Ерлікпен қаза...» Ағатайым-ай!..
Тастандың кімге қарындасынды?..

Оянды жұмбақ қиялы сенім
Көніл түбінде сол күні баяу...
Көл қылып жасың көріспе көзім,
«Ағаның келер күні де таяу...»

Еніреу де бозым, «бауырым» деген
Камкор үнінді сағындым, аға,
Сұмдықтың тарттық ауырын неден,
Сорқұдық ойдан сарылды дала.

Жан-жарым келді соғыстан аман,
Боз үйге сонда бозторғай конды.
Құс жолын сайлап, қырандай самғап,
Алпыс жыл ағам қайта алмай қойды.

Сәуегей болдым, күнмен дөңгелеп,
Бұр жарды жылда жап-жас үмітім.
Ағатайымды өлдіге санап,
Ақылым ауып құладым бір күн...

Ояндым содан, оңалып санам,
Оқиға тіздім басымнан өткен.
Атамекенге адасып жеткен
Ағатайымды... жерлеген екем...

Ол рас, шыным. Асқар тауларым
Басын көтерді еңсесін тіктеп.
Жалған боп шықты ағамды жұтып,
Айдаһар толқын алғаны бүктеп.

...Әртөнген село. Жарылып бомба,
Жарықшақ тиген қадалып сонда.
Араша кез боп өзекті жанға
Ағайым аман қалыпты зорға.

Баласы өлген кейуана келіп,
Ағамды ұза-а-а-қ емдеген екен.
Қол-аяқ семіп, қайраты кеміп,
Мінеки, содан келмеген екен!..

Канатсыз тұлпар, құрақсыз көлім
Көкжиегімде көлбеген еді.
Ағатайым-ай, сарғайып елін –
Кәусарын аңсап шөлдеген еді.

Оралып солай, жан қиған ағам –
Байланған жерге кіндігім еді.
Кешіргін, Алла, кешіргін, адам,
Киялға қонған шындығым еді...

Адам іздеу

Өзіңсіз өтті әр таңым,
Шырынын ойдың саркамын.
Күмбір де күмбір даланың
Сарқынды күйін тартамын.

Төбесі көкке шаншылған,
Тұлымы жерде жаншылған
Төрт көзі түгел түмен жұрт
Тобымен тіктеп қараса,
Адам аз ба деп қорқамын...

Айнасыл жұздер шошытты,
Аспанға шындық көшіпті.
Көп күткен арман елшісі
Керуенімен кешікті.

Жасампаз емес, жасампоз
Сақалын бояған көп жылпос
Айшың боп асқақ тұратын
Адам боп қалса, қалсын дос.

Алтай да болып аңырдым,
Алдына келіп Тәңірдің.
Құсығын жудым кәуірдің,
Адам таба алмай ауырдым.

Өзеннен қалған шөлдеймін,
Өзімді көмген көрдеймін.
Бәйтерек түптен суалды
Дегенге ғана сенбеймін.

Төзімнен сауға сұрағам,
Тәбәрік жырым – тірі адам,
Көп ішінде бір жалғыз...
Азамат жүр деп жұбанам.

Адасу

Қалталы байды таңдасан,
Қапалы жанды алдасан,
Ауыр жүк артып ардың да,
Мойнына тас байласан, –
Су тұбіне кете ме?!

Қорлыққа зорлық жалғасан,
Өзінді зор деп ойласан, –
Бәйге алғандай – далбасан
Қырына алып көзінің
Өлең елең ете ме?!

Ойнакшытып көзінді,
Жұз мәрте сатып өзінді,
Бейнелеп берсөң уақытша
Бас кейіпкер – Сезімді, –
Шырқырап шындық өше ме?!

Айнасыл кеппен айнысан,
Күн шыққанда – қалғысан,
Жалпылдақ жеңді тұбі деп,
Жаңалық ашып қарғысан, –
Жақсылық – жердің кіндігі
Көмем деп біреу кесе ме?!

Адамдық – аспан рендес,
Құлпырар жүзі гүл өндес.
Адамның бағы бармақтай,
Ақиқат тағы төр жақта-ай,
Сен адасқан екен деп,
Жел аударған қаңбақтай,
Жосылып бір күн көше ме?!

Отанға

Күрсінісім – күйзелісім емес еді күнәдан
Қарапайым өлең жаздым,

Жайымды жок ешкім мәнің сұраған
Адамға адал,
Іңкәр болдым,
Бас идім тек Отанға.
Жағалауда ой кештім мен
Алып күн суға батарда...
Алмағайып күйге түссе ізгі елім
Күмбір күйден,
Жырау жырдан –
Өле алмаған оз рухымды іздедім
Рас, сені батырларша
жаудан қорғай алмадым
Әр уыста қан боп кеткен
тілінді айтып зарладым .
Көне түркі әуенімен жаш ағысым үйлесті
Бір ғасырда толастамас
теңіздердегі күй кештім...

Бақытый – ертең

Бақытсыздық басыма орнағандай өкіндім,
Гүл өрсс де алдынан дүнис – қызық не түрлі
Қарызы бар жанымның ілініп түр жарығы
Бабам бүгін күніреніп жылаң жатқан секілді...

Шегіндіріп шешен түр ксері бұрып уақытты,
Мадақ жырын тудырған жырау тілім жакұт – ты
Өз тілінде сайраған бозша торғай тағдыры –
Бізден басқа халыктың бәрі- бәрі бақытты.

Сарнауық үн басыма қайдан келді сар желіп,
Аруана емсс пе ек жібек созған арда еміп.
Құл саудасы секілді базар қызып тұрғанда,
Аман қалған не болсын жаның үшін ар беріп.

Күйді менің өзегім, өртенді ішім не керек,
Шұбар тілмен үрпағым үкім айтты шегелен.
Ғасыр бойы қазылған Сорқұдықтың түбінен
Желмаядай будан тіл жортып шықты «көремет?!»

Ай туады аспанда – әділетті ақ нұрым
Адалдықтың әйгілеп құлан – таза пәктігін.
Кеңістіктің жүзіне қараймын да сыр бағам , –
Алып ақын алты ауыз ақ уызбен жырлаған...

Тереземнен төгіліп, алақанға сыймаған,
Шыдай тұр деп әлі де ақыл айтты нұр маған.
Шыдай тұршы әлі де, жусан иіс жарығым,
Жырау желге шалқытып, шексіз дала сағымын.
Мен дегенің – Алаштың пәрша- пәрша тұлінің
Құзар шыңың басында шыркыраған жанымын...

Жылай берсем,
Бізге бақыт бере ме, –
Боз жусандар, тәбелер...
Жылай берсем, дауыл ұйтқып,
Көнілімнен қаңбак ұшып жөнелер.
Жылай берсем,
Тіл тағдыры оңалар ма жетімек,
Ақын біткен жадау тілдің жанынан
Жоқтау айтып, ақтық байлап өтіп ек...
Жылай берсем,
Сүт бергендей анамыз,
Күн сүйгендей қуана ма даламыз?
Жылай берсем...
Жыламаңыз,
Мен де тыйым жасымды,
Сезім селі өксіп – өксіп басылды.
Коңыр мұнмен күйге толды көкірек
Тұрдым үнсіз...
Сабыр сақтап шетірек...
Жайлап, зарлап
тағдырыма айта берсем өкпені,
Жаратқаным жарылқар деп
ойламаймын тек мені
Карап тұрып қара басқа
не болды екен бай – байлап,

Сыңғыр – сыңғыр толқын туған
су түбінде қайғы ойлап
Тау мен дала тебіреніп,
токтау айтса бір ауық
Намысыңды келтіреді
Күздің бұлты жылауық...

ШЫНДЫҚ ҚАЙДА?

Шындық бір күн оралады, карағым,
Шөпілдетіп сүйерсің сен табаның.
Шындық, тіпті, өле алмайды ешқашан
Тұкпірінде дамылдайды сананың.

Шынның өзін Құдай деген Шәкәрім
Періште боп құстай ұшып жет, арым.
Қызыл арай Ақиқаттың алдында
Адам деген әлсіз қызылшақамын...

Ысырамын тереземнің пердесін,
Мұн басқанда домбырамның пернесін.
Көз қарығар шымылдығын желпіген
Жарықтықты көzlі соқыр көрмесін.

Дәл осылай ашылды алдан бір арай
Қара батпак қараулыққа қарамай.
Жоқ етем деп шашты маған топырак
Мен жарқырап шыға бердім бұ қалай?

Мағжандардың бағын енді түсіндім,
Ұлы өлеңнің алдына кеп кішірдім.
Найзағайы ойнап қайғы – бұлттардың
Алла атымен аспаннан жыр түсірдім.

Ғұмырда саған жеткізе қоймас
томпайған мына төбелер.
Тау болып қатты сен жаққа қарай
бет алған аппақ кемелер.

Баяны да жоқ, жауабы да жоқ,
жанымға арман не берер?
Егіліп өлген батырым десем,
ақиқатыма сенер ең.

Түсіме келіп ояттың бүгін
сезім бе киген кебенек?
Мұңлы бір жандар кезігіп бірде
жанбырдай жасты төгер ек.

Ұмыттым, рас, баяғы заман...
жайлауын жаздың мекендер.
Алыстап кеттім, Сағыныштарым
Аралға батқан екен деп...

Жаны ізгім менің, жарығым болшы
ғайыптан түскен сен аппақ.
Жап-жас күнімде жасыммен сіңген
табиғатыма қонақтап...

СҮЙІНІШ

Білмеймін неге ынтық екенімді,
Қасиет, қадіріңе жетерімді.
Білемін бозторғайдай жүргіммен,
Әйтеуір ғашық болып өтерімді.

Теніздің сүйіп едім толқындарын,
Кең далам, сағым ойнап жарқылдадың.
Есейгенде түсіндім ғайбат сөзден,
Қалқалап, қорғаштайтын халқым барын.

Тауды сүйдім, сүйендім, кара көрдім,
Келеді де тұрады бара бергім.
Қауқылдаған карт таудың етегінде,
Кіп-кішкентай келеді бала болғым.

Махаббатпен сейледім жарым десем,
Балаларым өседі бағымда әсем.
Ошағымда от жанды шалқып, лаулап,
Бақытым деп сүйіндім, барым да сен...

Күй тыңдасам, күңіреніп сала бердім,
Қобызынан қазактың нала көрдім.
Уызымды шығармай уысымнан,
Ак перзенті боп қалдым қара жердің.

Биік іздеп, тоқтадым теренге кеп,
Елік сезім әрнеге елеңдемек.
Бал үйіған асықтың жүрегімен,
Тәнірідей табындым өлеңге кеп.

Бір жұлдыз маган қарайды көзін алмайды
Жұлдызға жеткен сезімді сезіне алмайды.
Жымындал үнсіз сан рет тілдескенімен,
Адам мен жұлдыз жақын кеп, кезіге алмайды.

Күмістен ожау жасап ап төгеді сәуле,
Жарқырап көкте тұрғаны келеді сәнгс.
Жұлдызға қарап жердегі қос жұлдызыммен,
Жаныммен ұшып бір сәтке оралдым тәнге.

Айналып үнсіз бір-бірін аялар мәңгі,
Осы бір шексіз жұмбактың шешуі мәнді.
Алыста-ак тұрып көк пері бәрін аулайды,
Коярда коймай шым-шымдал көнілде барды.

Қазан, 1999 жыл

МЫНА БІР ТҮП АҒАШТЫҢ ҚЫЗАРУЫ-АЙ

Мына бір түп ағаштың қызаруы-ай,
Ақ жүзін көкке тосқан күз ару-ай.
Кекілін келте қиған қылықты жаз,
Сен неге біздің жақтан ұзадың-ай.

Тұтанды да жапырақ қүйіп түсті,
Қызылы мен қызығын жиып түсті.
Көкке қанат қакқан сол жапырақты,
Айдаһар жел айдады қуып түсті.

Күліп тұрып қоштасып, бозаарсың,
Арыларсың, ақ жауып тазаарсың.
Сиқыр патша, қадірің білмеген сон,
Жер бетін сен осылай жазаларсың.

Күмбір де, күмбір далада,
Күнкілдең тұрсаң бола ма?
Көсіліп шапқан тұлпардай,
Еркін бір өскен ер салмай.
Ұшумен өткен сұнкардай,
Канатын қакқан қисаймай,
Бір өлең жазсам деп едім.

Күмбір де, күмбір домбыра,
Аялап алып алдыма.
Саусағым қалса майысып,
Күмбіріне шыдамай.
Атылса сөзім құралай,
Кінәсіз, мінсіз әніммен.
Күбірлеп тұрып жаныммен,
Бір өлең жазсам деп едім.

Еңіреп өткен ерлердің,
Еліме қайтқан жерлердің,
Садағасы болатын.
Еске алып қоңырау қағатын –
Бір өлең жазсам деп едім.

20 наурыз, 2000 жыл

ДАРАБОЗ *(Батыр Баянды еске алу)*

Дала, дала, көшпендің ең соны,
Күн астында Күнікейім дер сені.
Қанатымен құстардың сәлем жолдал, кең сері,
Сүйіп едім мен сені.

Қас тұлпардың жер тарпыған дауысы,
Қас батырдың қабырғаны қайыстырган намысы.
Ақ пердені как жарып келс жатты дарабоз,
Ай астында қалады аунап дала боз.

Дарабоздың соңынан шұбырғандай қалың ел,
Кісінеген даусына косады екен зарын ел.
Дәл осы жол, жо-жок, жесір дауы емес-ті,
Жоктап еді туған жердің дауын ол.

Енді ешқандай бөгетке, тоқтамасы сезілер,
Қызыл шоққа кариды, оттай жанған көзін ер.
Мұны көрген дұшпан да, жыға қашар шатырын,
Әз жанышан тұңіліп, көлласынан безінер.

Дауыл күнгі теңіздей шалқып, тасып айнала,
Көтеріліп қалды дейсің, жасыл шөп те жайлана.
Жан баспаған түкпірінді шайқап кеткен сұмдық сөз,
Жас сұлудың ернінде күбірлейді жайғана.

Қалқып үшқан қаралы оққа, қарсы шапқан дарабоз,
Жан бауырың бір күйдірсе, мың күйдірді қарагөз.
Намыс буған, жан ышқынған, жойқын шабыс еді бұл
Көтере алмай талып жатты дала боз...

1 сәуір, 2000 жыл

БҮТІНДІК

Бала кезден бал ұяға құйылып,
Бір бүтіндік кеудемде
Тұrap еді жиылып.
Аспан – бүтін, асқар бүтін шыңдары,
Еленбейтін бір-ер ағаш сынғаны.
Естен кетпес нұр төгіліп өнінен,
Дүниенің тұтастықта тұрганы.

Тоғай төніп,
Су ағатын көгілдір –
Ертегідей өңір бұл.
Бір-бірімен үйлескен сол бүтіндік
Менің мөлдір көңіліммен тегі бір.

Быт-шыт болып шашыраған ойларым,
Қайта оралып, бір қазанда қайнадың.
Тамшыдай ғып шашып алған сезімім
Бастауында бас қосатын өзінің...

Бүтіндікке ұмтылдым,
Бүтін тұрып, әсемдікке үлгі болған алмадай.
Сыңар қанат қыран да қалар еді самғамай.
Бүтін тұрып, жарылғанның жалғыз әні – «арман-ай!»
Бүтін еді бар маңай.

Бүтін тұрган бір халықты,
Үшке бөліп еріккен.
Қып-қызыл боп әрен шықты,
Дау-дамайлы көріктен.
Қанмен біткен дертке қарап,
«бөрі жемес...» – деп тұрдым,
Сол баяғы бүтіндікке сеніп мен.

...Алып ұшқан жүректің мейірі бір қанатын,
Сыртқы әлемнен төгілген нұрга шомып толатын.
Бәріміздің ең соңғы мандай тірер иеміз –
Құдайдың да сөзі бүтін, өзі жалғыз болатын...

15 шілде, 2000 жыл.

АЙ

Тұркілердің ханшасы Айша үлбіреп тұратын,
Қарап тұрып жұлдызға әлдилеген мұратын.
Ай мойнында асылып, дірілдейтін кішкене ай,
Боз аспанда падиша – сары табақ піскен Ай.

Тұркілердің жұртында ай қалатын белгі бол,
Құлға салар ай-танба айтылмайды енді көп.
Ай орнатып басына әкесінің күрсінген,
Айға бата оқыды Ол. Ай маңдайлы ұлды бол.

ОЙЛАР, ОЙЛАР

Аспан шексіз көсіледі, адам ойы секілді,
Қатпар мида қалың ойлар ұя салар не түрлі.
Бір ойлар бар сені әлемдік биіктікке шығарар,
Бір ойлар бар жұрт түгілі, өзіңе айтпай ұялар.

Көп ойлар бар өліп кеткен мәңгі жұмбақ күйінде,
Өзге ұқпас, ұқтыра алмас ғайыптығы білінген.
Халық дана, тот баспайтын бір-бір ойдан құралған
Ұлылығы ақыл кешкен терендікпен сыналған.

Соның бәрі шағын басқа қалай сиып тұра алар?
Оны мына төңкерілген аспан ғана ұға алар...

18 наурыз, 2000 жыл.

КЕМІСТИК

Қисайғанның жанын тұзу жарттың,
Кемдігін бетіне басып, жерге қараттың.
Миллион рет ақсал басып аяғын,
Тәжім етті ол, жер сүйрестіп таяғын...
Соны қашан аядың?!

Ал сымбатты сау аяқтар саз кешті,
Басы айналып, салтанаттан баз кешті.
Шаттық керген шалқақ еді кеудесі,

Мінсіз мұсін сақтап тұрды сезбесті.
Елік қыздар тек... сонымен кездесті.

Кекірегі – от, көре алмаған көзімен,
Естімеген – тілдесер жүрек сөзімен.
Жаза кесіп, сынап бақтың, тәнірім,
Кемтарларды тастап тағдыр тезіне,
Жөн көрінді өзіне!..

НҰРЛЫ ДҮНИЕ

Нұрлы дүние, сабылып сені неге іздедік.
Таба алмасақ біз сені неге іздедік.
Кел енді боз боран боп егілейік,
Берейік енді біздер қобызға ерік.

Қап-қара тұн үйкымды ұрлап еді
Бір ғажайып толқын бол тутан еді.
Сені мен мен аңсаған нұрлы дүние,
Тереземнің түбінде шулап еді,
Шулап еді соナン соң тынған еді...

Бала едім мен қатпаған әлі сүйегі,
Сынған ағаш жанымды жаншып еді.
Сұйылып бара жатты қалың тоғай,
Айта-айта дауысым әлсіреді.

Әлі есімде жапыракқа жан салғаным,
Ей, токтаңдар, обал деп жар салғаным.
Бұктырманың күй төккен сарынымен,
Жоқтау айтып жағада ән салғаным.

Долы суға бас иіп тал құлаған,
Бірін-бірі жұбатып зар жылаған.
Орманды отын еткен жамағатқа,
Токтау айтып шықпады жалғыз адам.

Қасапшыдай жайратып жарып жатқан,
Қайғысын қарағайдың қалындаған.

Балта тиген жараға көнген күні,
Бөлініп бара жаттым табиғаттан...

Көз жасындаі сімірген қайың суын,
Құрбылардың көп көрдім уайымсызын.
Не жазығы бар еді «жасыл елдің»,
«Жасыл достың» көріп пе ең жағымсызын?

Кескен шырша сүйегі сырқыраған,
Ем бола алмас ешкімнің сиқыры оған.
Кида-кида шатқалдың арасынан,
Дауысымды іздеймін шырқыраған.

Жаз. Алтай. 2000 жыл

ЖАҢЫРЛЫ ЖАЗ

Ай асылып, Алтай таудың басына,
Бар асылын жинап алған қасына.
Бұғы, марал кербезденіп маң басты,
Сұлұындай дүниенің ең соңғы әрі алғашқы.

Қайыңы иіп, қарағаймен орта толады,
Қаракаттың етегіне қызыл шырын тамады.
Пайда ойлап, бүйіріңсін мың көз қадалса,
Бір адамның аймалайды жанары.

Дария-белдің суретін жаңбыр жуып ұсынды,
О бастағы бекзаттықты тағы да еске түсірді.
Мына сурет – жасанған жер бетінің жәннаты,
Пәктігіне тойдыратын кісінді.

Кияқ құрак оза шығып көк тастан,
Жаңбырлы жаз. Жер әлемді шөп басқан.
Сыртқы түгін, ішкі гүлін көрсетіп,
Әлсін-әлсін аударылып жатты аспан.

17 шілде 2000 жыл

АЛТАЙДАН КЕЙІН...

Алтайдан кейін тау қайда,
Айналған ертек-арманға
Алтайдан кейін... не болсын
Төбеге тау деп барғанда.

Не болсын тау деп ойласам,
Өзімді өзім алдасам.
Шыныраудан аккан шым бұлак,
Шынарлы жартас болмаса.

Айнала аспан тіреген,
Ай батып, аунап түнеген.
Айбарын төкен шындарың,
Есіне түссе білер ем.

Мөлдіреп тұнған каракат,
Сағынған жанға рақат.
Сағынтын таудың самалы,
Дауыл боп көшсе алапат.

Алтайдың дейсің маралы,
Жаудырап неге карады,
Тәкаппар, ерке ,сұлудың,
Калмайды басқа амалы.

Алтайға өрле ак мандай,
Жұмакка бара жатқандай.
Еркін бір соккан ескерткіш,
Мұзтауды көріп токтай қал.

Бұлт шалмай тұрса, ак шыным,
Сәлдесін орал баксының.
Бакытты болдың, жолаушым,
Ырымы солай жақсының.

Адасып аңшы өлген жер,
Үмітін карға көмген жер.
Ак кардай ұлпа дүниенің,
Пәктігіне сенген жер...

Алтайдың жұрттын арала,
Бал сөзін айтар бала да,
Жан сырын айтар аға да,
Шындыда тұған ұлдардың,
Шындығы биқ бола ма?

Тұпсізін тілдің ұғарсың,
Шалдармсн кенес құрарсың.
Таңдайдан тамса түгел сөз,
Тұп атасын сұрарсың.

Көшкідей кетті-ау тазалап,
Ауғаны жұрттың азап-ак.
Тағы бір тау ғой дей салғын,
Ауылда қалған азамат.

Алтайдай қайда іргелі сл,
Табиғатымен күн көрер.
Жолаушымды атқа мінгізіп,
Киялмен кеттім бірге мен...

ЕСІМДЕ БӘРІ ЕСІМДЕ

Есімде бәрі есімде,
Қара несер құйғаны.
Көк пен жердің арасын.
Ақ таяқпен ұрғаны,
Бітпейтін сол бір ак жауын.
Жердің миын шығарып,
Жаңбырмен өткен жаздарым.
Айықса бір күн қуанып,
Жұрт күбірлеп күрсінген.
«Жарықтық, аспан тесілді»,
Шалғыны шіріп, су сіңген
Кырсыз ай көкте көсліді,
Сарқырап аққан мың бұлак,
Бұқтырманы лайлаған.
Ақ таяқ тұрды ұрғылал,
Жазықсыз жазды жайнаған.

БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Таулардан, сайлардан құлдырап жүгіретін,
Балалық шақтарың осы ғой сүйінетін.
Биікке көтеріп әкетсе – патша көніл,
Бұл деген кәдімгі туған жер құдіреті.

Табаның тигендей жібекке, қос құлыным,
Бұлактың сылдырын армансыз есті бүтін.
Тәкаппар қырандай қанатын көкке жайған,
Кәрі Алтай қайталар бабаның ескі жырын.

Шалғынға оранып, жібекке боянарсың,
Таң ата, таза ауа құш беріп оянарсың.
Туған жер не берсе, шуағын төгіп тұрып,
Санаңа сіңіріп, сезіммен соны аларсың.

МҰҢ

Мұң естілер кеуденен,
Мұң көрінер бейненен.
Бұл дүниенің шаттығы,
Сарғайып барып сөнгендей.
Мұң естілер сезінен,
Мұң көрінер көзінен.

Бояуын қалың жаққандай,
Мұнды малып сезімге.
Аспанның қара бұлттары,
Жанынды сенің ұқпады.
Жауып бір кетті сіркіреп,
Өте де шыкты дүркіреп.

Мұнлыдан жалғыз сен қалдың,
Күшағында арманның.
Мұндасың бола алмаған,
Аспанға қарай алмадың.

Мадонна мұнлы баяғы...
Жымып саған қарады.

Мәңгілік мұнлы Муза бол,
Шабактап өтті сананы.

Махаббаттардың мұнлы әні –
Жұбаныш жалғыз қырдағы.
Мұның да тәтті көрінсе –
Жаратқанның жұмбағы.

ТУҒАН ЖЕРДІ САҒЫНУ

Қош, қош саған бұйра бұлт таудан асқан,
Таудан асқан тағдырын ойламастан.
Туған жерді іздеймін төмен қарап,
Қош, қош енді құшағын жайған аспан.

Соны іздеймін сырына үнілемін,
Бояулары алмасқан дүниенің.
Соны ғана сұраймын, өткен- кеткен,
Баурап алды сағыныш мұны мені.

...Ақ лақ па, ала доп па қуа-куа,
Көкірегіне күн нұрын құяды ұлан.
Қос қолын қоса ссрмен бір жас сәби,
Қанат байлап жүр ме екен қиялышан.

Қолын созған наиза тас шынарына,
«Шағылдың» шаш түснейді-ау шырайына.
Көлеңкесі ұзарып, көп қимылдан,
Қарағайлар бір кенес қылады ма?

Тыншу бермей құз-жартас қыранына,
Көшкі түсіп құркіреп құлады ма?
«Алтықызың» адасып тұманына,
Тау ұлдары тартты ма тұрағына?

Бұйра бұлттар бұйығып көшті ілгері,
Жадырата алмады ешкім мені.
Тамызығын тұтатқан кешкі ошактың,
Кәрі әженің күбірі естілмеді.

КҮЗ

Күзгі уақ па... көктем де көркем етін,
Күзгі уакта көк нөсер шер төгетін.
Қызыын ап келді ғой құзырына,
Жапырактар жазуы өртенетін.

Күзгі уакта бір сыр бар шертем еркін,
Күзгі бактың ғұмыры келтелеу тым.
Жер-Ананың ақырғы қызыындай,
Қызығындай ең соңғы еркелер Күн.

Ерте, ерте басынан ертегі өтіп,
Дала безер ұлдар-ай жер тебетін.
Жасыл күндер жылдықтан жер бетінен
Күзгі уақ та барады ерте кетіп...

ЖАСЫЛ БОЯУ

Есімде... бала кезімде,
Жайлаудан ойға қайтқаным.
Қамшы сап бұрау-төзімге,
Ылдиға жүріп, болдырып,
Еңкейіп кеткен аттарым...

Көз ұшында кенет бір ,
Жап-жасыл алап көрінді.
Ертегідей ерек бір,
Жасыл бояу тәгілді.

Жасыл бел жақты жасыл бір,
Жуырда сөнбес оттарын.
Жазыққа шығып жосылды,
Қарагер, Құла аттарым.

Ку шөлті тізіп, жайсан да,
Балаға бәрі асыл дер.
Көрмедім қайтып дәл сондай,
Бояуы қанық жасыл жер...

ТЕҢІЗ

Шағаланың қанатына,
Жаздым сөзді ең ізгі,
Тау перзенті бола тұра,
Сүйдім алғаш тенізді.

Көрмесsem де сездім бәрін,
Ерке... дедім толқынды.
Сұлулыққа көз жұмбадым.
Алдымда аппак жол тұрды.

Сүйдім солай белгісізді,
Қорқынышты десе де...
Дауыс беріп шерлі, шұлы
Соқты дауыл еселеп.

Құштар етті, әмірі женді.
Ұлы ағыс билеп күйімді-ей!
Терендікті Тәнірі көрдім,
Таудың биіктігіндей!

ТАУ

Жанарымды сұлулыққа суарып,
Қарадым мен тауларыма қуанып.
Мәре-сәрс, кеудесінде – байлығы
Құшақтайды бір алыпты бір алып.

Таулар кейде айна болар мен үшін
Арамызда бар бір ұлы келісім...
Қатпар-қатпар тарихындей бабамның
Парактайды бұдыры мен тегісін.

Тауларыма көп қарадым тұнжырап,
Тырс демеді, шығармады үн бірак.
Қағбасынан қай құдірет төгіліп,
Баурайды екен екі беті албырап?!

Асты – қазына, үсті – қазына дегенге,
Келіп айтқан сөзі деме кемелге.

Қарап тұрып қалқан құлак таулардың
Қатысы бар қарапайым өлеңге.

Таудан басқа несі қалды ауылдың,
Тауға тартқан сокпағы бар әр үйдің.
Тауға қарап ой-сезімді тұндырып,
Пәктігіне ораламын сәбидің.

ТУҒАН ЖЕР

Тұған жердің аспаны,
Тұған жердің асқары,
Тұған жердің тастары –
Осы менің достарым, –
Сағынбаймын басқаны.

Менің бала кезімнің
Беймәлім бір дастаның
Тұған жерім жасырган.
Менің қара кезімнің
Бейкүнә бір жастары
Тұған жерге шашылған.

Мұзарт шыңын мұң басқан
Қыран таулар қайда бар?!

Мен бой жеттім о бастан
Көкте қалып қойды олар.

Құзар шындар айналам,
Қыран күнін тойлаған.
Менің туған жерімде
Тіршілік бар қайнаған.

БҮКТЫРМА

Қашанда ақкөбік атып, буырқанып ағатын Бұқтырма!
Тау өзені тентек кслетінін Ақбұлқағы аспанға
шапшыған, тау-тасты жарып кесіп өтетін адудыңды ақ
лайсанға қарап бағамдайсыз. Алтайдың қалың орманы
Бұқтырманың ерте көктемдегі ерке-тотайлышына
шыдамай, ойран-тонаны шығады да жатады. Біресе
Аржакқа, біресе Бержакқа лықси құлаған долы
жойқын жолындағы ару кайың, ақ қабық теректерді
түп-тамырымен жүлки тартқанда, жағалаудың өзі
жемірліп, кейде гіпті түп-тамырымен қопарылып кете
барады. Жаз ортасынан ауа бере, Бұқтырма дірілдеп
каныңып ағатын момақан өзенге айналады. Ақ езу
лайсан мөлдіреген көгілдір судың, терең тынысты
ойшыл дарияның кейпіне түседі. Түбіне тартар тылсым
табиғаттың сиқырлы сұлулығы, немесе батар құнгебет
алған біртұтас даналық ойлардың алып ағысы дерсің!
Сонау сәби кезімде Бота көрмеген мен тоғай арасынан
көкжасылданып ағып жататын суды көріп, «Ботакөз»
деген осы екен деп ойлайтынмын.

Қалай десекте, Бұқтырма – күллі дүние жаратылыстың
қайталанбас ғажайыбы. Ол да – ел анасы, жер ырысы.

Бала кезімізде, су тартылған сэттерде Бұқтырманың
бір тарамын кешіп өтіп, тоғайға жетіп баратынбыз.
Ағаш арасындағы жапырақ көңге сыңсып жидек
өсетін. Сағағынан ұстамай жатып үзіліп түсетін бұл
жемістің дәмі қышқыл әрі тәтті келеді. Дәмі ұзакқа
дейін тандайыныздан кетпейді. Ондай нәзік те үлбірек
жемісті содан қайтіп ешқашан көрмеппін. Ерте пісіп,
ерте ағып кетеді...

Қарды тесіп шығатын бәйшешекті де тұңғыш рет сол
тоғайдан көргенбіз... Белка дейтін сүйкімді бір итіміз
бар –тын. Жарықтық өзінің жақсы ит ретіндегі салтынан
жазбай, Бұқтырманы кешіп өтіп, сол тоғайға жетіп
өлгенде, жарықтықтың өзінің жаман күнін көрсеткісі
келмегенін ол кездегі көгөрім біз қайdan білдік?! Оны
күні бойы сарылып іздегеніміз есімдс. Көрші үйдің
балаларымен бірге Белканы тауып ап, шұңқырда жатқан
денесінс өзімізше «топырак салып» комгеніміз, үстінен

бәйшешек гүлдерді үйіп тастағанымыз – тек балалық шактың ғана қолынан келетін адалдық болатын.

Ал қазір жидек шығып, бәйшешек гүлдейтін тоқымдай да жер қалмаған сол тогайда... Тау өзенінің арнасын аяусыздықпен Бержакқа бұра салған Аржақтың адамдары күндердің күнінде өздері ел ауып көшіп кстетінін білмеген еді...

Жасыл көзді жазықсызым, Бұқтырма,
Жазғырып-ак жатыр сені ұқтың ба,
Абайламай жаза басқан пендениң
Айдаһары өзің болып шықтың ба?!

Жасыл көзді жасықсызым жайылған,
Жағалауың алқа тізген қайынан.
Кең арнаңда мейірім боп ағасың
Аумай және бір дария уайымнан.

Акбұлқағың – тентек, асав мінезің,
Күн сүйгендей сылдыр-сылдыр күл өзің
Тау мен тасты бұзар судың ішінде
Маңызданып ағатыны – бір өзің.

Өмір солай, жылай жүріп жылжисың,
Қарсы қарап аға алмайсың – ылдисың.
Жайын болып елестеген біреуге,
Жайдарым-ай, көкірегінде күн күлсін.

Аспан Ата көшіп алды жайланып,
Батыр таулар басын иді ойланып.
Алтын Балық іздемейтін көнбіс жұрт
Жарқабақта отыр әрен жан бағып.

ӨМІР ДЕГЕН – ЕРТЕГІ

Өмір деген – ертегі,
Мың бір түнде таусылмайтын ертеңі.
Бір адамға өмір – елес жоғалар,
Бір адамға мәнгілік боп саналар.

Сол өмірдің айналары – естелік,
Сосын – жана топырак.
Керегі не... тозып түссе қақырап,
Бір адамың бар адамның есінде
Өмір сурер түк көрінбей жатып-ак.

Сол өмірдің айналары – естелік,
Кеткен із бар, енді қайтып келген жок.
Естеліктер жазылады мәрмәр боп,
Жарық нұр мен қызыл қаннан жаралып,
Жерге айналып кеткені нессі жоғалып?!

Шөп боп шықпай, күс боп ұшса гарышка,
Шығарып сап тұрғандай – ақ алысқа.
Бір өкініш кем болар ма ед, жарығым,
Дәл осылай шер төгер ме ек зарығып?!

Сол өмірдің айналары – естелік,
Сызыра айқай, тұлпарлардың қикуы,
Соғыс ашып, жас өркенді құртуы,
Опасыздық, сатқындықтың сан түрі,

Күйдіреді дәуірлердің салқыны,
Балға айналар өткендердің сарқыны.
Өмір сансыз категіктен тұратын,
Толқын боп өліп, қайта тұатын.

Ерлігі екен ғой адамның,
Ағып түсем деп аласарттайтын мұратын.
Бір нәрсенің шексіздігі сезілер...
Өлмеймін! – деп тұрып алды безілдеп.
Картаймайтын жан жалындап тұрғанда,
Қайран өмір!
Қалай ғана көз ілмек?!

ТӘТТІ ӨМІР

Тірлікті қиярда,
Адамда ес болар.
Бәрі де кеш болар...
Елес боп көрінген екіншің басталар...
Тірлікті қиярда,
Құлагер, көзіңен жас тамар,
Ұға алмай тілінді басқалар...
Қарсылық білдірер, кісінеп,
Күрен мен қасқалар.

Жұмак пен тозақтың,
Күні осы қол созып дос болар.
Нұктенің алышқа,
Жан ұшып жарыққа
Айналар күні осы...

...Тәтті өмір сүресің
Киярда...
Табиғат тамылжып тұрар ма?
Ғашықтар серуен құрар ма?
Коштасып соңғы рет жыларда,
Ең жұмбақ сөзінді,
Ең нәзік сөзінді
Айтып кет, ұялма.
Жап-жарық жалғанды,
Торғайдай жаныңмен шырылдал сүйесің,
Тәтті өмір сүресің.
Мәңгілік белгісіз сапарға
Эйтеуір бір күні жүресің.
Осылай боларын білесің,
Тәтті өмір... сүресің.

«ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАҒЫ БҰЙЫРСЫН» (Халық міндеуі)

Ай күә еді,
Сол күні көкте ол дағы қалтырап еді...
Ақ селсуз сыңсып,
Кара жел қаңғырып еді.
Өзінен туған ұлды жоктап,
Алтай тау жаңғырып еді.
Ақ селеу саусағын көкке жайып,
«Кара жер» дүға оқып күбірлеп еді.
Қаралы хабарды жон арқасымен сезіп,
Дірілдеп еді.

«Жаралған топырағыма қайта сіңсем» –
Ұлы арман еді.
Өзінен туған ұлды құша алмай,
Кара мекен жыларман еді.

Кешегі – от, бүгінгі топырак дене
Бәрінен бейхабар еді.
Жылап келіп, ел-жұртын жылатып кеткен
Жайсаның жаны апырм-ай,
Қайткенде жай табар еді?!

ҚАЙРАН УАҚЫТ

Талай көрдім,
Уақыттың бос өлгенін.
Қанша күнді қадірсіз
Өз қолымнан жерледім.

Патша ақылым құл болғанда тірлікке,
Ханша сезім күң болғанда тірлікке,
Ие болу қайда маған шексіз билікке.

Ақ қанатым қара жерді сабалап,
Ұша алмасам құлмей-ак қой табалап.
Атар таң мен батар күннің арасы –
Белгісі жоқ өткен күнге обал-ак.

Айдаһардың аузын берді,
Алмадым.
Қара киім киіп ал деп,
Зарлады.
Тілін алмадым.
Төбе көрдім,
Тауға шығып,
Ай бардым,
Сызып қойған бір сзықтан таймадым.
Жанды ұсактап,
Алақанды жаймадым.
Рас, мені сынап бақты тағдырым,
Тас төбемнен құя салды,
Мұздай суын қайғының.
Қара албасты жол көрсетті
Қайырсыз.
Бұл ғаламда бақытты деп –
Уайымсыз.

ЖАН ӘКЕ

Ер-түрманын сайлаған
Көкірегі қайнаған.
Жан әке қайдан табылар,
Соны ойлап балаң қамығар.

Алтай таумен тілдесіп,
Етігімен су кешіп,
Ауыздықпен алысып,
Бел шешіп тыным ала алмай,
Тағдыр атты тарланмен
Жан әке өтті-ау жарысып.

Отбасының тірегі,
Бала деп соққан жүрегі
Тұысқа қамқор, дос көніл
Жылулық төккен реңі,
Атаның артық ұлы еді.

Жаксылардың бірі еді,
Жүректі жарып шыққан соң,
Сөзінің бәрі шын еді,
Шыншылдық оның шірі еді.

Тұлға бол тұрар санада,
Есімін айтсан балаға.
Ұйытқан жас пен кәріні
Кім жетер енді ағаға?!

Халыққа бас бол жөн айтқан,
Керсін жұрттың молайтқан.
Құдайым беріп қабілет
Көш бастауға жаратқан.

Құмар бол білім білмекке,
Ермеген жалған дүрмекке.
Қын да болса, өз жолы
Бел байлаған жүрмекке.

Қанатын көріп ұша алмай,
Кен дүниені құша алмай,
Аздық еткен аспаны,
Арманы көп жан әке
Аяқталмаған дастаны.

Жан-жағы жасыл жас шыбық
Көгеріп өсер көбейсір,
Қайғының қағын жас жуып,
Жүректе жара көнерер.

Бәйтерек орнын тал басар,
Ат тұяғын тай басар,
Ұрпағы қалған әкенің
Өзегін жармас өкініш
Түбінде орнын сол басар.

КЕЙУАНА

Қауырсын қанат кең пейілім-ай,
Жарасар саған еркелігім-ай.
Жетпіске келіп жеті ирек асып,
Кейуанам, қайран еңкеюің-ай.

Жұз сияқты еді хактың берері
Отызын тоспай кеткің келеді.
«Қолдаса Тәнір», – қазакы сабыр
«Көлге сеп», – дейсің көптің көмегі.

Кәрілік ептеп сызығын сызған,
Әуелгі берген көрікті бұзған.
Әйтпесе-ей, апа-ау, артық көрінер
Мейірім тәккен көнілің қыздан.
Сөйлеп бір кетсең самбырлап төгіп,
Асылын сөздің мысқалдаң теріп.
Жетелеп қызды, жеткіздің ұлды
Қалмайды-ау, апа, шырағың сөніп.

Сүттің орнына нұр берген, ана,
Айыбың сенің қарттығың ғана.
Жердің бетінде сені қалдырып,
Өзіне тенденс батты Күн жаңа...

ӘМІРДІ СҮЙ

Киялыңнан қысқа болса сол өмір,
Кейінгіге нұсқа болса сол өмір.
Күткеніңнен ерте бітсе сол өмір, –
Жаның беріп, оны жақсы көре біл.

Бақыт біткен өткен шаққа айналып,
Қалып кетсе қырық жерден байланып,
Таба алмасаң, Жұлдыз барып, Ай барып,
Адамсың ғой тағы да көр ойланып.

Басқаша өмір басталса естен тандырып,
Жер жарылып, мұздан көпір салдырып.

Сезінгенде кен дүниенің тарлығын
Сол жағынан сүйер сені сорлы үміт.

Көкжиегің тұсін салса түнеріп,
Көк сұңгілер жаңға батса тіреліп.
Көрінбейтін таяқтарға сүйеніп,
Шыдап бақ та қайта бастап,
Сүй оны...

Әркімге бір құдай өмір бермек,
Бақыт пен кайғының шегін көр деп.
Шыңырауда шырқырап жатарсың сен
Бір күні қол созып төрін бермек.

Жақсы өліп, жанынды бір күйдірмек
Мұзды еріткен ерінмен бір сүйдірмек.
Жарқ етіп көкке өрлеген жалын өмір
Айнымалы екенін бір білдірмек.

Армандаі таң атып арайланбақ,
Бақ көшіп көршіге қарай қонбақ.
Бір өшіп, бір өртенген қайран өмір,
Тән тосырқап өзіне, жан ойланбақ.

КҮЙ

Қазакта құдіретті не бар күйден,
«Сарыарқа», «Әсемқоңыр», «Наридірген»
Күмбірле, коңыр дауыс, мұңлы дауыс,
Өзіңмен жаным бірге, арым бірге.

«Көрұғлыны» тыңдаسام көңіліммен,
«Ақсак киік» астасты өміріммен.
Сұлу «Ақку» канатын қақты бірге,
Аспанда да жол тауып серігімен.

Отырасың мың сөзден тіл байланып,
Айтарың таусылады күйге айналып.
Күй тәнірі – Корқыт пен Құрманғазы
Даланың жоғын жоктар бірге ойланып.

Кобыздың күніренсе қаралы үні,
Домбыра шертер сырғып даналығын.
Кендікте, биіктікте, терендікте
Өлеңнен озып кеткен қара күйім!

АҚАН ҚАЙҒЫ

Ақан еді ардағы серілердің,
Аққан жұлдыз секілді өмірі ердің.
Дара дергі жанына дауа таппай,
Ақан өлді елінде... перілердің.

Ақан... десе көзімнен жас парлайды,
Сыртығана шындықтың ас пен бәйге.
Құлын даусы шыққанда Құлагердің
Ақынның аппак жаны аспандайды.

Ақан – елдің мұнды әні, жарасы ғой,
Бір халықтың көз жасы, наласы ғой.
Сар даланың төгілген ақ қайыны, –
Тұбіне жете алмайтын адасып ой.

Ақын жаны тыныш алып жата алмайды,
Зар мен шерін фәнидің қатарлайды.
Ғасыр өтіп кетсе де қарап тұрып,
Жанымды күйдіреді Ақан Қайғы...

ДЕМЕ СЕН

Ойларыңды шабытыңа бөлесен,
Өлең неге жазылмайды деме сен.
Өлең ермек емес еді әуелден,
Бұрқырайтын үйқастырсан, теңесен.

Жазбады деп кінәлама сен мені
Ұлылыққа үндемеуді жөн көрдім.
Топыракпен бір жаралған сезімнің
Пәктігіне сенбедім...

Таза болдым шын өнердің алдында
Соның үшін кінә қойма, зар қылма.

Биік шыңға көтерілген өлеңнің
Тұрып қалдым, дәл қасына бардым да.

Өлең деген Бұқтырманың дірілі,
Тітіркенің Жер – ананың гуілі.
Соның бәрін әнге қосып айтар ем,
Жете алар ма жүрегімнің жылуы?!

Өлең – ермек емес еді жалаңаш,
Әдісіце, айлаңа да қарамас.
Өлең – өмір әділестіз ұсқыны –
Көз алдында құлап түскен қара ағаш.

Жауыр создан іші – сырты қарайған,
Тақпак емес тақылдатқан сарайда
Өлең жазу козғау емес әрнені,
Ақын болып жүру емес қалайда.

Өлең деген қасиетті сөз еді,
Бір халықтың артта қалған көзі еді.
Шым теренінен саф алтынын терем деп,
Шайырыңын өртенеді озегі.

Абайды өлшеусіз қайғыға бөлеген,
Тағдырдың сокқысы ауыр ең не деген.
Ішірқырап киналған аяулы шіркін жан
Бөлініп шықпаған денеден.

Құшактап сүймей ме бауыр ет баласын,
Ғайып боп жоғалды... Әбіші, Мағашы,
Көнілден шығарса көркінен айрылған
Ең соңғы сөздер де айтылмай барасың.

Қырық күн жанары сішкімді көрмеген,
Қырық күн Абайды қандай ой тербеген?!
Қырық күн ұлы ақын сыртқа сыр бермеген
Катысы жоктай бір кәдімгі жерменен.

Бітті... деп топастың көнілі жайлапған,
Абайдың, – осы деп тілі енді байланған,

Омырау бояған қайғының жастары –
Мәңгілік Жырына айналған...

Сен бір – жалғыз ұшқан ебелек,
Жарға соққан қанатын.
Көлеңке дос, күпті жолдас не керек,
Бір бұрышта жасырынып қалатын.

Сен бір – жалғыз жортқан жолбарыс,
Қолымен басқан жарасын,
Тобыңмен шығып, шұғылалы жолға алыс,
Түбінде жалғыз қаласың.

Сен бір – шет жайлаған көк бөрі,
Тірлік үшін алысқан.
Сенің де катал бол кеткенің, –
Жаяу із, жалғыз шыққан дауыстан.
Сен бір – қыран, жалғыз нокат көктегі,
Биікке сіңген дарасың.
Киқулап өткен жастық көктемін
Сағынып еске аласың...

МАҒЖАНҒА

Жылама, ақын, көзің жастан мәлдіреп,
Сүйген елін, сендей сүйер елжіреп.
Тегін жоқтап тұған ердің сойы едің,
Елін жоқтар туды ұрпақ ержүрек.

Сені атқан жендеттерің жан салып,
Ең ақыргы үмітінді таусады.
Оттан, Күннен сен жараттың сұлу жыр,
Отты, Күнді сөндіре алмай шаршады.

Сен дүрмекке ермеп едің ұран сап,
Тарихына көз жібердің тұран, сак.
Көк бөрілі түркілердің нағысын
Ояниакшы болдың талай ту аңсал.

Биік ұстап қазактардың байрағын,
Маржан тілмен арзан тілді байладың.
Жыр-аспанға Абай Құн боп шыққанда,
Білмеуші едік Мағжан атты Ай барын.

Әулиедей сұлу өңің елестеп,
Шара жоқ-ты сен періште демеске...
Жалғыз шапқан каракүрим дүшпанға
Сенің өзің батыр Баян емес пс?!

ДАЛАҒА АРНАУ

Айқайлап ән салғанда Ақан, Біржан
Көкірегіне сыймаган улы арман.
Бір сөз туса, сол сәтте шын туылып,
Бір ән озса, сол әуен топты жарған.

Кең далаға жарасқан сал-серім-ай,
Бір ән салсаң, шырқатып салшы өзің-ай.
Аспандағы ақкуға үн қосқанда,
Ақтарылып жататын бар сезімі-ай.

Қоңыр самал еседі қыр елінен,
Жырлай алмай кендікті жүдедім мен.
Тауда туып, тауда өмір сүремін мен
Кең даланы сүйетін жүргегіммен.

АДАСҚАҚ ӨМІР...

Адасқақ өмір...
Тебіренген сен деп ұлы ақын.
Не деген өмір,
Адасудан ғана тұратын.
Адасты адам ап-айқын еді жолдары,
Алдынан шықты қайғының қара орманы.

Адаспау қын... дегендей хормен дауыстап,
Адасқан кезде ақылдың өзі ауысқақ.
Адаспау қын... дегендей біреу күніреніп,
«Адастым мен де...» – дегендей әрек тілі келіп.

Аттылы, жаяу адасқан боран із кеспес,
Адасып жүріп, Тоғжанға әркім кездеспес.
Жүректі қозғап бір дауыл соқса шайқаған,
Адасқак жолдар алдыннан шығар қайтадан

Адасты тағдыр... сонына тастап салқын із,
Адасып кетті тұманды кешіп Алты қыз.
Арам шөп басса тірліктің жалғыз соқпағын,
Басынды ұстап, дағдарып барып тоқтадың.

Аласса адам, адамзат емес деп ойла,
Күс жолы тектес бір сыйық бар ғой қалайда.
Адасқандардың ешкімі жүріп көрмеген
Өз жолын салар даралап әркім бейнелеп.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ШАЛЫ

Казактың қара шалы
Белгісіз қашан қаламен жарасары,
Ұзакты күн жүреді тас аулада
Таласары қалмаған, санасары.

Казактың қара шалы
Бесігіндей ып-ыстық Даға сары.
Койын сатып күлше алған Қожанасыр,
Кезінде мынды бакқан кора салып.

Тағдырдың айласынан асар бар ма,
Коса салды тұрмысы нашарларға.
Желмаямен жер танып, жарлық айтқан
Не жетті екен күніреніп Асандарға?!

Казактың қара шалы
Барады күннен-күнге аласарып.
Ауылын алты айналып жүре берсін,
Жүргегіне қайтеміз жара салып?!

Сен өлмеші, кеудемдегі бұлбұлым,
Сен жоқтағы құрып кетсін тірлігім.
Қуыс кеуде босап қалған коп-коңыр
Көп тобырда таныр дейсің кімді-кім?!

Сен өлмеші, сыңғыр үндім, сайраған,
Сен жоғалсаң, мен де бірге жер болам.
Сенің күйің тәгілгенде арнадан,
Аспан асты көрінеді тар маған.

Сенің үнің сұлу үн ғой керемет,
Жанға дауа табылады не керек.
Мен де сені үлбіретіп ұстайын,
Мәңгі жарық дүниеге
мені өзіңмен ала кет!..

Қаңбағы ұшып, күз қонған дала.
Күмбірлеп тұрды бір дауыс,
Күй шерткен мынау – қария дана
Секілді үнсіз Бейбарыс.

Ағыл да тегіл боздаса бота,
Жақ ашып бір сөз сөйлемес.
Шешендей сонда тәгілсе де ата
Көкірегін күйдей тербемес.

Шанаққа сыймай ағады дария
Көк аспан қара жерменен.
Айдала ғана... аңыраған қария
Жаныма тыншу бермеген.

ЖАСТЫҚ ШАҚ

Әжімі алма бетті шимайлаған
Дидарын кәрілікке қимайды адам
Жастық шақ – адамзаттың асыл көркі –
Өз-өзін өмір бойы ыңғайлаған.

Асығып бала кезде арман етер,
...Шіркін-ай, жастық шакқа не бар жетер?!
Жастықтың мың – сан алау шамын жағыш,
Ак кеме желкен жайып бір күн жетер.

Жастықтың әлдиімен еркелеген,
Сөзін үзіп айттар ол ең теренін.
Тап-таза, шыншыл, аппак, арманпыл жас
Жаркырап жүзіп жүрер сол кемемен.

Жастық шактың кадірін білер, ұгар,
Отты көз, ойлы жүрек билік құрадар.
Кереметтің бәрі алда деп жүргенде,
Бәрі де көз көрмеске кетіп тынар...

Картайып, толқын күнді еске алады,
Калмайды – ау, еске алғаннан басқа амалы.
Жалын шактың күйдірген орны қалып,
Айтқызар «Қайран жастық!» – ДАСТАН-ӘНІН.

Көніл торға камалар жас көрінген,
Жете алмай «Әудем жерге» жас төгілген.
Құдай-ай, жастық өтпес дәурен болса,
Көтеріп тұрадар еді-ау қос қолымен.

ҒҰМЫРДЫҢ ТЕПЕ – ТЕНДІГІ

Туады адам шалқалап,
Өсірер оны арқалап.
Отырар сосын абайлап,
Жан-жағына қарайлап.
Тұрып ап тәй-тәй басады,
Шуағын күндей шашады,
Сүйкімді сол бір сәбиді
Бауырға бәрі басады.
...Нығырак басып жөнелер,
Азамат болар ел ерер.
Кызыкка жұрты кенелер,
Ағайын-туған тенелер.
...Картайып барып бір күні,

Азайтып дархан құлқіні,
Көзінің нұры көшеді,
Көбейіп ыңқыл-сыңқылы.
Отырар сосын қайтадан
Маңайын шолып байқаған,
Ақылды, дана қария
Құдіретке басын шайқаған.
Бататын күнге көп қаар,
Күбірлеп сөзіш актарап:
«Біздің де баар жеріміз –
Сіздің де кеткен жақ болар...»

Толқынды толқын қуады,
Ақыргы сәт те туады.
Бойына қуат, әл берер
Тірліктің сонғы шуағы.
Ғұмырын қыска, көкем-ау,
Тамшыдай ғана екен-ау!
Шалқадан жатып сол адам
Аттанып бір күн кетер-ау!

Туу мен өлу арасы, –
Тепе-тең сурет қараши.
Ғажайып өмір иесі –
Жасай бер адам баласы!

ТАҒДЫРДАН ЖЕҢІЛЕСІҢ

Тағдырдан женілесің,
Женілесің,
Ей, адам, не білесің?!
Тірліктің арбасына
Акку бол жегілесің.
Шашылып, төгілесің
Арылып... сілесің
Бал қосқан удың дәмін
Ешқашан енді қайтіп
Татпастай көрінесің.
Тағдырдан женілесің,
Женілесің,

Ей, адам, не білесің?
Заман мен қоғамдардың,
Өзгерген сан ойлардың
Гүрзіден қатты даусы
Оятты сені несін?!
Тұрмысың жаңа тағы,
Үмітпен таң атады.
Шошытты сені бүтін
Каранды, тар көшеде
Жарлының алақаны.
Тағдырдан женілесің,
Ей, адам, не білесің?
Кей-кейде таусылмайтын,
Қайнардай сарқылмайтын
Күш-қуат сезінесің.
Кей-кейде жаның қалмай,
Каптаған қалың жаудай
Қырсықтан шегінесің.
Тағдырдан женілесің,
Ей, адам, не білесің?!

ӨМІР

Мына жарық жалғанда
Кетпесін деп арманда,
Біреуге ырыс, бақ берген,
Берекесін ап берген
Өмір, өмір, өмір-ай.

Оянсын деп ойсызға
Каптаған қайғы, мұң берген.
Айылын жимас арсызға
Оқ бол тиғен сұр мерген.
Өмір, өмір, өмір-ай.

Көше кезген бал ашып,
Касиет кетіп тектіңнен.
Әділет жолдан адасып,
Акты бір қара деп білген.
Өмір, өмір, өмір-ай.

Үйлесіп ағың көгіңмен
Жайнап бір тұrsa сары Күн.
Көктемнің гүлін төгілген
Аязыңмен қарыңың.
Өмір, өмір, өмір-ай.

Арманның атын талдырып,
Жүк арттың нарадай сенімге.
Жаһанда жалғыз қалдырып,
Жақсыны қиған өлімге.
Өмір, өмір, өмір-ай.

Үмітін жанның үздіріп,
Шоққа да бастың табанын.
Соңында калған ізгілік
Жаудырап маған қарадың...
Өмір, өмір, өмір-ай.

Жақсылық көшкен дариямен
Жамандық қатар ағады.
Данышпан өмір – қариямсн
Бір мыстан кеті-і-іп барады.
Өмір, өмір, өмір-ай!

МУЗАНЫҢ ҚАЗАҚША АТЫ

Апырым-ай, неткен жансыз дариядай,
Элемге ақыл айтқан қариядай.
Жырының Құс жолындай көсіледі,
Жүйрікке Құлагердей шабу оцай.

Дүние көзін жуып, тазарады,
Сізден кейін сәл мұнды казак әні.
Кисап жасап, кисынын келтіріп тұр,
Өзіңіз жылап кеткен базар әлі ...

Тіріде тошысынан оқ атылған,
Айналып халық тұрды канатыннан.
Әр сөзі жүрек үшін жаратылған,
Өлеңнің бақытына бола туған.

Сіздің кітап – ең басты кітап әлі,
Кәусарын Шалкөденің жұтады әлі.
Сіз тұрсыз Хантәңірдің қак төрінде,
Музаның қазақша аты – Мұқағали.

СЕН МЕҢІ АЛДАМА

Алдамшы мына жалғанда,
Сенетін адам – сен ғана.
Жұбатайын деп жай ғана,
Алдама мені, алдама.

Аспанда тұрар Ай ғана,
Аспандап тұрар ар ғана.
Арзандап кеткен сөздермен,
Алдама мені, алдама.

Ойын деп қулық ойлама,
Жаныңа Жантық байлама.
Әділдік көрсөң тайғанап,
Алдама мені, алдама.

Жағайын деп те зарлама,
Өзінді-өзің қорлама.
Жалғаннан соққан сарайың,
Не бетіммен барайын...

Сыртында тұрса бір шындық,
Ішінде тұрды бір сүмдық.
Көздерін маған қысады,
Жетілген жок деп кісі әлі...

Қызыл көз қоғам қайда бар,
Алақан кімдер жаймаған.
Бір көмек үшін жайнаған,
Ісінде пәтуа бар ма адам?!

Өсегі өрттей қайнаған,
Өсіріп айтса тоймаған,
Өзің де сенбес айлаға.
Басыңды шайқа жай ғана...
Алдама мені, алдама.

Біреуге сұлулық жылтырар бет дейді
Корғасын жалынар бір асым ет дейді
Көңілі көншімес мықтының
Өлгсн.. көздерді жеп дейді

Сақсынып керілген Кербұғы қайдастың,
Сен қазір пайдасың, пайдасың!
Бірін – қан, бірін – май еліртіп,
Жанынды қинады, жаңғыртып тау басын

Сұлулық жалт беріп, олімнен қашады,
Айладан құтылмай бір үрей басады
Жауыз оқ пәршелеп, тілгілеп
Тәкаппар, мәрттіктің буыныны босады

Осы екен сұлуды актарып салғаны,
Жыртқыштың қолына кан болып тамғаны
Ішегін сүйретіп құлаған маралды
Аспанға көтеріп әкетті қайғы әні...

Сұлулық қайда өзі елес пе жоғалған,
Садаға екен ғой “сүйкімді” қоғамнан?!
Құтқарап сен едің мынау жер- дүниені
Оралып кайтадан келгің келмеді...

Жасыл өңір жоғалтпады сол өңін,
Жарылқаушым түсіндірер себебін
Түсі жасыл болар сірә, жанның да
Жасыл түске мақтау айта беремін.

Жасыл жапырак, жасыл ағаш, жасыл жер
Жайнар солай жарқылдайтын жасында ер
Жастық шактың шымылдығын көп бояп
Көктемдегі тіршіліктің басын көр.

Жарқабакта отырып, жеті түсті санаған,
Пайғамбардың туын да жасыл түспен бояған
Естіп, сезіп мен тұрдым адамзаттың күбірін
Жасыл шалғын тәгілген, жан баспаған жағада...

Ақ сағынға көміліп қызыл гүлдер шым батты,
Аспан түсін көшіріп, көзді алдаң көл жатты.
Мәңгі Сары нұрымен жарылқағыш патша Күн,
Жарты әлемді жасылға кірпігімен аунатты.

ХИРУРГТІҢ СОНҒЫ ОПЕРАЦИЯСЫ (*К. Байғонақовтың рухына*)

Қылқобыздың серігі – қарағайлар мекені
Менің де мекенім.

Қайсар шырша бой түзеген тауға елтіп,
Қара дауыл жыға алмаған бекемім.
Сөзсіз еді еңкейгенше ерлігім
Саған қарап өтерім...
Серт бергенім – анамның ақ сүтімен
Парызымды жазған құлдай өтеуім.
Қайдан білдім кәрі Алтайдан ескен жел
Сөзге айналып,
Сүйегімнен өтерін...

Қанша адамды қайта әкелдім өмірге,
Қаншама алғыс ақ кептер бол
Ұшып жүрді көгімде.
Сиқыршының таяғындай қолдарым
Тап басатын тамырдың да жолдарын.
Қайдан білдім...
Қалғып кетіп бір күні
Қыран қабак қасиеттің сорларын.
Бітті бәрі...
Маған деген ұлы сенім жоғалды,
Гипократ – ардың түбін сор алды.
Ұлықбектің өрт сөндірген боз өңі
Жүрегіме ажал оғын кезеді.

Естімегім – жоқтау ма еді зарлаған,
Көрінбейді аспан құзғын-қарғадан.
Бекежанның жебесіне айналған
Қанжарымды қаймана жұрт қарғаган.
Сол күні де...
киіп едім абзал жанның халатын,

Иығыма кондыргандай періштенің қанатын.
Капы кеткен өкініштің көз жасы,
Жөні ме еді... жерге тырс-тырс таматын?!
...Кешір, халқым,
Мен де сені кешірдім,
Жазықсыздың жазасынан шошындым.
«Сот келеді! Тұрындар!» – деп соғатын,
Қонырау үнін мәнгілікке өшірдім.
Кешір, халқым, мен де сені кешірдім.

ҚОС МҮЙІЗДІ ЖҮРЕК

Шыдай-шыдай төзім тілге таянды-ай,
Осы құнгे калай келгем оянбай.
Тас ғасырдан соғып келген елжіреп,
Жүрек бізді тастап кетті ой алла-ай.

Жігіт көnlі қыздан ауып басқаға...
Әсірекызыл бір сұмдықты бастады, ә?!

Қарбыздай ғып езіп алған жүрегін
Қыздың қызға ғашық әні – масқара.

Әкім біткен сөмке жасап қарыннан,
Тіліп-тіліп теңге істеді жанымнан.
Аумай қалды билік ескі сарыннан,
Ақиқаттың барап жері тарылған.

Дүниеге күл болғаны мықтының –
Дүниемен бір болғаны мықтының.
Жаңа қазақ күтіп тұрды тік тұрып,
Алау смес ақша уыстап шықты құн.

Полиция мұртпен бағып барлығын,
Ұрылардан алып тұрды айлығын.
Ең соңғы рет алақанын жайды мұн, –
Ұят өлді құшағында кайғының.

Қалай ғана тез сриміз, қар аға?!

Қалай ғана тез ереміз жалаға.
Құпияда жүгінеміз санаға
Қапияда «жүгіреміз молаға...»

Сөз бен істің арасы бар айшылық,
Бірін-бірі күнде мейді қайшылық
«Иәнің» басын сипап тұрды «жоқ» келіп,
Бүкірейіп қатып алды таршылық.

Ғайып болды ана тілдің өрнегі,
Ғарышқа ұшып, такқа отырып көрмеді.
Тілі – қазақ, құлагы – орыс халықтың
Көкжиек боп жеткізбеді сенгені...

Ескендірді еске салып бір түрлі,
Қайта оралып тән патшасы сілкінді.
Сол жүрекке пайда болды қос мүйіз
Енді бір сэт тыярмысың құлқінді ?!

Дұшпаны көп жалғыз жүрек бұлқынды,
Көздің жасы, үйіресің бұлтынды.
Шыдай-шыдай қос мүйізге айналған
Сеземің қеудендеғі титімді ?!

АЙНА

Сұлу тәнгө қоныстанған жанды
Кұбыжық қып тәнір есін алды.
Сұрланды да, сазарды да ақ жұз
Сәнді еріннен бал емес у тамды.

Сүйсіндіріп, сандуғашым, сайра
Жанмен біткен жарасымың қайда?
Сұлу жанды көре алатын ел-жүргіз
Жерде әлі жасалған жок айна!

Ай-сұлуға талып түскен дала,
Көріктіге қараши таңдана.
Күн-сұлудай шексіз жылтуы жок
Күр сұлуды сүйе алмайды сана.

Мұз боп катты мінсіз қара көздер
Ит боп қапты бізді сұық сөздер.
Жыртқыш жанды нәзік торға қамап,
Кар ханшасы дүниені кезген...

ТӨРТ МЕЗГІЛДІҚ ӘУЕНІ

Кешегі тұнсрген аспан
Бүгін жерге құлады, –
Ақ қар, көк мұз.
Жазылдып жеті қат аспан,
Көк күмбез көгеріп тынды, –
Ағады Теніз.

Сөйтіп көк жермен ойнады,
Қайтсе де көнерін біліп,—
Жайнаған тірлік.

Төрт мезгіл қызыққа тоймады,
Төрт ханның келерін біліп, –
Не деген билік!

Жабағы жерге аунайды,
Жасарып, түсін өзгертіп, –
Соғады – Самал.

Жаңбырдың бағыты аумайды,
Шалғынға кез – келтіл, –
Суреті – Жамал.

Ақша бұлт жерге қонады,
Көбелек гүлгө айналып, –
Дала – Қоңырау.
Етегі жеміске толады,
Көркіне тіл байланып.
Дана өмір-ау!

Коңырлап, казбауыр бұлттар,
Салқын жерді төсіне бастың
Жапырақ – сары.

Аспанды көріп, үйелеп жатқан
Қанбақтар, несіне каштың? –
Кетпесін қақырап бәрі.

БОЗТОРГАЙ ӨМІР

Әкем менің ақылдан нұр таратты,
Шешем мені сезімге орап жаратты.
Екеуінің аманатын орындаپ,
Жан түбінен шымыр-шымыр шер акты.

Сарайымда жарық жұлдыз жанып тұр,
Үндемейді, кімнің аузын бағып тұр.
Жағалауда желкілдесе жас қайың,
Бұктырмадай ағып кетпей неғып тұр?!

Тау да мені алаканмен қорғады,
Пана болды желден қалың орманы.
Қолын жайып шырша тұрды селтиіп,
Тағдырына адамның таң қалғаны.

Жарқабақтан талай ұштым қиялмен,
Ерік өзімде болса егер туар ма ем.
Бозторгай боп аузын ашты бір өмір,
Тұпсізіне терең судың құлар ма ем.

Не сұрайсың жадау-жадау белдерден,
Жылау көрдім дүниеге келгеннен.
Қара бұлттың көзін ашты найзағай,
Адамдықтың рухы мықты өлмеген.

ҚАРА ҚАР

Қобалжыдым қап-қара қарға қарап,
Көктем келе жатыр-ау жар жағалап.
Еске түсіп алыстау ақ шындарым,
Күрсіндім іргедегі тауға қарап.

Қап-қара қар картайып өледі акыр,
Ақ қарайып түскендей заманақыр.
Оралар деп мұз қанат ақ шағала
Көкке қарап бусанды дала батыр.

Қара терге малшынған қара қарға
Токта десен, токтамас шара бар ма.

Ақ пен қара айқасып, аласұрып,
Егіздейін үйлесім таба алар ма?!

Ақ қардың кірпігіне тоқтамаған
Ақ моншақтар – еріген ақкалалар.
Кір қолымен құшакташ дірдектеген
Қара жер бар аруын жокташ алар.

Адам неге адам үшін аяулы?
Қашан, қалай үйренді олар бірін-бірі аяуды?!
Алданым деп пенделерден
Қанша қашсан да,
Жалғыз қалған жетім көніл
Қаяулы...

Сүйер сені жүрек билеп сананы,
Сағыныштың мөлдір жасы тамады..
Қарап тұрып ізгілікке ішің толады,
Жан сарайда жарық сәулө жаңады.

Адам – ұлы, адам – кеменгер,
Тасқа айналыш кетті оны демендер.
Мейіріммен адам қараң күлгендс,
Бар табиғат таласа алмай шерменде...

Адамдардың аярлығын көргенде,
Болам мен де шерменде.
Алдамшы жалған дүниенің,
Аяулы, арман дүниенің,
Ішкі сырыйн білетін,
Сөйтеп тұра
Әп-әтірік күлестін
Пенде болам мен кейде...
Жайлыш тисе, жып-жылымшы жалған сөз,
Қамшы болар шын айтылған кайран сөз.
Хафизге бас истиң,
Көккө байлап ұлылар қасиетін.
Қайда барса Қорқыттың көрін көрген

Халықтың қасіреті
У себеді жаңыңа...
Әділеттің түсі солғын бұл күнде,
Жан жылуы жоғалғанда біртіндеп.
Бұлт торламай, мұң торлаған аспанды
Көріп көңіл жасқанды.
Сенбен енді бір шындықтың барына...

ЖАЛҒАН-АЙ

«Жалған-ай!», – деп күбірледі жан ана,
Ғұмырының сонғы сәті соғарда.
Құллі өмірдің қуаныш пен қайғысын
Жалғыз сезге сыйғызуға бола ма?!

Жалған дүние жанды алып қала алмас,
Жалын атқан жан айқайға қарамас.
«Жалған-ай!» – деп кәрі қыран шаңқ етті,
Кеудесіне қадаларда қара тас.

Қасиет бар бұл қазақтың сезінде,
Түйіп айтқан пәлсапасы өзінде.
«Жалған-ай», – деп шыр айналды артқы жас
Қапы кеткен Құлагердің көзінде.

«Жалған-айда» арман-айдың сазы бар,
Аһ ұргандай Төлегендер, Қозылар.
Жалғанайдың жалғанатын соңынан
Адамзаттың аяқталмас сезі бар.

ЖҮРЕК КҮЛГЕНДЕ

Күлкі – сенің жан нұрың,
Айнасындаи арлының.
Жарқыраттың маңайды,
Қайда қалып қойды мұң?

Меруерт тіс мөлдіреп,
Күлесің сен елжіреп.
Күліп тұрған сен емес,
Күліп тұрған – кен жүрек.

МАХАББАТТЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЭНІ

Махаббаттың жалғыз эні болады,
Оны айтқанда көнілің мұңға толады.
Махаббаттың жалғыз эні болады,
Аккуын кеп айдынына қонады.

Махаббатта жоқ басқаны бағалау,
Жалғыз оқпен қос жүректі жарадау.
Асая өзен арнасынан төгіліп,
Жасқа толып жатады екі жағалау...

Махаббаттың мойындамас ешнені,
Танымайды ол сезімдерді көшпелі.
Адамдардың аяулысы жайында
Тым дәрекі, катқыл айтсам кеш мені.

СЕЗІМДЕ СЕРІК БАР МА?

Дүние сүйеніп талға,
Күн иген жерге төсін.
Сезімде серік бар ма,
Сен ғана тербетесің.

Жанары жаудыраған
Жеттің бе, жетімегім.
Қаракөз-ай нұры – анам,
Күй толы көкірегім.

Жеттің бе орманы бол,
Ойлардың он бораған.
Дариға-ай, арманы көп
Жапырақ сорғалаған.

Жеттің бе қайнары бол,
Кайғының қан жылаған.
Қасірет қанжары бол,
Қара тұн қалжыраған.

Жеттің бе корғаны бол,
Ізгіліктің солмаған.

Дүние – арманы жок
Жұзінен нұр саулаған.

Жеттің бе сезім болып,
Өртеніп баратқан ән,
Өзіңмен-өзім болып,
Әйтеуір тағат табам.

Жеттің бе, жарық сәуле,
Қара тұн, қар бораған.
Отынды жанып-сөнген
Жүрегім қорғалаған.

Ботам ау, бауырым-ау,
Шерменде, шерлі екенсің.
Өмірдің дауылында
Осылай ержетерсің.

Сен мені шерлі етесің,
Сен мені шөлдетесің.
Осылай сөйлетесің,
Махаббат сен бе екенсің?!

Жерге шат шак кез келтіп,
Пәк төсін күн иеді.
Келе ғой, ақ перзенті,
Көгілдір дүниенің.

Мені сүйген кездерінде, аяулым,
Мені сүйген көздерінде, аяулым,
Мұн бар еді баянды.
Енді содан бар қалғаны – ызғар-ак,
Көздер емес, тұрғандай-ау мұз қарап
Көкірегім қаяулы.
Мені сүйген кездерінде жан бөлек,
Ай менен күн кезек тұрды-ау дөңгелеп.
Біз екеуміз жолын тосқан солардың
Кол ұстасқан шенбер ек.

Мені сүйген, мені сүйген кезінде
Отты шарға айналып ең өзің де.

Қанат байлап, ғарыш жаққа ұшырдың,
Суық қарап сол жаралы сезімге.

ҚЫЗДЫҢ ӘНІ

Жүргіңің дүрсіліне,
Оттай жанып, күрсінуге –
Мен кінәлі емеспін ғой, жаным.
Өтпей қойса қаш-қара тұн,
Сыбдырлатып ак қанатын –
Мен кінәлі емеспін ғой, жаным.

Үлбіреген ак сағымдай,
Жарық берген қас-қагымда-ай
Нәзік сезім елестері
Жаннан қымбат емес пе еді? –
Мен кінәлі емеспін ғой, жаным.

Бұл сезімнің аты мұнды,
Тындараса ақылыңды, –
Тартса өзіне жер сиякты,
Салған әнің шер сиякты, –
Мен кінәлі емеспін ғой, жаным.

Зар болғандай қарай-қарай,
Жақсы көрсөн абайламай,
Күндер жылжып өткен сайын,
Жақындасан мәған қарай, –
Мен кінәлі емеспін ғой, жаным.

Мәған сріп шсксіз дала, тебірендің,
Ерлігіне адамның сүйендім бе, тірі қалдым.
Көкірегіме у төгілді аяусыз,
Жылап тұрып күлуді де үйрендім.

Аспан жактан ак жаңбырым, төгілші,
Өртке тамған тамшыдай бол корінші.
Арқандаулы ағып кетсе ыстық жас,
Өзің жылап тұрғандай бол көрінші.

Мұсіркеме, аяп мені, пенделер,
Қобыз үні – қасіретке тең келер.
Жарапанған ауырып тұр жүрегім,
Енді түрі көрінбейді емделер.

Мен емеспін, Бұқтырма ғой өксіген,
Осы сарын – келе жатқан ескіден.
Тағдырының тас – талқанын шығарған
Мүмкін емес аман қалу көшкіден.

Өмір – қатал, әрі тіпті – безбүйрек,
Алданба оған бәрін білдім, сездім деп.
Тән суымай, жан мың рет суиды,
Жай таппайды жарты әлемді кездім деп.

Өмір саған сыртын берер бір күні,
Таба алмассың қыр асып кеткен құлкіні.
Өңменіңен өтіп сонда қарайды
Жұлыны өмір толып кеткен жыртығы.

Ей, жігіттер, жарларыңды сыйландар,
Ақ жүрегін көз жасымен жумандар.
Қарап тұрсаң алтын басты әйелдер
О бастан-ак сендер үшін туғандар.

Кол-аяғы жібек жіппен байланған,
Сені көріп, көңілі оның жайланған.
Сен биікке көтерілсең тәмендеп,
Жарым ақы дәметпеген жалғаннан.

Сенің жұтің – көтерері арқалап,
Бар сырлыңды тұрады ғой байқап-ак
Ұл туды деп қуанғаның азғана,
Дәл өзінді әкеледі қайталап.

Кол ұстасып бірге сапар шеккендер,
Құшып – сүйіп әйелдерін өпкендер,
Тастап бір күн тар жол, тайғақ кешуге
Есік жауып мәңгілікке кетпендер.

КЕЛІСІМ

Тәңірдің ұлы сазына
Мұнды бір нота керек бол.
Тірігө етіп базына
Әкетті сені ерек деп.

Көңілі енді жайланды,
Көгеріп аспан ойланды.
Көзіне жас ап қанаған,
Жұлдызын акқан санаған.

Тұпсізді жарық етем деп,
Жан ұшып кеткен еken деп.
Көнбеске көніп мен тұрдым,
Өзіме-өзім бекем бол.

ДОСҚА ХАТ

Хат жаздым деп досым да көп алдайды,
Бәрібір ол маған дос бола алмайды.
Сағыныш аяғы жок ол бір бота
Ешкімді де жетектеп келе алмайды.

Өмір мені бақытқа сендіреді,
Боларын да, болмасын сол біледі.
Туа бітекен жүректің мөлдір әні
Жалғыз тастап кетс алмас енді мені.

Мені өзіңнің жанында бар еken де,
Алыстаған аспанның айы еken де.
Шақырғанда дауысың жетпей қойса,
Бірге жүрген достықтың сәні еken де.

Сен мені ұмытқалы ғасыр етті,
Тудырды өмір талай қасіретті.
Дәнегін махаббаттың шашқан дала
Жүрегі жаралыны ғашық етті.

Өртеніп... гүлдер басын иіп тұрды,
Мейірін жер бетінің жиып тұрды.
Сыбырласа сері самалдың сүйген ерні,
Жүрегі шерменденің күйіп тұрды.

Саналыға сарғаю оңай ма екен,
Жанып тұрып, жайбарақат қарайды екен.
Тамырын теренірек жайған сайын
Тэтті уытым ақырын тарайды екен...

Бейкүнә сезім жылап... елік қашты,
Дәуренге бес күн жалған кейіп қашты.
Сүйінішке арналған соңғы нұкте,
Кос жүрекке қойылған көріп тасты.

ЕСІРІК ЖЕЛ СОҒЫП ТҰРДЫ

Есірік жел соғып тұрды,
Ессіз биді биледім.
Сақ-сақ күліп тұрғанынды
Жылап жүріп білмедім.

Естір болмай жүрек сөзін,
Зерде қалды ұғудан.
Шіркей жауып күннің көзін,
Шырқырады шыбын жан.

Өтіріктің арасынан
Шындық тұрды айқайлад.
Көп күлкіден дауа таптай,
Музат кетті қайғы ойлад.

ҚАРАЛЫ СҰЛУ

Дұние деген осы скен-ау,
Дұние түбі бос еккен-ау.
Адам менен Хая ананың
Үш күнге тіккен қосы екен-ау!

Өрттей бір өмір өшпестей көрген,
Мұздаса көніл, от болып сүйген.
Үш-ак күн мұрсат жердің бетінде
Оғланға кеше ойнақтап жүрген.

Үш бұты қалды жер ошақтың,
Үші тіреуіндей болашақтың.
Жан шығып кеткен ұлы денені
Жоқтауы тиіс парасаттың.

Дұние жым-жырт. Айналды аспан,
Айы мен күнін қасына ертіп.
Шашын да жайып, бетін де осқан,
Бекері соның басына жетіп.

Күйылып күмы, борасын көмді,
Аккудай арман адасып өлді.
Бозарып көзі, кеберсіп ерні
Бар менен жоқтың арасын көрді.

ТҮН ЖЕЛІ

Көнілім алабұртып тұрды менің,
Алдында – Айқабактың жынды желі.
Дұние күлкілі бол көрінгенмен,
Мұнайтқан мені сонда шындық еді.

Кесесін алқара көк төңкереді,
Ару бел көтере алмай сіккейеді.
Шамдары бұл қаланың көзін ашып,
Әлемнің сұ шулы әні шер төгеді

Қара тұн қара қайғы тұндырады.,
Қакырауға жетпей түр бір бұрауы.

Шыдамай зарды жеккен қос қараға,
Құлын боп жанның өзі шыңғырады.

Не болсын, күл дегенге мен құлгеннен,
Тауқыметі асты ғой елдің көрген.
Тәнімді уһілеп кеп осқылайды,
Күшімен тұрдым әрең жердің берген.

Аямай бердің уайым уыс-уыс,
Қаныммен қатар ақты болып туыс
Әмірдің жекпе-жегін көріп тұрып,
Тұн желі, қарсы жүрдім, бұл не тұрыс?!

Екеуіміз айналмағанда,
Дүние тұрмас, айналар.
Өзіңіз Күн болмағанда,
Жайым жоқ менің Ай болар.

Бермеді маған бір тыным
Сезімнің салған әуресі.
Махаббат дейтін мұндының
Көзіңе түскен сәулесі.

Алыстап барып қара көк,
Қадалдың аспан төріне.
Жүректен кетпес жара боп,
Жылама енді егіле...

Біз екеуіміз – таумыз және даламыз,
Алыс та емес, жақын да емес арамыз.
Ағыл-тегіл махаббаттың алдында
Тілі тәтті былдырлаған баламыз.

Біз екеуіміз су кешеміз жағалап,
Жұмакты да көрген жоқпыз аралап.
Көкке қарап қол жаяды бір тілек,
Бір есімді алдық әбден аялап...

Басқа сөзді срмек етті тіліміз,
Қарамаймыз бірімізге-біріміз.
Жете алмаймыз өлген сағым секілді,
Біз – екеуміз, бармыз және тіріміз.

Біз екеуіміз – інкәрлыққа кінәлі
Барлық желкен бір бағытқа бұрады.
Қарайлаумен қалқанқұлак жүр әлі,—
Махаббаттың мәңгі жұмбак сұрағы.

ТАСТАҒЫ ҚЫЗ СУРЕТИ

Айрылыскандардың жүргін маҳабbat қосқан,
Артқыға мәрмәр ескерткіш – қалдырып дастан.
Көз жазып қалған арудың бейнесін қашап,
Суретші жігіт күйігін несінс басқан?!

Құшатын заман қылтып сұлуды ғана,
Ағытар заман аңқылдаш шыныңды ғана.
Оймақ ерінің айтты сөз ұғымды ғана.
Күбірден тәтті оянды шырынды дала.

Көздерің қара маңайға қарақат төккен,
Жігіт жігіт-ау зарыңды алапат шеккен.
Мұң шакқан кезде жаны жоқ жаралы тасқа,
Көз емес мынау шоқ түскен жаракат деп пе ең?!

Қалықтап тұрған қасың-ай қарлығаш қанат,
Жеті ирек асқан жолаушы өзіңе қарап,
Токтаған талай тамсанып таудың басында
Күрсініп сосын жөнелген таусылып тағат.

Қап-қара тұннің бояуын көшіріп жакқан,
Шашың бір толқын аймақты көмкеріп жатқан.
Тау сұлу сені тәкаппар кейпімен құптап,
Күн сұлу ғана тәу етіп еңкейіп батқан.

Таң нұрын сепкен алаулап, албырап жүзің
Суретші сыры мәңгілік – қалғыма, қызым.
Ғасыр да көшті Алтайды жаңбырмен шайып,
Шалғыны жасыл жасырған арғымак ізін ...

УАҚЫТ

Толқын шайып мәңгіліктің жағасын,
Өмір-өзен кең көсіліп ағасың.
Адастырып күннің ак пен қарасын,
Уақыт, шіркін, қайда асығып баrasың?

Біреу күліп, біреу күйіп жанымен,
Аз ғұмырда бал татқандай бәрінен.
Адам – Жалғыз шарқ ұрғандай болады,
Көктегі бар Жұлдыздардың қамымен.

Елестетіп қас пен көздің арасын,
Қамшы да емес, тамшыдай бол баrasың.
Асықтырып адамзаттың баласын,
Қайран уақыт қашан тыным табасың?

Сен келесің, сен кетесің, сен – дара,
Қанатымен ұшқан құстың сорғала.
Ошактағы отқа қарап мен тұрмын,
Аял қылып тоқтамайтын сен ғана ...

Ежелгі кәрі паң даға,
Жап-жаңа Күнге бас ұрған.
Қарадым Шарға таңдана, –
Жарығы Жерге шашылған.

Кірпігін ашқан кербезім,
Найзаға алтын қол созды.
Ағарып атқан Ай-бозым,
Ағып өтерін жер сезді ...

Тәубеге бір сәт келдім мен,
Тамсанып балға таңдайым.
Нәресте күнді көрдім мен,
Толықсып туған мандайы.

Қарызың бар ма уыз-Күн,
Тірлікке сүттен жарапған.
Арызың бар ма уыз-Күн
Ақ көлек киген галамға?!

六六六

Аспанның жұлдыздары алыстады.
Көнілім жүйрік жемсін жарыспады.
Биқте тоқтап қалған бір-бір жүрек,
Жанымды ызғарымен жаныштады.

Бір сәуле маған қарап алып үшты,
Себелсп қанатымен сағынышты,
Білмеймін енді қашан жымындейды,
Тағдырым жұлдыздарға бағынышты.

* * *

Өмір – самал жел емес деп,
Кім айтты?
Бәйтеректің басын қозғап
Жыр айтты.
Айдарынан жел ескенде,
Қайың боз.
Мәңгі жасыл ғұмыр жайлышы,
Бір айтты.
Алтын басын адам неге
Иді екен?!
Жер қайысқан қайғыға
Қалай шыдап тұрды екен?!
Неге қысқа қайырылды?
Бір адамның сапары.
Неге, неге сырғанайды,
Бұл мекен?!
Өмір – алтын нұр емесс деп,
Кім айтты?
Киіндірді қыран тауды,
Құмайтты.
Сары ғұлден көрінбейтің
Сағыныш.
Сезім жайлышы
Жалғыз өзі
Шын айтты.

МЕН – ЖЕРМИН

Жер – менің мәңгілік мекенім,
Күні ертең қойнына кетемін.
Аз күнге еркелеп Ай, Күнге,
Төсінде тіршілік етемеін.

Жер – деген кәдімгі мен екем,
Мен кетем, қалмайды көлеңкем,
Қалмайды жүрегім, рухым
Жоқтайсың, токтайсың сен ертең.

Адаммын бүгінше, ал ертең ақ қармын,
Көркі боп тұрармын көңілді бағтардың.
Осы бір мұңлы әннің сарынын,
Есіме сактармын, сактармын.

Тебіреніп тіл бітер тастанға,
Оркестр бір күйде бастарда.
Күмбезді айналып ұшар-ау,
Ізгілік шырқырап аспанға.

Мен солай қонақ бол қайтамын,
Бұлбұл боп оятар әр таңым,
Мен – Жерге айналам кәдімгі
Несіне коркамын?!

Дүние, қызылды-жасылды көркінмен,
Болжаусыз самғайсың өзіңің еркінмен.
Соңында қалдырып құс жолың-ақ перде,
Не іздеп барасың Жұлдызды жат жерге.

Балықтың, кеменің ізі бар белгісіз,
Жап-жарық тіршілік жұмаққа бергісіз,
Күн сайын бір күнді ұшырдым қанатты,
Менің ақ көңілімдей
Ақ танды
Тағы да жаратты.

Дүние, аялда, қызығың – қызыл гүл,
Тендессіз шеберім аңдатқан сызу бұл.
Өтерсің, өтерсің, өтерсің менімен,
Кейпінді қайтейін өшпестей көрінген.

ҮЙЛЕСІМ

Қан айналар шенбер де,
Құн айналар шенбер де –
Тіршіліктің белгісі.

Қызыл қаннан жарагып,
Қызыл күннен нәр алып,
Бәріне де Адамның
Келер ие болғысы.

Қызыл ерін тамсанып,
Бар ғаламға жар салып,
Бір күлгендеге не жетсін.

Қан бөледі жылудық,
Құн төгеді жылудық, –
Ей, әлемдік сұлудық,
Адамға ғана керексің!

Жетім деме баланы,
Жесір деме ананы,
Жанып тұрган жүректе,
Жаудың оғы қалады.

Қаңғыған бұл сөзінді –
Қаңбақ қып жел айдасың.
Жаза басып өзінді,
Жанылды деп ойласын.

Сүйенері – қара жер –
Ол да ойылып кетпей ме?!

Мылқау, керен, соқырдың,
Жасытқаны жетпей ме?

МЕН АСПАНМЫН!

Жылуым мен жарығым
Бәріне жетер.
Мендеңі мұң –
Мұз емес,
Мейірім боп еріп кетер.

Мен – аспанмын!
Алып құшак иесі,
Менен келіп пана тапты,
Кір шалмаған адамзаттың киесі.
Мен – аспанмын!
Барлық нұрдың көзімен,
Көгілдір – деп әспеттейді,
Әркім-ақ
мөлдіреген сезімін.

Мен – аспанмын!
Аяғым – жерде,
Көленкем – көрде.
Жасыл жапырақ, қызыл гүлдемін –
Болғанда ар – дұға,
Сенімен біргемін.

... Осылай деп аспан күбірледі,
Куат беріп... көзімен күлімдеді.
Жанның да титтейлігі білінбеді,
Жарастырды жұлдызбен пірім мені.

Домбыраның шанағында,
Көз жасы бар қамыққан.
Домбыраның шанағында,
Жазылмаған тарих бар.

Домбыраның пернесінде,
Жұмыр қылыш ойнайды.
Махамбеттің ашу-кегі,
Шар болаттай қайнайды.

Домбыраға қол созады.
Қарға бойлы Қазтуған.
Сәби сырын іңгәлатып,
Жырын қаз-казын бастырған.

Домбыраның боздауына,
Аруана боп иеді...
Сөз шіркінге ерімеген,
Қазактардың жүргі.

КЕЗДЕСПЕШІ МЕНІМЕН

Ақ қағазға төгілтіп ақыл сатқан заманда,
Кедей сорлы ең соңғы атын сатқан заманда,
Карауылға ап алысың, жақын сатқан заманда
Кездеспеші менімен өмір атты базарда.

Өзің – азат, ой - сана құлға айналған заманда,
Жеңілденіп ар-намыс ынғайланған заманда,
Сынаң болып ақ жүзің жүз құбылған заманда,
Пейіл қайтып оналмас бір бұзылған заманда,
Кездеспеші менімен өмір атты базарда.

Қарға қарғалығын істеп, үйір болар жаманға,
Жаны сірі қарғадай қара күштің әманда.
Талай дана көз жұмды көрмейін деп шындықтың,
Қанаттары салбырап, тапталғанын табанда.

Ақ пен қара ауысып, көз қарыққан заманда,
Болашакты мактаудан сөз жалыққан заманда,
Перімен де келісіп, пайда ойлаған заманда,
Қабақ түйіп, жақ керіп ойбайлаған заманда,
Кездеспеші менімен өмір атты базарда.

17 қыркүйек 1999 жыл.

АРЫСЫМ *(А.Байтұрсынұлына)*

Керілген дала. Кеуделі тауым,
Боздатып түйе көшеген ауыл.
Келелі ойды кесемдей қозғап,
Азаматтар-ай, шайқаған дауыл.

Қаңбак шал сен бе?! Жәнеле берер,
(Еркінен кеткен ел ере берер).
Токтатып тұрдың қара нөпірді,
Сен айтқан сөзге сене де берер.

Арбауды көрдің, айдауды көрдің,
Көзінде – көзқап, байлаулы қолың.
Ыңылдалп тұрып әніңе қостың,
Бабалар сүйген сандалды керім.

Қайықты қазақ кемелі болды,
Тобыр ес жиып, төрелі болды.
Шашылып қалған асыл сөздерінді,
Гауһардай жинап, теремін енді.

ҚЫЛЫШ

Қылыштың жүзі неге өткір,
Жарқырап жүзі не деп тұр?!
Алланың добын далдалап,
Адамның басын жай ғана-ак
Кескілеу неге керек бұл?!

Жарқылдалп қылыш ұмтылар,
Жалындалп кекті жыр туар.
Өзіңе қарсы оқ ойладап,
Не жетті жанға бір туар?!

Қылыштың жүзін қан жуар,
Жетім мен жесір зар жылар,
Айбат болар қылышта –
Аза тұтар қайғы бар.

Қылыштың жүзі неге өткір?!

Аждаға оғын кезең тұр.

Қылыштың он мен солында,

Өлім мен өмір кезек тұр.

ӨСКЕМЕН – КӨП ҰЛТТЫҢ ҚАЛАСЫ

Өскемен – көп ұлттың қаласы,

Айдыны – қазактың даласы.

Ағызып көзінің сорасын,

Жасырып ғасырлық жарасын.

Аяқты алшаң басуға

Халықтың келмеген шамасы.

Бекініп... бекініс салдырған,

Тарихта қиянат қалдырған.

Кен тсуін керзімен,

Жер тесіп гүрзімен,

Таулардың иығын талдырған.

... Көнбедім, көне алмайды екенмін,

Үш жүз жыл жасаған кәртәміш.

Көздерін шел басқан зорлыққа.

Қалайша шүкірлік айтамыз,

Несіне корқамыз?!

Кенеттен ат басы бұрылышп,

Бусанған далаға қала таң.

Кешегі «қалбаға» түйілген жұдырық

Бүгінде – жайылған алақан.

Баяғы жаугерлік заманда,

Шайқасып қан тамған жерлерін,

Тұлпардың тұяғы мөр басқан белдерін,

Үй жайын, орнығар мекенін,

Меншігі болған соң жекенің.

Мандай тер – малына сатып ап,

Кайтарып ап жатыр, хакы бар.

Бұл деген құдайдың бергені –

Ғылым мен білімнің кемелге келгені.

Бауыры кен бүркіп, от шайқап,
Кәрі Алтай балапан басқан шақ.
Қалалар... өзі жоқ аты бар,
Батырлар... өртөнген намыстың отынан
Өкініш... өксісөн теңізге батырар
Тәуба де,
Өскемен – женіліп көрмеген
Ата жұрт – түркіге
Оралған Отырар ...
Шығыста оянған Отырар!

Есенин, сен не көріп кеттің?!

Айседораның сонынан неге еріп кеттің?

Ал қызыл атпен самғап ең, қанатың күйіп,
Өзге бір өмірге асығып жөнеліп кеттің.

Қайың мен аспан бірігіп, тал, теректері,
Құдайы шебер жаратты-ау ертерек сені.
Көгілдір көзді, алтын шаш, сәби жүректі,
Өзінен алып табиғат... табиғи етті.

Осының өзі бір сені еркелеткені,
Періште дарын туғызып ертелеткені.
Қайғылы Руське жапты ғой қара жамылғы,
Қамыққан ұлдың кенеттен... ерте кеткені.

Ағарды көзі айдың да, жабығып қайың,
Мен-зен даланың мен қалай зарын ұқпайын.
Өлім мен өмір арбасты, күніренді аспан,
Мәнгілік жайлы сонына қалдырып дастан.

Өзінмен бірге жылаған ай беті айғыз,
Сан боран соқты, қалмады қарайып қарда із.
Бусанды жер де, адамзат күрсініп салды,
Есенин, сендей ақынды туғызып жалғыз.

ДОМБЫРАГА ЖАБЫСҚАН ҚАРА БАЛА

Домбыраға жабысқан, қара бала,
Ақку-күйің қанатын сабалаған.
Тілде қалмай, күйде қалған бір қасиет,
Жүргімді тағы да жаралаған.

Бар екен ғой тілеуі өткендердің,
Әусенің әуслетіп төккендердің.
Жартастағы жазу өшіп, тіл кесілсе,
Өзгермесс өнер тастап кеткендердің.

Отырсың Махамбеттің салып күйін,
Бір аунап тұскен шығар жарықтығым.
Домбыраға қол соққан қалпынменен
Өнердің дәлелдейсің халықтығын.

Шабысың түзелгендей бара-бара,
Қара үзіп бара жаттың даралана.
Аузынан атам қазақ түсіп қалған,
Аман жүр, айналайын, қара бала.

Өлең жүйрік өзіннен,
Ғарышқа да зымырап бұрын жетер.
Өзінен өзі жаралып, күтпеген жерден,
Ақынға аят оқытып, күбірлетеर.

Таңғажайып құбылыс өлең деген,
Құпиясы көп әлі еленбсген.
Тәтті оралған сөзімен былдыр-былдыр,
Жұбатып, сені емдеген, мені емдеген.

Қай тілді білсөң, сол тілде сыйырлаған,
Біреу бар ... ақиқатқа бұрын баар.
Қай сәуле, мына сәуле жарқыраған,
Шабыт деп аталатын Нұрын болар.

Тауысып ешкім айтпаған өлең жайлы,
Қай жактан құйылып тұр таба алмайды.
Құдіреттің дегенімен болған іске,
Күн сияқты... жақындаған бара алмайды.

МҰСТАФА ӨЗТҮРІК

Қайсар рухтың дауысы,
Әр бабаңың намысы.
Корғасын боп дір етті,
Қолдыратып жүректі, –
Шоққа айналдың Мұстафа!

Ер бабаңың қайраты,
Жау қашырган айбаты,
Тіліп түсер түнекті
Куатты етті білекті, –
Отқа айналдың, Мұстафа!

Қалғып тұрған қазакқа
Қалмашы деп мазакқа,
Бас көтерер сөз айттың,
Бір күдігін азайттың, –
Би секілді Мұстафа.

Өссен-дағы сен жырак,
Екі бетің албырап,
Шындықты айттың зар жылап,
Бойға сінді балбырап, –
Күй секілді Мұстафа.

Сағынышым – сен десіп,
Оралғанда ел көшіп,
Кен даңанан көл-көсір
Алақандай жер-бесік, –
Бұйырмаған Мұстафа.

Таэквоndo – ерге сын,
Табылмаған тенденсің.
Жарқыратып зердесін
Әр қазақтың кеудесін, –
Нұрың қалған Мұстафа.

ЕС – АҒА

Қарайып ауыл шетінде,
Қалқайып тұрған Ес-аған.
Алтайы желдің өтінде,
Қартайып тынған Ес-аған.

Тең болсын деп босаған,
«Болсыншы» деп бас аман.
Көшкен сіле баладай,
Кейіп те қалған – осы аған.

Жақсылардың соңынан,
Жиып кеткен Ес-аған.
Сөздің сары балынан,
Құйып кеткен Ес-аған.

Түгел сөздің тұп майын,
Шағып жесен Ес-аған.
Туған жерім – құт бағым –
«Тағым» деген Ес-аған.
Әйел киім киініп,
«Әртіс» болған Ес-аған.
Екі жеңін түрініп,
Сар тіс болған Ес-аған.

Қамши бойлы қалжыны,
Арқа қаққан Ес-аған.
Есік алды мал жиып,
Жаңқалатқан Ес-аған.

Ес-аға деп ат қойып,
Еркелеткен ел мынау.
Қаралы үйге аттанып,
Ес болатын кім бар-ая?

Алақандай ауылға,
Көсем болған Ес-аған.
Қарсы қараң дауылға,
Кешер жалған Ес-аған.

Маржан өлеңі сылдырап,
Қызды женген Ес – ағаң.
Келе атқандай бұлдырап,
Мұздыбелден Ес-ағаң.

Тас атқандай тасадан,
Шыңғырып үшты қашаған.
Ер-тоқымнан босаған.
Соңғы саусак бүтілді,
Уақыт өтті, білінді –
Өлшеп койған жасаған.

ҚАЗАҚ ЕДІМ ӘНДЕТКЕН

Қазақ едім әндеткен,
Бесігімнен тербеткен.
Бұл дүниенің қызығын,
Сұрап алған жер-көктен.

Уілдеген жөргектен,
Уана алмай ермекке.
Бір жығылып, бір тұрып,
Қол ұстасқан еңбекпен.

Тарих жүгін тендеткен,
Көкірегінде шер кеткен.
Орным – өз босағам,
Қонақтарым төрлеткен.

Оянғаным сол болар,
Кезге келдім жан бағар?!

Дархан далам көсілген,
Ұйқым келмей ... тар болар.

Елең қылmas тар сүйн,
Жарға келіп қалса да.
Әкімде айла таусылып,
Уәдесінен тайса да.

«Оқытсаныз Баланы,
Алаулап бақ жанады».

Осы тілек қол созар,
Көтөріп қала, даланы.

Алдыңда Абай жолы бар,
Ұрпағым ұйып соны ұғар.
Қазак едім ежелден,
Терснен тапқан жоғы бар ...

18 тамыз 1999 жыл.

Әділет пен шындықтың ақ туындей аппақ Ай,
Қара бұлттың қақ жарып ағып бара жатқаны-ай.
Сәулесімен сән беріп қара түнде қара көз,
Аққа қара басқандай Ай туады дарабоз.

Қара түннің қанжары қалжыратып жанынды,
Кербез тұрып қол созған ай нұрына табындың.
Зәбір көріп бәрінен Ай бол жалғыз серігің,
Жерден таппай әділдік қарап тұрып жерідің.

Көкірегіңе мұн жиып, айлы дала құрсінбек,
Балаң кездे санаңда қалып қойды бір сурет:
Әділет пен шындықтың ақ туындей аппақ Ай,
Қара түнді как жарып, нұрын төгіп жатқаны-ай.

Төртбұрыш үйлер,
Көріксіз, сәнсіз тас қала.
Жанарды тіреп,
Жігерін жанның жасқаған.
Асығыс келіп, асығып кеткен бір ұрпак,
Төртбұрыш үйден шамасы келмей басқаға.
Қарапайым бір төртбұрыш әйнек ішінен,
Төрткүл дүние қарайды қамсыз жас бала.

Тағдырлас көршің қалаға қоныс аударған,
Төртбұрыш пәтер – байлығың осы – қазынаң.
Тауқыметі мол тірлікте бітпес ойлардан,
Адамдар да қажыған.

Таж-Маһалды тек суреттен көретін
Самарқанд пен Бұхарада сұлулыққа сенетін.
Қатал, сұық төртбұрышқа қайта айналып келетін,
Пәк сезімін жаралап.

Дүниенің төртбұрышын кезетін,
Киял кешіп, көркемдікті сезетін.
Төрт қабырға төрт алыптай еңселерін езетін,
Пенделерге обал-ақ.

Таж-Маһал қайда-а-а
Падишасы танымның.
Садағасы бір сүйікті ханымның,
Ғимаратты тұрғызатын ғаламат.
Әсем үйлер тұрғызатын жаңалап,
Қолы ғана болса дейсің шебердің,
Ойы ғана болса дейсің дарынның.

БІЗ

Бұл адамды түсіну де киын-ау,
Күнә жасап бір аллаға сыйынар.
Үнсіз акқан көз жасына жуынар,
Оттай сүйіп, судай және сұынар.

Біз тақпакқа айналдырдық батаны,
Арзан ақын соңғы сөзін сатады,
Жаңа жауған акша қардың бетінде
Сенің ізің қап-қара боп жатады.

Көркемдікке бас иеміз бірбеткей,
Мона Лиза портретін кірлетпей.
Қыз Жібекті еске аламыз құрметпен,
Ол ғасырдан бұл ғасырға иба еткен.

Сонда деймін ... құралайды көзден атқан кім екен?!

Бірде – бөрі, бірде – қыран ту екен.
Иірі көп соктықпалы өмірде
Қарағайға қарсы біткен біз екен!

Қабағыңды ерте түйген, қарағым,
Нені біліп таусылып жүр амалың.
Тындырдың ба, тұк айтпайсың тұнжырап,
Жайдарыға жер басу да болды ұят.

Жарқыратып жанның алтын сарайын,
Күн әлемге шексіз нұр бол тарады.
Сынық сәуле сенде кетті жоғалып,
Жер сипады саусактары сананың.

... Әдемісің, келісім бар пішінде,
Айнаға тек көп қарайсың түсінбей.
Онда сенің бст-бейнене киілген,
Қабағың тұр бостан – босқа түйілген.

1984 жыл.

МЕН НЕГЕ ЖАЗБАДЫМ

Кездестім талай алаулы тағдырмен,
Жаксылық тілеп, ақырын күттім.
Киюы қашса, қамалып қайғымен,
Тілімді тістеп, ішіме бұктім.

Жанағымды суарып таң-нұрга,
Әдемілікке кимай ұза-а-қ қарадым.
Тұнекті тілген шексіз ай-нұрга,
Кім білсін,
Кім қалай дәл теңеу табарын.

Жүрек көзге айналып кеткен бе,
Алыпқа айналды сұлулық демде.
Мен сонда аңғардым сөз шіркінді,
Сүйреу керегін есіктен төрге ...

Мен неге жазбадым, күнім,
Бәрі де салқын корінді сөздің.
Ішпен біліп, жүрекпен сездім,
Көк дөнен сайлап, көнілдей жүйрікпен,
Шексіз әлемді кездім.

Алтайдың шыңы, белес-белдеулер,
Бұқтырма – көйлек, орман – белбеулер.
Жалт етіп елестей, санама өң берді,
Шіркін-ай мәңгілік етсем ғой сендерді.

Бабалар айтқан бәрі де жалған деп,
Үндемей бас шайқап, тылсымға қайран боп.
Таңырқап, тоқтаған ей, менің пырағым,
Зымыра, зымыра,
Дүние – шектеусіз, ал сенде арман жок...

БІРЕУДІҢ КІСІСІ ӨЛСЕ...

О дүниеге керек пе ең,
Үзіліп түскен теректен
Жаны бір жайсан жапырақ қызы,
Жанымды неге қақыраттың?

Көз алдымда жайнаған,
Бұрымдары ойнаған
Жаны бір жайсан жапырақ қызы,
Жанымды неге қақыраттың?

Ата-ананды зарлатып,
«Құлынымдап» аңыратып,
Жөнеле бердің дүниеден,
Дүниеге сонда кім ие еді?!

Жаның кетті-ау жаһанға
Бір нүктеге айналып,
Көкте де тұрған болар-ау
Жұлдыздарға байланып...
Жаны бір жайсан жапырақ қызы,
Жанымды неге қақыраттың?!

Қайғынды ұмыттыратын,
Жаныңды ұғып тұратын.
Бір сезім керек адамға
Ашы су емес алайда.

Көнілің көкке самғайтын,
Қанатың ұшсан талмайтын.
Бір сенім керек адамға
Менменсу емес алайда.

Жорғалар үнсіз жылан да,
Не жетсін ұшқыр қыранға.
Бір қиял керек адамға
Қиялсыз адам адам ба?

Бас ұрып токтау айтатын,
Әуелгі уәжге қайтатын
Бір ақыл керек адамға
Құратын хандық санаңда.

Ибалы, сырбаз көрінген,
Жұзінен нұры төгілген
Парасат керек адамға
Жарасар зымыран заманға.

Құпиясын жанның сезінген,
Қансырап барып көз ілген
Бір жүрек керек адамға,—
Елжіреп тұрар әманда.

ЖЕР САТЫЛДЫ ДЕГЕНШЕ

Жер сатылды дегенше,
Ар сатылды дегейсің.
Өз елінде жер өлшеп,
Жаутандаған өгейсің.

Тамырын басып көрем деп,
Ала алмаған жерінді.
Қасиетіне терендеп,
Бара алмаған жерінді.

Шексіз тәгіп жарығын,
Күн айналған жерінді.
Дәл өзіндей қадірін,
Біле алмаған жерінді.

Елсіз жатқан қияндай,
Кен көрінген жерінді.
Мандайыңа сия алмай,
Тар көрінген жерінді.

Батыр қаны қызатын,
Бата тиген жерінді.
Сатар болсаң ұзатып,
Кигізерсің кебінді.

Қыстау қонып ел көшсөң,
Бейғам тірлік – басты ұран.
Не болар ед жер кешсе,
Табаныңың астынан?!

Дала – жаның жоғалмас,
Жиылмаған шалғайы.
Жанды бөліп ала алмас,
Жарлығыңың қандайы.

Жарылқадың пана боп,
Дүниені кезгенге.
Алтын менен Қара жер
Тағы түсті безбенге?!

26 маусым 1998 жыл

ЖЕЛТОҚСАН ЖЫРЫ

Жылап сені ескі алдым,
Желтоқсанның құрбаны.
Көз алдымда жастардың,
Сәбидей сенгіш дидары.
Алақан жайып, әкімнен
Әділдік сұрап тұрғаны.

Жыламай қалай шыдайын,
Шындықтың көріп шырайын.
Айдың күні аманда,
Сырты бүтін заманда.
Айдарлымың жер алса,

Арына тиген соккыдан,
Аруым мәңгі жоғалса ...

Аланға шықтың арысым,
Дәуірдің койын сұрағын.
Күркіреп шыққан дауысын,
Құлдықтың үзді бұғауын.

Жас жаныңың қүйгені –
Көзіме қамшы тигені.
Жаныма батып кетті ғой,
Ағаның перде кигені.

...Оқиғалар асығып,
Ойлар туды жаңадан.
Жиырмасыншы ғасырың,
Қабағына караған.

Төңкесрілді дүние –
Жойқын еді бұлқыныс.
Тоқыраудың жетіп түбіне,
Көзді бір ашқан ұмтылыс.

Өзің жайлы ойланам,
Әткендерді ойға алам.
Қаруы жок соғыстың,
Қаһарманы – сен ғана.

1986 жыл. Желтоксан

ӘТЕДІ КҮНДЕР ...

Үміттің жүзін шок қарып,
Төзімін жанның актарып.
Түк бітірмей жүргенде,
Қонак күн кетті аттанып.

Алды-артыңа қаратпай,
Қапылтып қойған заман-ай.
Тоқтамай күнім, – десп, – өтті-ай,
Жылайтын ерке бабам-ай.

Уақыт – зымыран,
Ғұмырың –
Қамшының сабы келтелеу.
Тарқатып болмай бұрымын,
Кетеді күндер ертелеу.

Алыстан тербеп күшімен,
Отты бір сәуле төгілген.
Күл-коқыс, тозаң ішінен,
Жылтырап көзі көрінген.

Ағарып тұрып айныған,
Өксітіп тау мен даланы.
Қап-қара түннің қойнына,
Ақ боз ат сіңіп барады.

...Кошасты солай бір күнім,
Қап-қара түнмен көмкерген.
Қыл жүген ұстап мен тұрдым,
Бір қайыр күтіп ертеңнен.

ЖАҚСЫЛАР ЖАНЫН БЕРЕР

Жақсылар жанын берер,
Жақсылығын көз көрер,
Шүберекке түйген жаны жақсының,
Айғыз-айғыз арамдыққа төзбеген.
Қайыр етер көшедегі кезбеге,
Қайырымын қарыз етпес өзгеге.

Жамандардың мың қатесін түзетіп,
Жұмакқа да ала кетер арқалап.
Ауладагы қоқыс біткен күзетіп,
Жаксы адамның жолын тосып тұр қарал.

Қолы тисе... тазарады бұл аймақ,
Жаман тағы... шырт түкірер лайлап.
Тәнір нендей сый берері белгісіз,
Екеуі де бірдей жетсе, «кудайлап».

Қазак айтқан «игі жақсы» осылар,
Жақсылығын айтса нұры тасыған.
Ол ұстаған алтын діңгек шайқалса,
Таразы өмір тарыдай бол шашылар.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ

Тіл мәңгіге жараланды не шара,
Тіл жазықсыз жазаланды не шара?!
Батың бара жатыр еді құрдымға,
Жан дауыспен токтағаны осы ара.

Заман сұры асырғанда айласын,
Өзгө тілдің көрсін деп «пайдасын».
Бабалардың өліп кеткен аузында,
Сұлу тілім, шербет тілім қайдасын?!

Төле би бол төгілгенде маржаның,
Жалғыз сөзбен шешілстін жанжалың.
Тыңдаушысы қалды ма еken қазақтың
Басын айтсан, түсінестін ар жағын.

Тіл басына түсіп тұрған жайт осы,
Қараңғыда халық күтер Данкосын.
Өз тіліндес сөйлегенді ар көрген,
Сокыр, керен бауырларды қайтесің?!

НАМЫС ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Жаныңды жүдстеді дос та келіп,
Жібекті жұн етеді қас та келіп.
Карманып қайран намыс оянады,
Арынды шыбыртқымен осса келіп.

Қазақша жазған болдық көшелерге,
Қатесін бас қатырып шаше көрмс.
Өз-өзін мазактаудан жалықпайтын,
Апырм-ай неткен халық десе дер де.

Құрметпен иіліш тұр жерің – мынау,
Тәуелсіз тәй-тәй басқан елің мынау.

Өзінен-өзің, үркіп жер баспайсың,
Қаныңа сіңіп кеткен құлдық бұғау.

Бауыржан Момышұлы – ерім деші,
Аттың да ақиқаты – жоғым деші,
«Ов» пен «ев»-тен арылмаған сорым деші.
Тасқа басып, есімін тастап кетті ол,
Кұдай-ау тым болмаса жолын көрші.

Батырша батыл сейлер кез елестеп,
Құлдық сана құн тұғанын сезер ептең.
Қызы да өз намысын таптатпаған,
Ер түрік, атам қазақ елі емес пе ек?!

Тілін терең білмеген нағыз қайғы,
Көркем ойдан тәтті бал тамызбайды.
Еспембет пен Көбейдің сөзін ұқпай,
Ұрпактың ой-санасы тайыздайды.

Кейбіреу мансап қуып жан бағады,
«Осы тіл ыңғайлы», – деп кер бағады.
«Елім-ай!» – деп тұрмаса бетке ұстарың,
Қазактың осы емес пе сорлағаны?

... Қиянатқа көнсін бе, көнбесін бе,
Қалың тарих сайрап тұр зердесінде.
Қазакты намыссыз деп ойламандар,
Қазактардың намысы қеудесінде.

Намыс жайлы сұрайсың неге менен,
Ақыл ойлап көнбеске көне берем.
Желтоқсанның ызғарлы сұық желі,
Намыс отын жалау ғып шегелеген!

ӨТКЕНДІ АҢСАУ

Бозала танды қарсы алып,
Боз тұлпарға мінгенім.
Көкжиекті бетке алып,
Боз сағымға сіңгенім

Көз алдымда елес тұр –
Откенді ансау емес бұл.

Аруакты бабамның,
Жапырып жауды қуғаны.
Шексіз-шетсіз даламның,
Шегіне жетіп тынғаны.

Ақ боз үйдің сыртында –
Бозінгеннің боздауы.
Боз жаулықты аданың
Мұнды бір әнді қозғауы.

Көз алдымда слес тұр –
Откенді ансау емес бұл.

Кеңістікпен кезігіп,
Еркін бір кешкен күндерім.
Боз сағым уақыт шегініп,
Санамды билеп тұр менің.

Шайқадым тербел өлеңмен,
Шыр айналым кесенде.
Жан дауыс шығар теренін,
Жай айтайын десем де ...

Елес, елес, елес күр,
Эткенді ансау емес бұл.
Эткенді ансау,
Ансау ...
Ансау ...

Қазақты данышпан деп мактамай-ак,
Онсыз да ақ халықты ақтамай-ак.
Терендең Абайды оқы, тебіреніп,
Бір халық сырын шертер өзі келіп.

Қаныңа жалтақойлық қайдан келген,
Ыңғайландың өмірге бес күн сүрген.
Кейбіреу «бізді қой» деп бай-байлайды,
Қазақты сол қалпында Мағжан сүйген.

Керек емес, өзге жал, өзге қанат,
Тұбі асыл пендеге – бір қанағат.
Біз жеті кереметтің біріндей бол,
Қалпымызды сактасақ – сол ғаламат.

СҰЛУЛЫҚ

Ұлы адамды табындырған сұлұлық,
Ғұламанды бағындырған сұлұлық.
Қар қыз мен хор қызының бейнесін
Әшекейге малындырған сұлұлық.
Оттай жайнап көз алдында тұрса да,
Өмір бақи сағындырған сұлұлық.

Ізде оны барлық жерден табасың,
Кең даланы жайлап көшкен сұлұлық.
Жасыл шөп пен қызыл гүлдің арасын
Айлап көшкен сұлұлық.

Тым алысқа көз жіберген ойлының
Жанарында тұнып қалған сұлұлық.
Ұза-а-ак жылдар сактап асыл жан нұрын,
Жүрегінде тұрып қалған сұлұлық.

Уысында ұстап тұрса ғаламды
Тарлық етпес сұлұлық.
Тастап менің тау мен даламды,
Мәңгі кетпес сұлұлық.

Есебін білер бұл өмір,
Есесін берер бір өмір.
Жан беріп жиған-тергеннің
Баяны бар ма, соны біл.
Қыран боп шықпай шың-күзға,
Тенесе алмай жұлдызға.
Өзінді-өзің қорладың,
Жылан боп жылжып, сорладың.

Кысық көз өмір бағып тұр,
Көрмесе сені нағып тұр.
«Дүние-с-е!» – дедің уыстап,
Ар-ұятыңнан алыстап.

Халықтың асты күйігі, –
Шықпады бірақ батыл үн.
Жауырдан тоқыр киімін,
Боп шықтың «сарай ақыны».

Батпакка қалай батқаның,
Қасиетті сезді сатқаның.
Сөзінен судай төгілер
Шешен тіл ғана көрінер.

Аспаннан да биік бар,
Сол биікті сезбедің.
Алды-артыңды тұйықтап,
Салтын кидің өзгенің.

Асылдан да асыл бар,
Сол асылды алмадың.
Жүрегі таза, қолы пәк
Адам боп қала алмадың.

Ақ жолыңнан болды осы,
Алтын көріп тайғаның.
Алланың нұрын сағының,
Алақаныңды жаймағың!..

КЕЗБЕНИҢ ӘНІ

Сақтамадым, аямадым өзімді,
Тауға соктым, бір басымды тасқа бір,
Аңқау жаным арам тәннен безінді,
Жол аяғы болар бір күн жас қабір...

Тым биіктен сорғаладым қырандай,
Жолым болмай күнге күйіп қанатым.
Ес жиғызған жатқан кезде тұра алмай,
Жаны сірі жалғыз сезім болатын.

Адамсың... деп сыбырлады көл – құрак,
Безіп кеттім екі иығым салбырап.
Адамсың... деп жел тербеді алдына ап,
Адам болып қала алмадым мен бірак.

Ұмыта алмай туғанымды адам боп,
Жер тырмалап, тырнағымды қанаттым.
Қара тұнде жарық жұлдыз аман боп,
Садағасы болсам өзім... сол аттың.

О, ДҮНИЕ!

Құпияң қалмапты ғой білінбеген,
Пенденің қармағына ілінбеген.
Қырың көп қырық жакқа қарайтуын,
Күнгейін көрсем деуші ем – күлімдеген.

Ештеңең қалмапты ғой сатылмаган,
Сұмдықтың ақыл тісі сақылдаған.
Ақ бетінді осқандай қара пейіл,
Ақ қағазға сия боп жақындаған.

Күліп қарап, күніренді біреу тұрып,
Жанып тұрып, көрсетті жүдеу қылық.
Құрығына бойлатпас иірімің,
Карға бойға қалайша тұрар сыйып.

Бір асыл іс – үмітті үзбейтінім,
Көнілге керексізді тізбейтінім.

Құсық жуған күйі еді бейшараның,
Күн астынан кінәсіз іздейтінім.

Әділеттің әспеттеп туын ерек,
Адамзаттың ойлаушы ем пірі ме деп.
Алтын жіптен ұстадым адастырмас,
Аспан – біреу, Тәнірдің нұры бөлек.

ҚОСОБА

Күз болғанда көздің жасын шылаған,
Қаздар қайтса, Онтүстікке шұбаған.
Қособада қаңғиды бір сұр адам,
Төлегеннің соңғы даусын сұра одан.

Күз болғанда Қособада сор болған,
Сөнген соның он қолынан сөнді арман.
Енді өзінің қайғы уын сорғандай,
Сұп-сұр болып түрегелер сол маңнан.

Қаңғиды адам көленкеге айналған,
Өз қолымен аққуды атқан сормаңдай.
Жанын қинап, өле алмаған әлі күн,
Жұбату да таба алмаған жалғаннан.

Күз болғанда көзінің жасын бұлаған,
Қаздар қайтса, Онтүстікке шұбаған.
Қособада қаңғиды бір сұр адам,
Төлегеннің соңғы сөзін сұра одан.

Бір пенденін ұмыт болған құлкісі,
Қайталанса оның ғажап түр-түсі.
Және ешкімге ұқсамасам мен єгер,
Табиғаттың құдіреті деп сене бер.

Бейуакта құбыланы бетке алып,
Тұрған кезде дүниені ак танып.
Періштенің күбірінің жасқанып,
Қанымда егер күнгірлесе ... басқа үн.

Көз алдыңнан кетпей қойса тас жарып,
Қайнап ақкан мөлдір судың бастауы.
Әмір, әмір, әмір емес қас-қағым –
Мен де мың бір жастамын!

Ізгіліктің мен де қалған бір дәні,
Топырақпен кетпес еріп ол дағы.
Еске салып тұrap үрпак қолдары,
Күнге қарай тартылған бір жол барын...
Рухыңың тасасында жиылған,
Қоқыстарды тазартатын күйін бар.
Мені, сені жарық күнге сиынған,
Табиғаттың перзенті деп ұғындар.

АБАЙҒА НЕМЕСЕ ӨТКЕН ҒАСЫРМЕН СЫРЛАСУ

Откен ғасыр .. үн келеді алыстан,
Қоңыраулатып, құлын тайы жарысқан.
Үн қатады даналықтың тілімен,
Бабам менің мыңмен жалғыз алысқан.

Сол ғасырмен тілдесемін, сөйлеймін,
Саф ауаға, мөлдір суға шөлдеймін.
Еркін ойдың қанаттары қағылған,
Абай туған алтын ғасыр сен деймін.

Еркіндіктің кереметін сезінem,
Босана алмай қatal уақыт тезінен.
Біз асырып айта алдық па жалғыз сөз
Бір ғасырда бір Абайдың сөзінен?!

Ұлы дала, ұлы баба, ұлы адам,
Қалай жазсаң жарасады жыр оған.
Қанды жасын төгіп тұрып жүректін,
Тәніріден халық жайын сұраған.

Мың жылдықтың басында мың келесі,
Артта қалды ала шұбар тарихтың бел-белесі.
Қайраңға кеп токтағандай ғасырлардың кемесі,
Бір үмітті бір күдікке жәндіреміз неге осы?!

Мың жылдықтың басында мың келесі,
Көрші елдерді бомба жасап, согыспай-ақ «жеңесің».
Аурудың сан түрі бар – канға дәрі егесің,
Тәрк етесің ғұмырынды – улы наша шегесің.

Ерлер отыр, тербел отыр нәзіктіктің елесі,
Жалықтырған әйелдердің ашық-шашық денесі.
Өтіп кеткен басшыларды кезек-кезек сөгесің,
Көзқарасы жеңілдеген мынау елпек заманда,
Ауыр жұмыс істей алмай, көздің жасын төгесің.

Келер ғасыр – компьютерге ақыл-ойды жегесің,
Адамзатты енді кайтіп адаспастай көресің.
Қайраңға кеп токтағандай ғасырлардың кемесі,
Бір үмітті бір күдікке жәндіреміз неге осы?!

Қазактың басынан бәрі өткен,
Жауларын жусатқан жерінен дәметкен.
Тіліне терендеп бара алмай,
Не орыс, не қазақ бола алмай,
Жан-жактан жасанды дәрі еккен,
Мәңгүрттен шошыдым.

Қазактың басынан бәрі өткен,
Қатыгез, баскесер Ермак та бері өткен.
Бай тілдің маржанын тере алмай,
Дағдарып, токтаған кенеттен,
Мәңгүрттен шошыдым.

Қазактың басынан бәрі өткен.
Аштық та, айдау да талаған тәбеттей.
Бабалар тарихын заттай бір ескірген,
Тыңдайтын бейтарап кескінмен,

Тамыры шіріген теректей,
Мәңгүрттен шошыдым.

Қазақтың басынан бәрі өткен,
Атомның зардабы өтті ғой тері, еттен.
Күй тыңдал, саз емген кезде де,
Халықтың рухын сезбеген,
«Жоғалған ұрпақтың» кінәсіз перзенті –
Мәңгүрттен шошыдым!

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН АЗ ҰЛДЫҢ СУРЕТТЕРИНЕ ҚАРАП ТҰРЫП ТУҒАН ОЙ

Намысына қазақтың,
Мың жерден көр қазылды.
Аза тұтқан аз ұлдың.
Есімдері таска емес,
Кекірекке жазылды.

Періште ойды қозғадың,
Алтын көрсөң... азбадың.
Қасқайып тұрдың алдында,
Дүниежүзілік қазбанын.

Кызықтай алмады байлықты,
Алаған қолдан шайлықты.
Қазына емес, қамба емес,
Қара сөзге зар қыпты.

Көрінбес сарай құраған,
Хас шебер екен бұл адам.
Атымтай жомарт аллалап,
Атынан түсіп құлаған.

Ақшаның буы – нұр емес,
Еліре шапқан шапқан құр елес.
Естілер соған ермеді, –
Осы бір рухтың алдында,
Жау қашырған батырдың,
Ерлігі де түк емес.

ӨЗІНДІ ЖОҒАЛТПА СЕН!

Өзінді жоғалтпа сен!
Арпалысып жатқанда заманалар,
Баққан малы қазактың ара болар.
Өз бейненді сақтап қал, шақ туғанда,
Бірді бірге жалғайтын пара болар.

Өзінді жоғалтпа сен!
Отірік пен шындықтың арасында,
Қаптай соққан қалында борасын бар.
Сонда... сонда кәдімгі адасулар,
Тартар сені түбіне қара сулар.

Өзінді жоғалтпа сен!
Не дс болса...
Құм ішінде қап қойған ине болсан.
Төғyz балдық алапат дауыл тұрып,
Ашы суға арқырап кемең толса.

Күл-коқыска итерер біреу сені.
Қара албасты басады құр еңсені,
Кекке қайрап соғылған алмас қылыш,
Басын қайта көтерер үйрен соны.

Жарға соққан тағдырдың толқындары,
Болған жайға қаратпас артындағы.
Жерге тығып көмсе дс саф ойлардың,
Жарқырап тұрса деймін алтындары.
Өзінді жоғалтпа сен!

БАР ГОЙ НЕБІР «МЫҚТЫЛАР»

Өмірде бар не бір «мықтылар»
Жен ұшынан жалғасқан.
Жарқылдал кейде сөйлейді-ау,
Секілденіп алдаспан.

Өмірде бар не бір «мықтылар»,
Екі жеп бір асаган.

Шыр етіп жерге тұскенде,
Жарылқап қойған жасаған.

Токшылық буы бұлт болып,
Көрсетпей қойған күн көзін.
Жабайы жұрт жалпылдаپ,
Мақтаса дейтін күнде өзін.

Надан деп оны айтпассың,
Жетеді баста білімі.
Жан қинамас енді ешбір,
Табаны тасқа тілініп.

Қыл бұрау салып неғылсын.
Халықтың ашы күйігі.
Жарқырап шындық сөз айтпау –
Орташа халдін түйіні.
Өмірде бар не бір «мықтылар»
Сыпайы сөйлеп, сырт берген.
Көңілі судай тасса да,
Бағасын берген – жұрт мерген.

Өмірде бар не бір «мықтылар»
Өз бағасын білетін.
Қазақшасы жетпесе,
Мұләйімсіп күлетін.
Қазақшага мұндейлар,
Қырын келер құбылып.
Өз анасын танымас,
Мәңгүртше басы иіліп.

Байлық, дәulet, дүние-бу,
Кімдерден кейін қалмаған?
«Мықтылар», айтшы, ішінде
Ісімен қалар бар ма адам?!

ҚҰРБАНДЫҚ

Баяғыда...

Алла нұрын төгу үшін әрдайым,
Тектеп жатпай пенделердің қандайын,
Құрбандыққа шалды дейді күн сайын,
Құдіретке сый көрсетіп арнайы.

Кейінде...

Жарық күнде арманынан адасып,
Күйкілікпен таба алмаған жарасым,
Бедел жинап ала алмаған санасып,
Ұлы адамдар... құрбандыққа баراسың!

Ұлылар бар найзағай боп тіліп өткен сананы,
Көрген рахат, қызығы да шамалы.
Құллі адамның қасірет пен қайғысы,
Жүрегінен қызыл қан боп ағады.

Солай, солай, солар ғана құрбандыққа барады,
Мөлдір жасы қара жерге тамады.
Құрбаны боп қиянатшыл дүниенің,
Ерте кетті адамзаттың Абайы.

Айналайын шындықтан кетейін деп садаға,
Махамбет те құрбан болды жалаға.
Азды-көпті ғұмырында ұлылар,
Күнәһардай ұшырады жазаға!
Көп тобырдың өтеуіне әдейі,
Алтын адам шейіт кетті, не дейін?!

ТӘУЕЛСІЗДІК

Тәуелсіздік қазаққа –
Айдан аунап тұскендей,
Жатып алды шалқалап.

Тәуелсіздік қазаққа –
Күннен сырғып тұксандей,
Жүріп кеттік арқалап.

Тәуелсіздік қазаққа –
Ай нұры боп төгілді,
Сұлу ғана жымиды,
Мәңгілігі білінді.

Тәуелсіздік қазаққа –
Көк аспанды сыйлады,
Байракқа алдық көшіріп.

Артта – аштық, азап та,
Бәрін түрдүк көшіріп.

ТІЛ ҚАЙДА?

Тіл қайда?
Есте, жадымда,
Тіл қайда?
Әуезов кітаптарында.
Қаптаған шала «тілшілер»,
Шулайды тіл жайында.
Тіл бар ма?
Қанмен дарып жүқпаған
Тіл көрдіңдер ме жарымжан –
Жаны бар бойда шықпаған.
Тіл қайда?
Жаны ашымастардың қолында,
Сырқатынан айыға қоймас,
Аттың – жалы, түйенің қомында.
Сиқы бұзылып,
Айнаға қарап тұр,
Арыстан мен айдаһар тілдің жолында.

ҮШ ЖҰЗ

Тұған жер десе... жан шығар,
Қикулап құстан ән шығар.
Көнілдің боздап ботасы,
Көзіңің жасы тамшылар.

Тұған ел десе... жан шығар,
Күмбірлеп тәтті зар шығар.

Оянды қазак,
Ұйықтады намыс,
Намысты кім бар қамшылар?!

Туған тіл десе... жан шығар,
Тамырың сокпай жаншылар.
Жүрегің кан бол тамшылар,
Тамшылап барып таусылар...

Үш жүзім – осы расы,
Санамда хандық құрасың.
Еділден ақкан көз жасын,
Ертіске келіп жуасың.

Дүбәра етпе адамды,
Ақ карасын қанық ет.
Таң қалдырысын ғаламды,
Таңғажайып қабілет.

Ақында арман бар ма екен,
Қанып ішкен қайнардан.
Карайып нелер қалды екен,
Карны жуан байлардан?

Әуелгі беттен таймасын,
Сорғаласын қырандай.
Орта жолда қалмасын,
Кім екенін біле алмай.

Арғымақпен жарысып,
Теніздей тынсын тасыған.
Ұя салсын намысы,
Шыңың ұшар басына.

Күл болған сезімдер,
Күл болған сенімдер,
Сеніндер...
Жарқырап ксудеде тұрдындар,
Салтанат құрдындар,

Содан соң, содан соң
Кұлап бір тұстіңдер құрдымға.
Күл болған сезімдер,
Күл болған сенімдер,
Сеніндер...
Сендерде арман бар,
Қызып жолдары қалғандар.
Сен жайлы зарлы ән бар,
Лапылдап жанғандар,
Содан соң, содан соң
Өз-өзін сөндіріп алғандар.
Күл болған сезімдер,
Күл болған сенімдер,
Сеніндер...
Сендерде – өкініш, қайғы бар
Батырдың жүрегі қаймығар.
Шоғыңды үрлемей,
Орныңды біл демей,
Күл болмай, жалын боп оянып,
Сыңғырлап күл демей,
Тағы да сүй демей,
Не гып тұр жыр – көмей!

ТАҢМЕН ОЯНҒАН ӘЛЕҢ

Кеудемді карып бір әлең,
Мұнайып жүрген кезімде.
Ой-құдықтың түбінен,
Су алып жүрген кезімде.
Күнәға батып ай, жұлдыз,
Қара бұлт басқан кезінде.
Баары күннің сол теңіз,
Қамығып батқан кезінде.
Пернесін басып даланың,
Перілер көшті аспанға.
Жылауық жасы баланың,
Шашырап тұсті тастарға.
...Ерімеді тас бірден,
Ғасырлар бар деп алдымда.
Басымды ип мен тұрдым,
Кұлайдың ғана алдында...

Сағынғанда табылатын қасымнан,
Табиғаттай менің ескі досым бар.
Адал досты көріп пе ең сен осындей,
Берік досты көріп пе ең сен осындей?!

Әлі сұлу, әлі жап-жас сол өні,
Алдап-арбап кете алмас ең сен оны.
Шыншылдықтың тәңірі де сол еді,
Әділдіктің тамыры да сол еді.

Мөлдір неге болмасқа деп су айтар,
Сылдырама сен босқа деп сыр айтар.
Күн тілімен сөйлеп кетті табиғат,
Табиғаттай тамсандырып кім айтар?!

Терезенен сығалаған ай шығар,
Сезімінді тербеді ме тамшылар.
Оттай ыстық намысынды камшылар,
Өзінде де бір сыршыл дос бар шығар?!

ҚЫСҚЫ ТҮН

Қар жауады қолды-аяққа тұрғызбай,
Қанаттарын жайған ақ.
Терезеден телміреді тұнгі ызғар,
Қырау-көзде тайғанап.

Қараңғыда қарауытар жалаңаш,
Мойыл, терек жапырағын жұлғызған.
Қараңғыда бар баяғы бар ағаш,
Қараңғыда қалбаяды шың-құздар.

Шығыс желі тербетеді шынардай,
Отырсан сен ой қамап.
Қараңғыда қояр-ау сол шығармай,
Қысқы жолдар тайғанак.

Жаңыр шайды қара жолдың шандағын,
Тұған жерді мен тым ұзак шарладым.
Су боп акты қара жолдың бетімен
Жаңа тұған менің аплақ арманым.

Жаңыр шайды таудың қара жолдарын,
Судан қашып мен ешқайда бармадым.
Шимайлантанған көп сокпактың ішінен
Шыңға апарар тұра жолды тандадым.

Пай-пай, қазактың даласы-ай,
Қырандар қанатын күйгізген күн алтап
Жерұйық жоқ екен, түйгенім, деп осы-ай,
Көшпендім көрмеген тұрақтап.

Арқадан Алатау ауғанда
Тұлпардың тұяғы кетілмес.
Атыраудан Алтайға барғанда
Қашық деп қазағым өкінбес.

Сар желіп, саф ауа дем беріп,
Жел – кеме, желмая – көлігі.
Қонақжай жол бойы ел қонып,
Бір шеттен бір шетке жететін бір күні.

Ағын сулар ағысын тастамайды,
Еркелетіп тұрады аспан айды.
Еске салып әлемнің шексіздігін,
Жұлдыз болып жан-жакқа жас тарайды.

Жолды үнемі жақсылық бастамайды,
Жарық күнде тұн тынып, қас қарайды.
Адамдардың жүрегін жылатуға
Жаралады басқа мұн, басқа қайғы.

Аспанға жиі қараймын,
Нұрын төгер аямастан арайым.
Жақсыларым сонда кетті емес пе,
Бір көрініп қалар мүмкін елес боп?!

Жарықтық-ай, жарық нұрдың сарайы!
Сенсіз әлем – қара батпақ жабайы.
Кіндігімнен байланғандай бір түрлі
Тауып алдым аспан деген сиқырды.

Төгіледі жаңбыр болып төбемнен,
Көкшіл тартып, мәлдірейді тереңнен.
Жүрек сыздап, мұң шалғанда қабарып,
Көк аспанға қалам үнсіз қадалып.

Шексіздігі мәңгілікен жарасқан,
Ой-санамды жаулап алды сол аспан.
Тектен-текке құралмайды сөз бірден,
Аспан жактан ... келетінін сездім мен.

Көздің нұры көк нұрымен кездесіп,
Ашылғандай құпиялы соңғы есік.
Көкте – тәнір, жерде адамға селбесіп,
Дөңгеленіп бара жатты жер-бесік.

Шынары шын жартасты жарып шығар,
Өз оты өз сәулесін алып туар.
Қолмен түзеп, әуре боп қалма, пенде,
Киялмен біткен іске болып құмар.

Күннің нұрын сіңірген жасыл отты
Дүлейліктің еркімен басып өттің.
Аңдамасаң аялдап киесі ұрап
Киіктің сүтін емген қасиеттің.

АУЫЛ МЕН АҚЫН

Тәрк етіп арман-мұратын,
Ауылда қалды бір ақын.
Жаңбырмен жүзін жуатын,
Жұлдыздан алған қуатын.

Көзінде аунап көк таулар,
Көнілге қандай токтау бар.
Жанарынан жас тамған,
Мәлдіреп тұнған бастауға.

«Ауылда қалдың адасып», –
Жамағат дейтін жаны ашып.
Болашаққа «бал ашып»,
Жол сала алмаған санасып.

Жарқ етіп, таңның тұндігі,
Басталды ауыл тірлігі.
Айналып ақын тұр сенен,
«Ауылым – жердің кіндігі,
Ауылым – жердің кіндігі».

ҚИЯЛ

Не жетсін таза ауаға,
Жұсанды жұмбақ далаға.
Жұлдыздай аққан жүйріктің,
Суреті көшкен санаңа.
Айналып дала қалаға
Ғажайып шаһар бола ма?

Не жетсін қаймақ-қалаға,
Дәрісін сепкен жараға.
Жан-жақты дамып бала да,
Сапарын бастар дана да.
Айналып дала қалаға,
Ғажайып шаһар бола ма?!

Көгілдір көлдер жағада,
Бал жиған асыл аралар.

Ғажайып – кітапханалар
Ой кешкен ак бас ғұлама
Әлемге үні тарапар.

Жемісін төккен, жерде өніп,
Көзін бір ашса бақ солай.
Тәж-Маһалдай сәнденіп,
Айналып тұрса Ақ сарай.

Тұтінін көкке үрлемес,
Зауыттар – жеткен бір белес.
Шаң шығармас жолдары,
Тозаң тұтпас орманын.

Әне – жайлау, міне – жол,
Қақпаны аш та, кіре бер.
Тұлпарды тандап міне бер,
Еркіндік – осы, біле бер.

Таусамай жұтса кәусарын,
Тас қалаға жан салып.
Тілесе қайыр күн сайын,
Азанда бірсу жар салып,
Айналып дала қалаға,
Ғажайып шаһар бола ма?!

Көзінен сыры көрінген
Аяла адам баласың.
Әуелгі таза сеніммен
Мөлдіреп саған қарасын.

Бейнеті қалың пендсін
Жаралы жаны жалаңаш.
Жанына тиіп көрмегін,
Қайрылып қайта қарамас.

Ағылып жатса әңгіме
Шын сырын айтып үндемес.
Тағдырым тұсті тәргіге,
Арашашы бол демес.

Қаларсың қалай сезімсіз,
Көз – айна болар сол шақта.
Баяндап берер тек үнсіз
Үзіліп түскен моншактар...

ЕРКІНДІК

*“Еркіндіктің есігін қылышпен аш”
Сұлтан Бейбарыс*

Алатау жатыр мұнартып,
Жазығы жоқ қой тастардың
Шексізге ол да құмартып,
Тілеуін тілеп аспанның.

Қара тас соқыр, мылқау да
Еркін қалпында қатыпты.
Алатау жатыр шырқауда
Маған қарағанда бақытты.

Көшеді бұлттар ақ тамақ
Кенжекей қызы ғасырдың.
Маңғаз тауларға жалт қараң,
Тәуелсіздігіне бас ұрдым.

Жұмыс көп естен танатын,
Ес жиюға уақыт тар.
Еркіндік десе ағатын.
Мөлдіреп көзден ақыктар...

АУҒАНДАРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Сұп-сұр еді ғой жаңбырдың түсі,
Қараған оған болмады кісі,
Көз жасын көріп мындаған тамшы
Жыландай жалмап жүйткіді қамшы.

Сұр шапан жапты сұр жердің үстін,
Сыры белгілі зымыран соғыстың.
Аспаны бірге ауғандар жылап,
Шапалақ ұрдық, ыскырып қатырак.

Жауғанда қарша аспаннан бомба,
Араша түспей шырқырап жанға.
Шалжиып жаттық, шырт-шырт түкіріп,
Қанағат етті ауғандар барға...

ТАС ПЕН ГҮЛ

Тас гүлге төнді ғашық жардай,
Зіл қара батпан басын алмай,
Гүл ерні әнтек ашылып текке,
Желмен толқыды басыла алмай.

Тас емес, жылап ак жанбыр тозды,
Көктемгі гүлмен бір өмір озды.
Көк бақа тасың мелшиіп жансыз
Тамырын жаншып, сіңірін созды.

Бауырын тескен тұманың көзі,
Тастай қатканда таудың мінезі
Қобыз қеудемде қосыла сыңсып,
Бір сурет қалса ол – шынардың өзі.

Тау болса, тасын жасыра алмайтын,
Кой тастар құжынап, тасыраңдайтын.
Гүлге не дерсің, тасқа не айтасың, –
Қодар мен Баяндай қосыла алмайтын...

БАЙЛЫҚ

Тандадым жан сап,
Сезіммен таусап,
Көнілдің ғана байлығын.
Сақылдал өзен,
Тау - тасты кезем, –
Тәрк етіп патша жарлығын.
Құлдыққа ескі,
Құндікке өшкін, –
Жау жүрек еркім көнбеді.
Салтанат құрған,
Серт беріп туған
“Шындыққа” рухым сенбеді.

Дүние – қоқыр,
Пенделер – соқыр,
Соңынан ерген шерменде.
Көкірегі толып,
Тұр еді-ау жанып,
Әмірге алғаш келгенде.

Алтынға сары
Селт етпес жаны –
Тектілер ғана бас имес.
Сыңғырға елтіп,
Мактауға шертіп,
Иілмей қалған досын дос.

Қоғамның торы
Қуартқан өнін
Досымды сұмдық аядым
Ауырып санам,
Жоғалтып адам,
Алақанымды жаямын.

Ғұмырың келте,
Ойсызға – ерте, –
Байлығың қандай баянсыз.
Жан беріп босқа,
Шағылып тасқа,
Казина жиуды коярсыз?!

Жақсының өзі
Тұнды да көзі,—
Айналды мәнгүрт тұтқынға
Жүргенде күнсіп,
Балықтай сусып.
Карабай-шөлден шықтың ба?

ЭЙЕЛ АҚЫН

Мен кешірім сұраймын,
Әйел боп туғаныма.
Тағдырын бер Күн, Айдың –
Бозторғай жырларыма.

Әйел боп туып,
Ақындықты қуайын дедім бе?
Алып бәйтеректен
Нәзік жапырақ боп шығайын дедім бе?

Мейлі мен кім болсам да,
Ішіме салды ғой бір отты
Қыран бүркіттің ессіз елесінен
Көгілдір балапан шыр етті.

Шекізге қадалса әлсіз жанарым,
Саумал бактарды соғады самалым.
Мен-бәлкім елшісі Ибн-Синаның
Рухани емшісі адами жараның.

Басымды иемін, ерлерге карызыбын,
Сабалап тұрмайтын таптаурын көне ізді.
Ақындық шықпайды шықпаса әйелден
Айтпасам, өледі-ау, ойларым ең ізгі...

17.09.2005 ж.

МҰҢ (Экспромт)

Білем, сезем, осы бір мұнның тек емесін, –
Біреу ғайып боп, қалдырғандай тек елесін.
Әйтпесе бәріне биқтен қарайтын
Әлемге аян ғой Құдай емесім...

Бұл, бәлкім, қырғыздар айтқан жыр ыргағы,
Өзбектің Аллаға арнаған құрбаны.
Бұл, бәлкім, бұршақтап қара бұлт қанаты
Қазақты жылатқан Мұқаның жырлары.

Қаңбақтар көшкіні. Ауганың даласы,
Адаспай тұрмайтын адамзат баласы.
Бұл, бәлкім, мәңгілік ғашығын іздеген
Абайдың нұр тұнған көзінің қарасы.

Бұл деген сұмдық қой – ақылға қарай ма,
Қайғысыз қара су жұбатпас қалайда.

Ақындар ерте өлсө шетінен дарынды
Осы мұңғарышқа әкетті деп ойла.

17.09.2005

Адамсыз домбыра үндемей тұрады,
Қоныр үн төкпейді желкілдеп құрагы.
Домбыра-жанымды самсоз бір күй бөлеп,
Козгайды, тербейді шабыттың шуагы.

Домбыра шын жетім – бұрышқа сүйенген,
Жарасым таппайды төрдегі кілеммен.
Екі ішек сорғалап, қос өзен-көз жасы
Кеудесі шерленіп тұрады-білем мен.

Сиқырлы саусактар құрысын жазады,
Адами домбыра – адамсыз жазалы.
Жұптарын жазбайтын қос акку сияқты
Қос ішек заулайды тарқамай базары.

17.09.2005

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА

Үзілді өмір... Келмеске кетті бір батыр –
Боздатып елін, жалғыз-ақ күнде шулатып.
Жоғалып кетті ол қуатты нұрмен, жүрекпен.
Ізгіліктің де бір гүлін мәңгі куратып.

Айрылды адам Адамынан ең бір қымбатты,
Қайғының сүйн Уақыттың желі құрғатты.
Жартастай ауыр жаныштап түгел жер бетін
Көніл айтты ма, күбірлеп баяу Күн батты.

Аяулы дүние ажырап қалған жоқ сенен,
Карашығында қарайып барып от сөнер.
Жылама адам, Адамның күні батпайды
Тағы бір жакқа таң атыруға кетсе егер егер...

ТУҒАН КҮН

Адамның туған күні – арман күні,
Аспаннан аппақ нұрдың жауған күні.
Күрсінтіп, шаттандырып, толғандырып,
Әйтеуір тағы бір жас толған күні

Кіндік қан босағаға тамған күні,
Бір жұлдыз қара жерде жанған күні,
Қасқа құлын кісінеп Ай астында
Аруана боталы болған күні.

Түнекті тіліп сол күн туған адам
Тас жарып сәби даусы іңгәлаған.
Қызыл шапақ секілді қызыл шақа
Әлемнің кірпігінен сырғанаған.

Дүние құшағына алған күні,
Тіршілік шаранасын жарған күні,
Шатырлап шаңырақтың наизағайы
Толғатып ана белі талған күні.

Сол күні нөсер төгіп, дауыл көшкен,
Беу-беуі ана-жердің шығар ма естен.
Ұлы күн – туған күні адамдардың
Ту байлап, қазық қағып, кіндік кескен.

14.01.2006

Көктемге мен де асығам,
Көк белге қарай жүремін.
Көктемде толқып басылар
Көк пенен жердің жүрегі.

Қар басқан менің жолдарым,
Көктемге мәні алғып бар.
Тасындағы болып қағбаның
Бозторғай жаным қалықтар.

Сабыр бер сабылыстарға,
Кешікпей көктер бұл маңға.

Көктемгі жарылыстардан
Есінен танбай тұрғанда.

НАУРЫЗ

Наурыз өзі тербетті тал бесігін,
Ағыл-тегіл, ақ пейіл көл-көсірім.
Наурыз мақпал түн, уыз таң ғой,
Уылжыған үміттің үйлесімі.

Наурызым ұлы күні ұлысымның,
Пәк қылышқы, паң даласы Шығысымның,
Татулықтың еріген бал қаймагы
Таңдайында досымның, тусымның.

Әз Наурыз – тіршіліктің жалғыз дәні,
Қоштасқан қаһарлының соңғы ызғары.
Алтын күрек аршыған жер бетінен
Жылап кеткен кішкене қар қыздары.

Қызгалдақтар билейді, дөңгеленіп,
Наурыз төрге шығады елге келіп.
Алтыбақан тебеді алтыжасар
Ұстап күннің жібек-жіп сәулелерін.

Наурыз күні тамаша керім қандай,
Көңілдер кірбеңінен арылғандай.
Құшағынан гүл өріп жүр адамдар
Жүз жылдық жылымықты сағынғандай.

20.03.2006

БІЗДІҢ АУЫЛ

Қайда ауылдың даналығы, санасы,
Қарияның таусылған шарасы.
Тұнып қалған тұнық ауыл үстінде
Таулардың көзқарасы.

Қайда кетті қызулы өмір, шулы өмір,
Кетіледі көңіл – сарай күнде бір

Көшіп жатыр қала жаққа құллі ауыл
Қазығы да қалмағандай бірде-бір.

Естілмейді күркіреген бір дауыс,
Таңдайында құрттың дәмі – алданыш.
Алтын тамыр ауыл көшсе қалаға
Жөргегінде өлер ме екен бір намыс?!

Біздің ауыл көрікті еді бәрінен,
Қалжынды да айта білген бабымен.
Абыр-сабыр ауылдардың ішінен
Айыратын қымызының дәмінен.

Күн асылып айыр өркеш шынына,
Көленкелер қыстаушы еді сұтына.
Тазалықты талап еткен ауылға
Шыдай алмай өртенетін құбыла.

Шемен шерді ұрпақтарға көшетін,
Мұхтар атам шешен тілмен шешетін.
Олай-бұлай арамдықтың жолдарын
“Қайшыбұлак” қақыратып кесетін.

Жолаушыға жымиып жер төресі,
“Көлге” жетіп, көкке жетті төбесі.
Ғылым күған Нұр-атаның ұлдарын
Шығарып сап, қарсы алатын жол – осы.

Батыс жаққа көп қарайтын бұл ауыл.
Жағасында жыр оқитын тұманың.
Үркердей боп ұн демей-ак тұратын
Кербез шырша көкке ұшырып қыранын.

Құлын шақтың есте қалған елесі,
Бесігінде тербей берді неге осы?!

Күншуақтап Садық атам отырған
Орындықтың босап қалды-ау шегесі.

“Баян-Шаған” – шамырқанған шатқалым,
Жазда-жұмак, қыста арымдай ақ қарым.
Сиремесін өлген ауыл секілді
“Шағыл” жаққа шашыраған оттарың.

Бес саусақтың сөгілгенде көбесі,
Қарағайдың қадалғанда жебесі,
«Жетіректен» жетім қозы домалап,
Үйір бағып, кірсе екен ел есі.

Төлегендей ақынын құрмет тұтар жөні бар,
Астанаға жіберіп ап, Қайырдыны сағынар.
Баламердің атын алмай өртентен
Балалығың тағы бар.

Біздің ауыл көрпе тіккен, жұн сабап,
Күтірлеткен күз-жартасты күн табақ.
Орак тілді, от ауызды ауылым,
Әңгіменді біліп отыр шартарац.

Аулым-ай, шаруаң тұрсын дөңгелеп,
Абыройды шаша көрме теңгелеп.
Асып-тасқан айдай әлем ішінен
Ақыныңа алақандай сен керек.

ЕЛЕС

Жер Абай боп оянды!
Ай қабақ ақырын дірілдеп,
Еріндер не айтты күбірлеп,
Даналық мың өліп, тірілмек.
Сөзден де ауырлық білінбек.

Абай боп қозғалды!
Алып жер кіндігі...
Қалай деп жориды кім бұны,
Абайдың аруағын аунатқан
Қазақтың не болар тірлігі?!

Алып жүз – Абайдың елесі,
Жер тұстес қоңыр өң –
Санамнан бір сурет көріп ем,
Жан сөзін жүрекпен ұксам деп,
Қараңғы түнекке телмірем...

ТУҒАН ЖЕР ӘҮЕНДЕРІ

Кайда менің қанаттарым жоғалған,
Кайда, қайда мөлдіреген сол арман.
Таулар қалды туған жерді құшактап,
Мен де қалдым, артық емен солардан.

“Көл” аталған басқа атау таба алмай,
Тұншығасың толқып, тасып, ага алмай.
Тәңірінің төге салған көз жасы –
Дөңгеленіп тұрып қалған тазармай.

Бірде ысытып, бірде бұрқап жауыны,
Бұқтырыманың басылмаған солығы.
Таудан түсіп келе жатыр аяңдал,
Алмас қылыш ақ боранның жорығы.

Көшкен жұртты құлазытты қалайда,
Арса-арса ағаштарым тоғайда
Адуын су албастысы ұстаган
Мұз жастанып, қар төсөнген оңай ма.

Тауға елтіген қызу көніл қыраулап,
Жер түбі боп тыншу тапты бұл аймақ.
Сары жұртта – көл қорыған қызығыш құс
Қызығынды көп сұрайды құдайдан.

10.06.2006.

ЖАҚСЫЛАР

Жақсыларсыз өмір сұру мүмкін бе,
Онсыз тіпті жараспайды күлкің де,
Қарап тұрдым қара жердің сыртынан
Жақсы біткен сөйлей ме деп бір тілде.

Қайғы кешіп жан түскенде азапқа,
Боздап кеттім басым сүйеп боз атқа.
Жақсыларды қимай қайта оралдым,
Бауыр басқан халықтардай қазаққа.

Тауда туып, намыс жырттым далам деп,
Қалақтай-ақ қасиетке алаң боп,
Мен кетпесем кетпей жүрмін ортаннан
Енді қайтып жаксы таппай қалам деп.

Назымды айтып, жас төкпедім ағаға,
Теніз үркіп лақтырмады жағаға.
Мен кетейін аққан жұлдыз секілді
Жақсылардың көнілінен садаға.

Жаксы сөзден тайды десе, кім сенер
Ер бақытты ел шырайы кірсе егер
Жерді құшты мейірімнің құшағы
Жақсылармен сөнсе бірге Күн сөнер...

ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ

Әулие ақын, Муза арудың өз ұлы,
Әлемге ортақ таңғажайып сезімі
Өзің емін таба алмаған сұмдыққа
Кек күледі жерге жетіп езуі.

Сығандардың еркін өмір, арбасы.
Салт аттының мыс жүрегі, дәу басы
Алтын шашты Балық-әйел жолында
Сопы шалды жұтқан өзен арнасы

Махаббатта бар мәңгілік жарасым,
Құмарпаздың у іріткен санасын
Пушкин десе... мәлдір көзқарасы
Хас сұлудың елестейді данасы
Ән салады көшпендейлер даласы,
Қалқаяды Қозы Көрпеш моласы.
Пушкин, сені жеткізеді біздерге
Салқын тартқан ғасырлардың арасы.

Ертегі айттың ақиқатты шегелер,
Әзір түрі көрінбейді көнерер.
Марста енді тұрам десе кемпірі
Балықшыға Алтын балық не берер?!

Орыс сөзі құбылып шамшырағы,
Алтын тәжін киіп шыңға шығады.
Күздін соңғы жапырағы қалтырап,
Қыскы кештің бөрісі ұлып тұрады.

Сыртың – бүтін, өнің неден қуарды?
Теніз өліп, сыңғыр бұлак суалды.
Неге, неге аспанда да тұманды
Әділдіктің бар екені күмәнды?!

Дауылпазы, еркін ойдың көсемі,
Қансыраткан қоғамның тас кесегі.
Сенің жырың жарығындай жұлдыздың
Адамзаттың керуенімен көшеді.

АҒАШТАР

Ағаштардың басы қалт-қалт етеді,
Адамдармен сре кетсем екен деп.
Өкіне ме кезіп кетпей жаһанды
Қалғанына жолдың бойын мекендер.

Ағаштардың құлазиды қеудесі,
Оған аян ғажайыптың келмесі.
Қанат жайған ағаштардың кермесі,
Судырайды көрік беріп жерге осы.

Қайтқан құстың қанатындай керілген,
Қара жолдың қапталында төгілген.
Жайнап, қайта қабырғасы сөгілген,
Жолаушыға мұнын шағып егілген...

Ағаштар-ай, сүйрік едің, сынды едің,
Қатар тұрып сәлем берген мың келін.
Еркін едің, азат едің, шулы едің, –
Бір өзіңе жаным ашып тұр менің.

ҒАШЫҚТЫҚ

Тәнге деген ғашықтық шалажансар,
Жан сұлуын ғұмыры адам аңсар,
Тәнге деген ынтықтық айнымалы
Күмәнді онда ләззатты қайғы бары.

Ата-бабам сарғайған санаменен,
Ақиқатқа айналып бара берем.
Аймалап, өртенудің кетті сәні,—
Ерікті жан шырқырап көкке ұшады.

Махаббатты қайтесің сатылатын,
Мың бір тұндік күнәға батыратын.
Іңкәр сезім – айнымас адалдығым
Желбіретті ақ туын санам бүгін.

Толық ғашық болмайсың сезімменен,
Ақыл патша қорсынып көз ілмеген,
Қайыптың жаңғыртқанда атын аймак
Ақ Бебек отыратын ақыл ойлап...

Тән суынып, кеудеден жан алғанша,
Сезімін сездірмеген адам қанша.
Ынтайтарлық парасатпен қауышқанда,
Не жетсін жан-тәнімен табысканға.

СӨЗ

Жеті қырдан аса алмай,
Жетім қалған сөздерім.
Туып, қайта қаша алмай.
Есімді алған сөздерім.
Езуінде езбенің
Ермек болған кездерің.
Бодауында өзгенің
Күлдікқа да төзгенің.

Атасы арзан, сөздерім,
Алтыны тозған, сөздерім,
Қайыр сұрап бұл күнде
Күйін кешкен кезбенің.

Ұртта қалған улы сөз,
Жұртта қалған жылы сөз,
Көпіріктен көрінбей
Көркі қашқан ұлы сөз!

Ел пысығы жаттаған,
Ордадан да аттаған,
Екі көздің бұл күнде
Бірі – айла, бірі – сөз.
Сөз көрдім мен бодаусыз,
Тамырынан суалған.
Қазығы жоқ, қадаусыз,
Жапырағы қуарған.

Сұлу сөйлеп қыла.
Сөздің нанса шынына,
Жетеді гой миына,
Айналмаса бопты енді
Тіл – тұлқінің қына!..

Өлгендеймін түсімде емес, расында
Мен де бірге Мұқағали жасында.
Үйлеген менің соңғы тынысым
Қайғы кешкен жас қабірдің басында.

Нағыз ақын өлген кезде мен қалмай,
Жоктау айтып, арылыппын армандай.
Бәріне де семген санам бас иді, –
Қыбыр-қыбыр тіршілікке таңданбай.

Айбергенов ажал тапқан кезде мен
Періште едім аярлықты сезбеген.
Солар кетіп сөнген сағым ішінде
Қоштасыппын құдіретті сезбенен.

Хас жүйіріктен қалған күнім – далбаса,
Қайтер едім солар лаулап жанбаса,
Бәрі жақсы, төнірек те – керемет
Сағыныштан өлгсі жаным болмаса.

Тамсана берем,
Тамсана берем.
Туардай түркілер таусап,
Ақындар аңсаған өлең.
Сыбызығы тартады кеудем
Асқанда
Аршалы белден.
Байқамай басын көтерді
Бармақ гүл
Балсары жерден.

ЭКОЛОГИЯ

Боздама, жүрек, боздама,
Шындықтың аулын қозғама,
Ажалдың кезген елесі –
Бұрқырап шықкан газ ғана,
Өскемен емес бұл күнде
Тұратын жерім – Газқала!

Боздама, жүрек, боздама,
Ақиқат түбін қозғама,
Қазақша сейлеп келеді
Көп ұлттар бүтін аз ғана!
Мен де бір ана тіл жайлы
Ертегі айтқан таз бала...

Боздама, жүрек, боздама,
Жайың бар шырқар мәз бола,
Жақсылық-жайлау төріне
Үйрек ұшты, қаз кона.
Менікі акпакұлакқа
Айтылған арзан сөз ғана.

Өмірді қыска деменіз,
Қайрандал қалса кеменіз
Қап-қара тұнді қақыратып,
Жасындей жанып сөнеміз.

Шектеулі болса санаңыз,
Шексіз аспанға қараңыз.
Мәңгілік өмір қасында
Жер менен Көктей арамыз.

Тәнің – жаныңың таңбасы,
Шаттықтың шалқар арнасы,
Қимасын алыш қара жер
Кан болып ақкан көз жасы.

Өмір – адамның өз басы,
Жаңбырдай жауған қазынасы,
Жапырак та өлер, жаз да өлер
Тірліктің бар ма тозбасы?!

Өмірге тоймас адамның
Өмірі бітпес базынасы
Өмірді қысқа деменіз...

ТАБИҒАТЫМ

Болысар маған табиғат,
Гүл жарып жауқазындары.
Кол созар сүйеу болып-ак
Даланың ай сағымдары.

Мелшиіп таулар қарайды,
Мерт болса, асыл мұраттар.
Ақ жүзін тосар арайлы
Алдынан шыққан қырattар.

Табиғат тылсым. Аятсыз
Жаныма жанын қосқаным.
Киястау кезде қанатсыз –
Киялап ұшқан аспаным.

Арда төлінің кебінде
“Адамға табын” дегенбіз
Былдыр бұлактың тегінде
Басына қайтып келерміз.

Шабыттың шырқау төрінде
Жұлдыздай жанып сөнерміз.
Өнердің қалар өрінде
Өзінен туған өлең қызы.

Тобығым тайып тастарға,
Толқыннан маржан тізгенім.
Көміліп күміс бастауға
Табиғатымды ізdedім...

МАХАББАТТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Арманыңның ақ қанаты тозбасын,
Іңкәрліктің ақыл-есі азбасын,
Қалқам, сені ойландырысын, қозғасын, –
Махаббаттың үнсіз акқан көз жасы.

Сезіміңнің бота даусы боздасын,
Қобызыңның қыл пернесін қозғасын.
Тіл жеткісіз бақыт күнін тойласын
Үнсіз акқан махаббаттың көз жасы.

Басқа жанға құрбан болар өз басын,
Аспан ауып, жер көшкендей болғасын.
Бәрін айтсын аққу тілмен толғасын, –
Махаббатпен үнсіз акқан көз жасың.

Мәлдіретіп айна көлін жаныңның,
Сен табынсан махаббатқа табындың.
«Сүйем» деген тәтті сөзің қап қойды
Құшағында бар ғаламдық сағымның.

Өлеңім-ай, өрнегім-ай,
Алдыңа мың келгенім-ай,
Балапандай бағып-қағып,
Жаныңа дем бергенім-ай.

Өлеңім-ай, өмірім-ай,
Кетесіндер төгіліп-ай.
Өлең өнген жазираға
Жетектеді мен құдай.

Өлеңім-ай, өнерім-ай,
Шырын бояу шеберім-ай
Жүрек даусын
Бұлбұл үнмен
Қайталаумен келемін-ай...

Өлеңім-ай, маған қонған,
Жұлдыз кезіп, жаяу қалған.
Ауылдастың тайын қосып,
Адамзатқа алаң болған...

ЖІГІТ СЫРЫ

Сол әйелге тыныштық бер, құдайым,
Туған анасы еді оның уайым.
Сол нәзігім шарасыз ед о бастан
Қара бұлтқа қайнағандай көк аспан.

Сол әйелді мейіріңмен қалқала,
Әкесіндей қағып колмен арқаға.
Қара жолдың тарқатылып бұрымы
Тар кезеңде қысылмасын ғұмыры.

Өзін-өзі жарға сокпай еркіндік,
Бақыт елін шыр айналсын төркін қып.
Толқын сокқан менің аппақ шағалам
Жайнап тұрсын жай тапқандай жағадан.

Сыңғыр күлкі, сұлу еді мінезі,
Кіп-кішкене күн сияқты бір өзі.
Жан нұрының суретіндей келбеті,
Құшак-құшак көрген азап-бейнеті.

Сол әйелді жаның салып жарылқа,
Таңырқасаң сосын барып таңырқа.
Қайыр етіп, дертімнің бер бір емін
Сол әйелді өзім ғана сүйейін!

Алтай таудан бір аунап ай сәулесі сырғыды.
Сарыарқаның сап-сары байып батты бір күні...
Тал бесігін тербетіп оятқандай тұн жыры
Қоңыр далам әндектен қоңырау үннің сыңғыры.

Тоқтай алмай уақыт та зар жылады еңіреп,
Өрмекшінің торына ая болған төңірек.
Көкке ұшам деп қыранның жыртылады қанаты
Ұзак тұрып жарықта мұңға батым көбірек.

Бір төбенің шандағы бір төбеге бас ұрды,
Қиял шіркін самғады, жосудай-ақ жосыды
Ту сыртынан әлемнің қарадым мен таң қалып,
Менің әлсіз дауысым маған ғана қосылды.

Адамнан асыл туған жандарым-ай,
Сен неге періште боп қалмадың-ай.
Сәбидің құшағында балбыраған
Сен неге мәңгі емессің тандарым-ай!

Тенізді кесіл өткен көбелегім,
Шеңберден шықпа десе не дер едің?
Шамдары Мекке жақтың самала боп,
Ғарыштан құйылып тұр не керегін.

Жанымның мұхит тектес байлығына,
Бата алмай тас жұтады қайғы мына.
Жарығы жарты әлемге жететүғын
Жақсының не жетеді барлығына?!

ШАБАНБАЙ, ШАБАНБАЙДАЙ ЖЕР ҚАЙДА-АЙ (халық әнінен)

Шабанбайда жаңбыр жасын төгеді,
Сен ауырып, сырқат қысып жатқанда...
Шабанбайда жаңбыр жасын төгеді
Көк аспаннан жарық жұлдыз акқандай.

Шабанбайға қара бұлттар төнеді,
Шөп шабатын мезгіл жетті жанығып
Сенің көнілің оймен бәрін көреді
Аман- есен жетсем... дейсің қамығып.

Үш күн болды бұлттар басын алмайды
Бұл жылауы қай жылау?
Мендең алған ауыр наукас – сен жайлы
Ет-сүйектен өтіп кеткен қайғы ма-ау?!

Боздап қалған боз ағаш
Боздап қалған жан- өзі.
Дүниенің қайғысын
Сездіреді бір өзі.

Қайғы түннің ішінен
Карлығашым кезеді.
Айды бағып ақ қайың
Өртсінді өзегі.

Қыбырлайды қара түн
Қабір казып жатқандай.
Ақ кебенек жамылған
Не жетеді ақ таңға-ай!

ЕРТЕ КӨКТЕМДЕ

Қара қайың түбінде
Зар жылады қыс аппақ
Қара көзден өбелі
Қарындасын құшактап.
Қара шада еркелеп,
Дөңгеленіп жауған қар.
Жылап кетті ертерек
Тал-бұтакқа қонған қар.

Көк жүзінің көз тартты
Алаулаған жамалы.
Ақ жұмыртқа аршыған
Алып көктем самалы.

Балқып барып бұзылған
Құлын мұсін қыз бала.
Қызыл қолмен сызылған
Қызығы көп Мұз қала.

Тас ғасырдай жаншылып,
Тас тұғырдың бұрышы
Жерге сінді тамшылап,
Кар батырдың қылышы.

Ару көктем тамсанды
Ақ тамағы бүлкілдеп.
Тарбаяды саусағы
Тіршілік-ай, шіркін! – деп.

Сөздер де сатылады,
Сап-сары жапырағы.
Жып-жылтыр сөзге айналып,
Көңілім қақырады.

Сөздер де сатылады,
Кері айтып, оқылады
Шын сөйлеп, күлкі болар
Адамның ақымағы.

Сөз шіркін батыр әлі, –
Оқ болып атылады.
Сөз сырын білетіндер
Жаны ашып отырады.

Сөз – жанның айнасы еді,
Ақылдың қоймасы еді.
Сөз жегіп алғандар көп
Құл қылмай қоймас енді.

Сөз сөйлер жағын ашқан, –
Төркінін танымастан.
Заманың келді аяңдал,
Сөз бен іс ажырасқан.

Жолаушы келер заманның
Қамшысы тиіп жылаймын.
Сыбырлап бір сөз айттар ем
Қасында тұрсам Құдайдын.

Шырағын жакқан шынардың
Өкпесі қатты қара жер.
Даруы тисін Күн, Айдың
Алтынын көсіп ала бер.

Галактикада оянып,
Бұлықты удан шерменде.
Шынырауға шындық таянып,
Қалмады дертсіз бір пенде

От ұшты тұяқ-тастардан, –
Адамның пейілін көргенде.
Қызығын тапқан аспаннан
Айналып тұрды жер Кенже!

2003ж.

БОЛМЫС

Найзағайлардың жарқылы
Тұбінे түскен толайым
Ақ қардың тиген салқыны
Таудың-ақ қызы болайын.

Ақ мәрмәр әлем серісі,
Бір саған қарап ойландым.
Шағала тұннің перісі,
Періште қызға айналдың.

Болмыстың шаңқан жұлдызы
Арманның жактың алауын.
Тілеймін мыңның нұр жүзі
Елжіреп саған қарауын.

Шақырган шыңға даланы
Тебіренген таулар толқыны.

Мен тұған аймақ баяғы –
Түркінің сұлу төркіні.

Қарықса көзің ақ қардан –
Болмыстың сыры біле бер.
Көшкі боп құлап шатқалдан
Алақанда еріп жүре бер!..

КҮЙ

Ой, аллам-ай, менің пірім – күй екен,
Ғашық қылған мені саған кім екен,
Бетховенді тыңдаймын да таң қалып,
Күй біткеннің босағасын күзетем.

Есімді алып тербедіндер, толқындар.
Сендерде де арман бар ма айтындар.
Сана, сезім, рухым жоғары тартып,
Күймен бірге көкке ұшып қайтындар.

Жаныма менің жалғыз күй ғана жағып тұр,
Әлемге – әуез, сынғырлы қоңырау қағып тұр.
Ерітіп жанды – еменнің түбін шайқатып,
Айнала түгел күйге айналып кетпей нағып тұр?!

АРЫСТАР

Ей, 1938-дегі қан сұргін!
Арыстарымның түбіне жетіп таусылдың.
Құмға сіңген су емес, жұлдыз еді сондағы
Тырнағымен мыстанның темірдей бүріп қаусырдың.

Оятпасын сені енді, қызылкөзі заманның,
Өкініштің өртенген күлінен мен жарадым.
Мағжандардың тұманнан аршып алған шындығы,
Азат ойы сананың күшігінен таландың!

Сөз шырынын төгеді «Күнікейдің жазығы»,
Тітіркенткен қазақты «Ақбілектің» наз үні,
Тамағында қылқаны – Ахметтің «айыбы»,
Қансүргіннің жалт берген жаһаннамдық жайыны.

Өмірде мән бар ма?
Керексің жақын жандарға,
Қарызсың жаңа атқан тандарға,
Жүргегің айниды жеткенде арманға,
Бақыттан басың айналғанда?!
Аспан – сенсіз де көгілдір,
Тап қазір өлсек де, –
Өзгермес
Өмір бұл!

Өмірде мән бар ма?!

Тұсінбей қараймын –
Ас та төк тойларға,
Тоймай бір тонырақ сорғанға
Арыстың рухын есіне ап,
Жылап ал, корғанба!
Өкпелеп, өксіме, тарылма,
Басына ой жимай,
Май жиган қарынға.
Жай болып құркіреп, күй болып күмбірлеп,
Тұсіп ал мәңгілік сарынға

Өмірде мән бар ма?!

Керексің аяулы жандарға,
Қарызсың алаулы тандарға,
Асылың – менмін деп қарғанба,
Көлеңкем – алып деп зарланба,
Суда да ай бар деп сандалма
Күн жакқа бет алар... соңғы арба.
Төбелер томпаяр тау барда
Асылық айтатын жөн барма?!

ӨМІРДЕ МӘН БАР МА?!

Жүргегің жарылmas биікке самғарда
Көнілің кекке ұшар байланып,
Көзге көрінбес шарларға
Осы сәт, осы сәт – ғұмырлық қоңырау соғылар,
Батпақтан шығатын жол бар ма?!

Сан жұлдыз жарқырап жанғанда,
Толқындар соғылып жарларға.
Сүйінсөң сүйін тек, –
Қол созып алданба!
Өмірде мән бар ма?!

*Алтай тау-сансыз аңыздар мен ертегі
қиялдардың көзі.*

ҚИЯЛ

Жігіт еді ол – бала кезден танысым,
Елестеткен таудың ерке тағысын.
Ұшар шыңда мені күтіп тұратын,
Санқылдаған естуші едім дауысын.

Жігіт еді ол – барлық жұртқа ұнайтын,
Жымынып кеп, ел мұратын сұрайтын.
Жылжып жетсе, сам жамырап-құмай тұн,
Құмай тұнде қыз құшакқа құлайтын.

Жігіт еді ол – жас жолбарыс, арыстан,
Жауын жеңіп, қол сүйегі қарысқан.
Арпалысқан ақ найзамен айтулы,
Ай астында ару жүрек табысқан.

Жігіт еді ол – ер – жарагы жасаулы,
Арман еткен жойқын ерлік жасауды,
Көк сұңгідей үтіліп кеудесі,
Лебізімен көндіретін асауды.

Жігіт еді ол – қоламтасы қиялдың,
Тасты жарған тамырындай шынардың.
Ксістік пен шексіздікте жоғалған
Мен жыласам, соны жоқтап жылаймын...

Ағаштар жазықсыз еді,
Адамдар да.
Қампайды өмірдің іші неге
Шаяндарға?!
Көшелер жазықсыз еді
Жаңбыр жасты.
Күн күліп амандасты Абаймен
Ай мұндасты.

Бір толқын ақындардың бұл Алматы –
Көшкен елі.
Көшеде қалмау үшін қайыр сұрап,
Не істемеді?!
Бір ақын қыршын кетті асқынып дерті, –
Ардың садағасы.
Қағбаға қарап, қажылық сапар шекті
Байдың қара басы.

Ешкімге айта алмайсың енді ешқашан
Ақыл дұрыс.
Жетім козы тас бауыр бол жетілді,
Жетім бұрыш.
Райхан гүлдері жұмаққа шақырады, –
Мақпалы кілем.
Жабыға айналған сақтардың сарқыты –
Аттары кілең.

Көшени жарып ағады көлік өзені –
Аламан бәйге.
Алматының алып аспаны демігіп,
Қарады жерге.
Көктөбе – шыңы арманның қырандар қонған
Тәңір мекені.
Бәріміз сүйетін қаланы жырлауга
Өмір кетеді.

ТІЛІМ ДЕСЕМ...

Корқыттың қобызына, Әнеттей абызыма үн қосқан,
домбыраның шанағына ботадай боздаң күй қосқан
тілімнің... Сарыарқада сай сүйекті сырқыратып, Атырау
мен Алтайда абыройы асқан, Еділден Ертіске еңіреп
жеткен тілімнің; Абылайга алты Алашты бір тудың
истына жигызып, Қаратату мен Орал таудың арасын мың
жылдан бері қоңыраулатқан тілімнің көк түріктің күл
төккен қасиетті даласында көк байрагы желбіреген бугінгі
заманда ажарынан айрылып, босагада ұмыт болған көзедей
қап кетуі мүмкін бе?!

О, Тәңірім! Тау тұлғалы тіліме бармақтай бақ бере ғөр!..

Махамбеттен қалған бір жыр кешегі
Қара түнмен Қайрат боп тілдеседі.
Қанаты қыран тілдің қайрылмайды
Қылыштан өткір тілді кім кеседі?!

Жаныңды жұбатайын шырқыраған,
Қайнары қара сөздің бұрқыраған.
Күніне Тәңіріңнің кез болмайық,
Тіліне казактардың құн сұраған?!

Бетінде шалқар теңіз қалқып жүрген,
Үш тілде адал сөзін айтып жүрген.
Ұрпаққа үн қату да қын екен
Аман-саулық тілейік Алтын Күннен.

Не болсын екі ауыз сөз құрап айтқан,
Жаттатып не жалынып сұрап айтқан.
Біз жүрміз дос тілдердің майданында
Қай күні қазақ тілі шығар оттан?!

ҚАГАЗДАН ЖАСАЛҒАН ҚАЗАҚТАР...

Бір күні мен қыша қазағын сатып алдым. Оны сыртындағы атаудың қазақшасы (әдемтегіше!) қаты жазылыпты: «Қыша қазағы». Тілге деген мұндай «құрметті» басқа ешбір мемлекеттен таптайсыз!

...Бір күні мен көшеде қасы-козі қылған бір әдемі, жұп жұқа, кіп-кішкене қазақ келіншегін көрдім. Ол кішкен қызына: «Аделіно, пойдем», - деді. Онда тұрган не бағ дерсіз? Алайда ол маган қатты қағаздан жасалған қаза бол корінді. Оның бойында қазақы рух, әдем-гұрып, ұлттың намыс тұратын «артық» орын жоқ еді.

Даланың күн тербegen нұры, жаны
Кеппеген таңдайында шырыны әлі.
Қазакы коңыр үнмен сөйлеп кетсе,
Кара сөзге кара тас ұйығаны ...

Тілі – сау, жүрегі аман қазақ қайда?
Қазаққа не береді «азат» пайда?!
Рухани намыссыздық дағы сінген
Халыққа айналғаннан азап бар ма?!

Өрт тілдің өзегінде жалын қалсын,
Бауыр сыздап, басыныз ауырмасын.
Бос бесігін тіліңің тербел отыр
Қағаздан жасалғандай қарындастың.
Бір қызды көрдім Ертіс жағасында,
Болмысы – көзінің ақ пен қарасында
Үш ұрпақ ауыскалы бөгде тілмен
Сөйлеп келе жатыр ғой ол расында?!

Атасы немересін ұға алмаған,
Мәңгүрттік ғасыр жасап құдайланған.
Көзі қара, сөзі сары біреу өсті
Бар белгісі – қазақы шырай ғана!

ЖАРЫГЫМ

Жұлдызға түссін жарығың
Байтып дала сағымын
Қайғылы жердің зар -үнін,
Жаһанның жусын айыбын.

Кабағы бұлттың сөгілсін,
Қанаты қырдың керілсін
Кеуденен титтей күн көзі
Карап тұрғандай көрінсін.

Жұлдызға түссін жарығың,
Күйін кешпегін жабының.
Анаң да десін – «жарығым»
Далаң да десін – «жарығым»

Сахара сынды сабырың,
Теренен тартсын тамырын.
Жалғанға төксін жарығың
Алтыннан күйған қалыбың.

КҮНГЕ МАДАҚ

Алып Күн шығып, Ай батты,
Алақанымен мені ойнатты.
Баурына басып баладай
Жер - әлемді жайнатты.

Алып күн, ерек алдып күн –
Ақ қайнары жарықтың.
Күн сөнгенше, кім сөнер?!

Ақиқатыңа қанықлың.

Жап-жасыл жауын –
Жапырақ.
Жұмакқа айналған атырап.
Көгілдір аспан жасайды
Алшайып көкте жатып-ақ.

Кызыл гүл сүйіп сәулесін,
Дауылпаз даланы сәндесін
Алтын Күн – алып әулие
Таппаған жерден теңдесін.

Өзіне сеніп көз ілдім,
Сырына сендім сезімнің.
Бір уыс нұрдан жаралған
Титтей жанымды сезіндім ...

Музанды өлтірме, жарығым,
Жұрт жасай береді сауығын,
Тұлпар тұяқтан от шашқан тектілік
Жалында кетпесін жабының.

Музанды өлтірме, жарығым,
Сарғайса сары алтын сабырын.
Кожаның шапанын кисен де,
Жол тап. Тимесін зәбірің.

Музанды өлтірме, жарығым,
Солқылдат тіршілік тамырын.
Шындықтың аулында – казына,
Өтірік – өлген қабірің.

Әншейін әуейі сөзге елтіп,
Жасанды жаһанды кез келтіп.
Бір ділмәр күні-түн сайраған
Жаныңды кетпесін өзгертіп.

Жалғыз кәусар бұлағым – шабыт қана,
Жалғыз ансар жыр-әнім – шабыт қана.
Таулардың қыран даусы шаңқылдайды
Тұлпардың тұяғында шауып дала...

Шабыттыңың жел тербел желкендерін,
Көнілден шыққан ойды көркемдедім.
Киялым ерікке көнбей, естен танды,
Жарықтың жылдамдығын ертер ме едім.

Өзімді де шошытар жасын ойнап,
Жүйрікке тақым қысар жасыл аймак.
Өкіреді өзенге қойып кеткен
Таудың ерке бұршағы тасырандал.

Шабытымның нөсері кешіп өткен,
Бұйра толқын, боз жусан қасиеттен.
Ақ маңдайын тәсейді Алтайға кеп,
Ақ жүзін аршып алған қасіреттен.

Шабыттың шатырласа найзағайы
Ақынның боздайды ғой «Ай, заманы».
Жағымпаз, мәймөңкелер – көлеңкелер
Тырнап ап, қан түкіртер қай жараны?!

ПАТША КӨҢІЛ

Біреу...
Көңіл құрты – таққа ол да отырар,
Бақа басты баққа бір батырар
Жеті басты жебір жын сияқты
Алтын шапан киген құл сияқты.

Екіншісі...
Ойламаған таққа ол да отырар
Парасат пен пайым жолда тұрар
Қарасуда туған ұл сияқты
Патша болар тірі... Күн сияқты.

Өмір деген, айнам–әділ қазы
Маңдайыңа қойған бәрін жазып.
Патша көңіл жанның жылуымен
Қара лашық тұрды белін жазып.

Өмір деген, қарғам, сынақ дейді,
«Қысық көзің» тұрар сынап дейді
Жар құлаған жакқа аунап түспей,
Патша көңіл қалса шыдалп дейді.

ҚАЙРАН ҰАҚЫТ

Талай көрдім,
Уақыттың бос өлгенін
Қанша күнді қадірсіз
Өз қолыммен жерледім.

Патша ақылым құл болғанда тірлікте,
Ханша сезім күң болғанда тірлікке,
Ие болу кайда маған шексіз билікке.

Ақ қанатым қара жерді сабалап,
Ұша алмасам құлмей ак қой табалап
Атар таң мен батар күнді бірдей етіп жаратты
Белгісі жоқ өткен күнгे обал-ак.

ҚОШТАСУ

Өзің кеттің дүниеден
Сезім – тірі, ой, алла-ай.
Тербеп мені оятады,
бір тамшысы жоғалмай.

Нағыз жетім сол екен ғой,
Жоқтап тұрды ол асылды
Сағыныш бір сел екен ғой
Көз жасы боп жосылды.

Мұң кезеді шыр айналып
Айша Бибі мазарын.
Аққу талып құлайды анық
Көтере алмай азабын.

Аяғына жете алмаған,
Шіркін дүние тар ма екен?
Бірге аттанып кете алмаған,
Жанға дауа бар ма екен?!

Көнілім құлазиды әлденеден,
Уақыт емші еш жерін емдеген.
Көз алдымда бұлдырап бара жатты
Шарасыз серік бол деп сенген өлең.

Музыка, қалған жанды сен езесің
Кебеді шөл даладай кенезесі.
Мұннан сарай тұрғызып, көшіп алдым
Қасірет – есік, қайғыдан – терезесі.

Музыка, сен ағыттың үлақ көзін,
Тоқтау ғып тұра алмады шыдап төзім.
Қайғының қан жылаған ортасында
Өле алмай шырқ айналды жылап сезім...

ЖАЗҒАН ДЕГЕН БІР БАҚЫТ

Сен!
Жазатын адамды
Қаламынан айырма.
Батып кетіп журмесін
Бар ғаламдық уайымға.

Ақ жаңбырлар төгілсін
Бір кесек үлт дайында
Жазсын терек жастанып,
Сүйенгендей қайыңға.

Сұлулықтың әлі күн,
Өлмегені жайында
Жұлдыздары шындықтың
Сөнбegenі жайында.

Бір азғантай бер уақыт,
Жазған деген бір бақыт.
Дүние боп дәңгелер
Кірпігінде бір жақұт.
Ұлтый деумен азамат
Жанын жүрер жарадап,
Жез тырнағын батырып,
Заман отыр балалап.

Ақын – сезім теңізі,
Табиғаттың егізі.
Тура басты жүрекке
Апат салған сор ізі.

Көркем ойдан бал тамып,
Айтсын ақын дәл тауып.
Жоғалған ол періште –
Берген Тәнір қайтарып.

ТАБИҒАТЫМ – ЕГІЗІМ

Шағылға шықкан шынармын,
Айыбым – ағаш шығармын.
Бейуакта ескен самалмен
Сананда шулап тұрармын.

Қанат та болсам сынармын,
Биіктен ғана құлармын.
Алысып мыңмен көрмедім,
Табысып мұңмен тынармын.

Тас жарып шыққан желегім,
Жап-жасыл жарық төгемін.
Жабысып жартас өтінде
Жұлдыздай бір күн сөнемін.

Ботагөз бұлақ – сырласым,
Ақ қайың ару тыңдастын.
Ән салар арша ғұрлымын,
Шуакқа бөлер шың басын.

ЖАН

Ақ шабағы күнге ойнап,
Аққан уақыт теңізі.
Жастық көшкен сайран бак
Жайрап жатыр көне ізі.

Жастық кешу толқыны
Жарға соққан әркімді.

Кар боратты салқыны,
Өртеді оты еркімді.

Әрі жалын, әрі мұң
Жан негізін танимын.
Сүйдім әлем жарығын
Пәктігімен сәбидің.

Мойындайды ақ шашты
Адам деген арлы есім.
Өзін-өзі ап қашты
Жас қалғандай жан-жесір.

Егіз келсе, ой ойлап,
Қарттық пенен кемелдік.
Әжім жүзін шимайлап,
Жан картайса не болдық?!

Керуен бұлттан кетті асып,
Кона ма, енді қонбай ма.
Жастық шаклен қоштасып,
Жан жыласа болмай ма?!

Жапырактар... жанына орап жарықты,
Жадыратты бәйтеректей алышты.
Дір-дір еткен мың жүректен бір жүрек
Көкжиекке бір жапырақ салыпты.

Кия шында жалғыз қалған, дарагым,
Иіледі шырын сорған сабағың.
Жеке, жалғыз жүргітта қалған дарындаі
Ел өзінді, ал сен елді аядың.

Мың жапырақ – мың қайғысы өзінің
Қара шарға қайрап өсер төзімін.
Сар далада сарын айтқан теректің
Көкірегі – қобыз дерсің, көзі – мұң.

Жанымды қайтем, жалмауыз тағдыр ауыртқан,
Жабағы бұлттар шындарды құшып жабыққан.
Өлеңімді оқып, өксіді момын адамдар
Өзімнен емес жаралған тылсым-ғайыптан.

Жақпадым эсте жағымпаздарға жарық боп,
Жалтырақ сөзге жуандар мінді қарық боп.
Заманым қаша өлмestің жолын ұсынды,
Өзіне обал, дертінен, қалқам, айық деп.

Косылып көрдім қоғалы топқа әдейі,
Кешірсін мені аспанның аппак әусні.
Талайсыз, бақсыз, дарынсыздардың перісі –
Алдынан шықты сл кезіп кеткен әуейі.

...Кездестім домбыраның шанағында,
Сері Ақан актағандай ар алдында.
Күй болып ата-бабам күніренеді
Жау қашқан ұлы сайдың табанында.

Домбыраның дөп басып гірнелсін,
Сарнаттым сайыпқыран термелерін.
Сан ғасырлық ән –күйдің құдіреті
Қолымда үкі болып тербеледі.

Он саусақ сорғаласа жаза баспай,
Кетерсің оза шауып қарамастай.
Бұлқілдең көмекейі шешен жырдың
Шашылар, жиып-теріп ал адаспай.

Корғап – коршап тұрғандай әулиелер,
Сәби – сөздің санаңа әлдің енер.
Домбыраның иесі, киесі бар
Күмбіріне шыдамай жан күйе бер ...

ТОҚЫМА ҚҰМЫРА (баллада-мысал)

Баяғыда... жіптен өрнек салатын
Тоқымашы іс істепті
Адам естен танатын.
Киял кезіп көздері
Үш өлшемнен асатын
Төртінші өлшем іздеді.

Осы шебер тоқып шықты құмыра
Жұрт не десе, о десін деп соңыра...
Құмыраға су қүйды ол әуелі,
Ессіздіктің бірак шегі бар еді.
Бір шындықпен алдау қын қогамды,
Құмырашыға сенім бірден жоғалды...
Шебер тіптен өз ісіне берілген,
Арман – тауға тез шығардай көрінген,
Құмыраның көрініпті тегі асыл,
Онда әлемдік бар секілді жарасым.
Оның сансыз тесігіне жамау сап,
Өз ойына өзі бопты жарамсак...

Сосын... қаймақ піспек болған секілді
Жұрт үйренген мазағыңа не түрлі.
Күлменті енді өтірікке еті өлген,
Шындық тіпті туда алматы бекерден.
Құмырашы өз алдына, жұрт бөлек,
Жер де ақырын аунап түрдү дәнгелеп.

Жалған данктың тәтті дәмі әлдилеп,
Теңіз – ойда қайық жүзді зар илеп.
Бір күндері аспаннан нұр себелеп,
Құмыраға гүл өсіпті керемет,
Тоқымашы тасып судай көнілі
Аяқ асты өнденипті өмірі.

Танылады алдау-арбау түрінен,
Жаға алмассың отты қайтып құлінен
Құмыра еді ол жаза басқан жібінен
Көп ұзамай шіріп түсті түбінен...

Кешірші мені қиялын кешсем кезбенің,
Жеті қат көкте даусына салсам өзгенің.
Тәж киіп Күннен, жамылып Айдың шапанын
Ақиқатыңа алданбай қойсам көз көрім.

Ақ карға бөлеп, қал-қара жерді есті арым,
Алтайы желдің алдына түссем кеш, жаным.
Шағылдан ұшқан шағырмак бұлттар жай тастап
Шынның жүзінен тітіреп кетсе аспаның...

Көрде десе... өлеңің
куліп кана тұрармын...
Өлген десе... сенерің
сыр білдірмей шыдармын.
Жақласа да, жақса да ақиқаттың аулынан
Былдырлаған бөбектей бірдене айтып тынармын.

Қалай ғана дүрмекке ереуіл сап ерермін,
Көз жетпейтін сұмдықты көңіліммен көрермін.
Жел аударған қаңбактай дүнис қуған досымды
Аяп тұрып ар алдында тәубеме мен келермін.

ШЫҢГЫСТАЙДЫҢ ШЫНАРЫ

1906 жылы жаңа гасырмен бірге санасына сауле оралған қазақ ойлысының бірі, Петербургте білім алған, Өскемен дуаны, Шыңғыстай болысын басқарған Әбдікерім Ережепұлы Қазақ елінің Шығысында тұңғыш рет мектеп ашты. Қазақтың жазбаша тарихынан әлі күнге лайықты орын ала алмай келе жатқан агартуышы қайраткердің есімі, оның жүріп өткен қанды соқпағы тұган халқының откенімен біте қайнасып жастыр...

(Толғау)

Алтайдың асқан асқары, белі
Аппақ әлемге бастады мені
Сақтардың туған алып мекені
Алласы – Тәңір, аспаны – Бөрі.
Түркінің еркін кербезі сері,
Жеті жұт келіп, жеңбеді сені.
Сары жұрт мекен – қазақтар көшкен
Ата дүшпанға бермеді сені.

Тұлпарлар кешкен шалғыны көктеп,
Жөңкіген бұлттың көз жасы кеппек.
Алаштан асып, адамзатқа да
Асқар шындардың айбыны жетпек.

Кырандар конған қиялы мекен –
Дархан даланың сыңары ма екен?!

Әбдікерімдей алыптарымның
Түсінде көрген шынары ма екен?!

Калт еткен іске қырағы мекен
Қайыңы сыңсып жылады ма екен?!

Зорлықтың өктем өкіметі орнап,
Қылбұрауға қалай шыдадың екен?!

Шырындай еді-ау өмірдің басы,
Таңғы шық тамшы – көнілдің жасы.
Ережеп қажы еншілеп берген –
Елге бас болу ердің мұндасы.

Әндей еді ғой әлдилі мекен,
Қан ғып жұта ма қайғынды бөтен.
Дініңді даттап, діліңді жаттап,
Бұлбұл тіліңе зар қылды ма екен?!

Сөнсө де арман, аспаның күйіп,
Сауапты бір іс бастадың біліп.
Орта жұз бөркін аспанға атты,
Әпекен мектеп ашканың біліп.

...Кызыл қарағайдың сырқырап белі,
Шалғынға тізе шылқымап па еді.
Қазанның кара дауылы ұрып,
Күдігі жанды қыршымап па еді?!

Іс тынды ұлы айта қалатын,
Кол соғып тұрды байтак Алашың.
Алтынсарин кеп арқа қағатын,
Абылай атқа қайта қонатын.

Шырқаған төрге Шыңғыстай жері,
Көнілі көктем – Қаратай елі.
Қаратаяққа қаріп танытқан
Алтын ұясы – алақаны еді.

Ұстаз іздедің сабылып елден,
Күркіремеге Күргерей* келген.
Орысша болса да орайы келіп,
Дүниежарық білімін берген.

Күн болам деген қараңғы көкке
Сәуле етем деген санамды дертке.
Сұлтанмахмұттың сабак бергені
Сайын далада таралды көпке.

Махмұттың мұны, қайғы, наласы
Боздаған елдің зарлы баласы.
Алтайдан ескен ару самала
Жүрекке салған жанды жарасы.

Махмұттың сыры – сезім сарасы,
Абайдан қалған сөздің данасы.
Ақсұңқар еді... ұшты да кетті
Көнілде қалды көздің қарасы.

Тектінің ерке, тәкаппар қызы
Қосағаш жақтан тартқан дәм-тұзы.
Шолпандай таңғы туды да батты,
Батсайы мінез, қылық қырмызы.

Жауқазын тағдыр жөнелді көшпен,
Жат жерде солып, ызырық ескен.
Бағила кетті, бағың да кетті,
Өмірден мұрат өзгеріп өшкен.

Қытайға кеттің, мектебің қалды,
Арттағы мұзда өткенің қалды.
Шыршалы тауың, қарақат, қайың,
Аршалы беткей, бөктерің қалды.

Есімінді елің ұмыта алмады,
Тірлігін жасап тірі Таңбалы.
Айдаһар жылдар ажал төксе де,
Әділет жолын құрыта алмады.

... Айтпаса сөздің батасы өлердей,
Бәтуалы ойдың батасы ерердей.
Өзің салдырған мектебімді іздең,
Боздаған көніл ботасы өлердей.

Сексен жыл шыдал, сор алған мектеп,
Бағасын алған қоғамнан мектеп.
Ұлы қағанның моласындағы бол,
Жердің бетінен жоғалған мектеп...

Жүз жылдық дастан жаралған мектеп,
Сан ұрпақ өнген саяннан мектеп,
Толықсып тұрған толағай шакта
Тоғышарларға тоналған мектеп.

Алтайдың төғай, орманы қалың,
Мұзбалақ үшқан арманы жалың.
Жартасты жарған жүзжылдық Шынар –
Рухы сөнбеген өзінің жаның.

Еліңің қайсар Шынары сенсің,
Қаранды түнде шырағы сенсің.
Ақ берен мінез азамат ердің
Алмас қылышты ұраны сенсің.

Мың да бір шүкір ете бер хаққа,
Жер ауып кетпес сәбекің жатқа.
Қарағай мектеп қайтадан орнап,
Мәңгілік қалса Шекеме жакта.

* Григорий атты мұғалім Шыңғыстай мектебінде ұзак жылдар адам қызмет еткен-ді. Ол кісіні жергілікті жұрт жан тартып Күргерей атап кеткен.

Адамдар өмірден өтеді,
Шын өмір сүре алмай.
Аңсарын акқу бол сүйс алмай,
Өмірден кетеді қия алмай,
Кімді шын сүйгенін біле алмай?!

Адамдар өмірден өтеді,
Жөңкіген қыратта құландаі,
Жорғалап жыландаі, сорғалап қырандаі.
Төрі – алтын, көгілдір дүниеде
Бір күн де көбірек жүре алмай...

Адамдар өмірден өтеді,
Қайтқандай қаздардың керуені,
Самғайды, қалмайды шегінері,
Салтанат құрады, қайталап тұрады,
Мәңгіге қош айтып өмір елі.

Адамдар өтеді өмірден
Жалықпай жартасқа барғаннан,
Өздері айқай сап,

Өздері жаңғырық болғаннан.
Жан шығып кеткенше босанып арманнан,
Мәңгі өмір сүрердей қарманған.

Адамдар... аяныш туғызар...
Бұ дүние жұмағын көрмеген.
Тастан жүк, мұздан мұң тендерген,
Су ішіп... кәусарға шөлдеген...
Құдай-ау, тым құрыса қым-қуыт тірлікке
Екі рет қайталап келмеген.

ӘКЕМЕ

Әкем менің ерте кетті,
Арманына жете алмай,
Аппақ танды тұрды күтіп,
Бірден қып кете алмай.

Әкем менің морт құлады,
Сағағынан шорт үзілген шынардай.
Кара атандай қақырады,
Енді қайтып тұра алмай.

Ат үстінде көп шыныққан ер мұсін
Өмір – өлім айқасқанда қасіретті көрді шын.
Аурухана үш күн күтті
Соңғы демнің тоқтауын.
Тауға қарап, төрт қыырға табынып,
Тілеп тұрдым Тәңір оны сақтауын.

Әкем өлді,
Аунап түсті аспаным.
Кара түннің құшағында
Шырқырады жас жаным.

Әкем өлді,
Асқар тауым құлады.
Қабак асты қайғы шекті,
Жадау өзен жылады.

Содан бері менің мұңлы
мың бір түнім басталды
Аспантауды қара тұтып,
пана көрдім тастарды.

Тасбұршактан аман қалым
өзіме-өзім күш беріп,
Балалық шақ, бал сезімнің
кетті бәрі іште өліш...

Тау түнерді қара түнге
Жетім қалды... тиіспе деп.
Шарасыздан тұрдым мен де
Мейір сіңген шскпенінді иіскелеп...

ҚҰБЫЛНАМА

*Оның ішінде арыстан өліп,
тұлкі тұншығып жатады.
Халық аузынан*

Арыстаниң оянғанда ішінде,
Найзағайлы қара түн бол қараймын.
Сан құбылып өзгергенде түсің де
Ұлы сөзбен ұялтуға жараймын.

Тұлкі бикеш тұншыққанда ішінде,
Алдансам да, ақ бол қалар араймын.
Адалдықпен асқақ өтем кішірмей,
Алтын Күннің жібек шашын тараймын.

Пысықтығың пасықтықпен мастанып,
Әуре болма, мақтама.
Білінбес деп, бөрік ішінде бас жарып,
Заман үшін арамдықты актама.

ШӘКӘРІМ

Сен қазакты өрге сүйреп,
Қайғы шектің молынан.
Жан пида деп тұрмаганның
Жұрт ере ме соңынан?!

Адам үшін арды бактың
Абай жолын қайталап.
Жұртын... көшкен керуеннің
Жан отымен қалқалап.

Дүние – қайғы, сор дегеннің
Кан жүрегін жұбаттың.
Ақ сөйлетіп періштеге
Шынның жұзін сынаттың.

Өзін жүрттан зор тұтқандар
Іш пыстырды шер қамап.
Саятқора – азат мекен
Жалғыз кеттің корғалап ...

Шын сүйіндің Алла атымен
Даналыққа ғашық ең.
Ақылынды көп жүздіріп,
Дария боп тасып ең.

Сені атқанда Қарасарт-жын
Өкінбедің білемін.
Құшақ жайып алапат жыр
Жанып тұрды-ау нұр өнің!..

АЛТЫН БАЛДАҚТЫ БҰЛБҰЛ (мысал)

Заманың өзгергенде айлалары
Ақиқат күн көреді қайда барып?
Алтын торға қамалды бозша торғай
Жаһанда бір іс болды таңданарлық.

Күндіз-түн күйге бөлеп Сарыарқасын,
Ұйытқан балбыратып тау мен тасын.
Бір күні алдап-арбап әкетті оны,
Көрме деп сұм өмірдің барымтасын.

Бұлбұлды патша ұстады алтын шарда,
Шығарып желкілдетті анда-санда.
Будданың әкесіндей қорғаштады,
Отау деп, ойға оңаша ... неғылсаң да.

Патшаның айтқанына бұлбұл көнді,
Зәмзәм су, тордың шетін гүлдер көмді.
Сыбызғы ойнап, сыңғырлап күміс көмей
Сезімнің қыл пернесін шертіп көрді.

Биліктің түсті бұлбұл қармағына,
Ақ қорған орнатыпты жан-жағына.
Жез қанат, гауһар төсі жылт-жылт етіп,
Сүйсініп қарайды алтын балдағына.

Бейішті жаңа көріп қызықтады,
Бозторғай боз далаға қызықпады.
Әндерің қайғылы әрі мұнды екен деп,
Біреудің «мінін» айтты тізіп тағы...

Бұлбұлдың содан қайтып үні өшті,
Бұлттардың көз жасымен керуен көшті.
Қасиетінен айрылған қайран құсты
Жұрт ұмытып болғаны жалған десті...

АРДА ТІЛІМ

Самалдың сазымен өскен,
Саумалдың жұпарын кешкен.
Сағындым ерке даусыңды
Ар тілім – ауылдан көшкен.

Жырау тіл жабығып айға
Жүдейтін айыбың бар ма?!

Өлең боп өртенетін ең,
Семсердің сарыны барда.

Қаланың қабағын бағып,
Қарадың тағы мұнданып.
Ботадай ит қосып қуды-ау,
Бәгденің сөзін аударып.

Саялап сананың нұрын,
Аялап даланың гүлін.
Тектім-ай, теперіш көрген
Көшпей түр жаралы күнің.

Жыр өскен жазира белде,
Қарайып қалмадың елде...
Қайран тіл, уыз анқыған
Қамығып қараймын жерге.

Алып шың биігін басқан,
Суреттеп... киігін қашқан.
Түркілер төркініндегі
Хан тілім – халық мұндастан.

Бұлкілдеп көмекей – дастан
Бұла тіл бүркырап бастан...
Саркырап сан бұлақтарың,
Арының Алатау асқан.

Қайран тіл қапада жатқан,
Ауылдан ... аңыз таратқан.
Шыңғыстай қыран ұшырып,
Ақсудан ел жәннат тапқан.

Тілім-ай, уылжып туған,
Кезін бұл күмілжіп тұрған.
Арда тіл, айбары болғай
Қауымға қағанат құрған.

Ұйыған сөзіне дала,
Ұйыған сөзіне дана,
Таңсәрі табиғатынды
Тілеймін өзіне ғана...

МЕНИҢ КЕЙІПКЕРІМ

Рухына қылау түспеген,
Ак танды бояп акку түспенен.
О, менің асыл тектім-ай,
Ақша қар жаңың өріп тұр
Алып тірліктегі кішкенем!

Жалындал жұмбак арманың,
Керек еді ғой самғауың,
Санама сыймай тұр менің,
Қаған тірліктің көшінде
Карапайым боп қалғаның.

ШЕКСІЗ ҰЙЛЕСІМ

Дұние дел-сал ...
Жиылмаған кокпенбек шатыры әлі,
Құс жолы ақиқатқа шақырады.
Көз нұрым шашырады
Ай кезбеге.
Сөздерім шашылады,
Қай кезде де
Тұпсізге сініп аптығы басылады.

Құпиясы кат-қабат қырғын дұние
Пендесінен бір керемет жасырады...
Адам болды ақыры бар ғаламның
Өзіне-өзі көзі қазған ақымағы.

Тайға таңба басқандай жазылғаны –
Әшкере бол маңдайдың жазулары...
Ми құтысын аударып-төңкереді,
Әмір мәнін іздеген аз үлдары.

Жапыракқа қараймыз жазу іздең,
Тағдырға өкпеліміз, назымыз көп.
Кім біледі, кай күні қайтарады
Келген жаққа қайтадан барыңыз деп.

Әмір солай... өз-өзінен үйлеседі,
Кей сэтте ақ пен қара бірлеседі?!
О дүниенің де керегін толтырмаса,
Адамзат алшаң басып жүрмес еді...

ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Тамыры бар ағаштың
Куармайды, сембейді.
Жерді жарып шығады
Қылтан қоймай көм, мейлі.

Тамырсыз адам өледі,
Тілсіз, ділсіз, санасыз.
Уақыт сізді көмеді,
Бабаға не деп баrasыз?

Құйрығы тұтам, баянсыз
Біркүншілік жалғаның.
Құнсыз, тексіз, бодаусыз
Көшірме бол қалғаның?!

Көп корқытты, терен батырды,
Мылтықсыз майданға салды... ізгі елді.
Әшіріп өнін қашырды
Әркениет өртеңіндегі іздерді.

Тұсінде де тіліңен адастың,
Айрылып бәрі-бәрінен ...
Әзгертіп тінін көзқарастың
Жаныңды да алды әнімен!

Өзгерген таным, талғамы
Көшірме ұрпақ – сор ісі.
Әзірге аман қалғаны –
Бейкүнә жүрек соғысы ...

Сарғайып сан өртенген жапырақтар,
Сені енді әлділемес атыраптар.
Дидарын дуалаған дүниеде
Даусыз дөңгеленіп қақырап қал.

Жапырақ –ай, жаз иісі бұрқыраған,
Көшкен күннің қол бұлғар жұрты маған.
Табанымның астында уһілесен,
Тәубасы тірлігімнің шыркыраған...

Жапырактар... жоғалды жаңыш бәрі ,
Күннің сынық бөлшегі – жарықтары.
Табиғаттың бір жылдық толғанысы
Сағағынан үзіліш, қалықтады...

Көрік берген қарағай, қайыңды елге,
Жапырақ түсті, жаз өлді сары белде.
Көк аспанға ту тіккен жапырактың
Қонардай жаны жерге...

Жанарыңдан мен мұнның бейнесін көрдім,
Тұңғиқтан сәулө тәгіп тұрды ол.
Күннің аппак дидары сөнбессін дедім,
Қара көзде сұлулық бар сыры мол.

Қара көздс – қарақаттай мөлдірлік,
Сабыр тұнған, ақыл тұнған бастау бар.
Қара көзде бұлтартпайтын бар шындық
Ақ пен қарадан басталған.

Тағдыр кейде қарайды қызық маған,
Оның мәніреу түрінен тұк ұқпағам.
Кейде құліп, кейде өндін жылтылаған
Несібемді тірліктен жиып барам.

Кірсіз аспан сәулесі жузық маған,
Қатал құздің қабағы сұзық маған.
Атар таңға асығып бара жатып,
Батар күннің алдында тұрып қалам...

КӨҢІЛ КҮЙІ

Мұңлы да сырлы домбыра,
Құл болудың орнына,
Төрде тұрсың қасқайып,
Көзімнен кетті-ау жас тайып.

Шым құдықтың түбінен
Тарта алмадым мен наданды.
Сабылып сайтан жиылып,
Сарсанға салды-ау адамды.

Нұрлы да сырлы дүние,
Тереніңе батырдың,
Түбіңе сенің жете алмай,
Ойға батып отырмын.

Күмбірле, күнірен, домбыра,
Нөсеріңмен серпіп өт.
Ақиқат десе андамай,
Қак жарып айту сертім ед.

ТАБИҒАТЫМ – ТАҒДЫРЫМ (Оралбай қартың екі әңгімесі)

Алтайдың есімде әлі өртенгені,
Сол күзде сарғайып жер ерте өлгені,
Малға – азық, жанға – септік қылтан қоймай,
Көзі ағып, куарған Күн өлкемдегі.

Бас қатып қиналды жұрт амал таппай,
Бір қарсқет табуға қарап жатпай.
Қарасуыр шөбінің күймеуі анық,
Ендеше неғып тұрмыз соған тартпай?!

Аршаты мен Берелдің арасында
Қарасуыр – қойнау жер шамасында.
Тау сұы, қалың ағаш тамырымен
Шалғыны сакталыпты расында.

Сол жерде он күн бойы жан берістік
Қара су, ашы айранды шөлдеп іштік.
Қалың жау қарыс жерден кез – келгендей
Тартпа сілтеп қиялмен өрлең ұштық.

Катонның білесіз ғой ағұс айын,
Өлең – шөп, өмір де – шөп жарыс айын.
Үлгеріп катал қысқа қалу үшін
Көз көрмей, көңіл сезбей қарысарын..

Еңбегіміз жанғандай балбырадық
Отыз – кырық маяны салдық анық.
Еңбектіктер еңсердік біраз шаруа
Алайда атты тағы таң қуарып.

Өртенді тау күйген күнгө шыдай алмай,
Ақкан су, ак бұлакта шама болмай.
Өртенді азаматтар қойған таулар
Өртенді өр мақсаттар мая-мая...

Тұншығып ойға қайттық оле жаздал,
Таулар құлап қалғандай – коне маздақ
Арманы өлген жалғанда жалғыз біз бе?
Дастаның адамдардың өмір жазбақ.

...Ақ боран – біздің жақтың сүргіні еді,
Аждаға – Аспантаудың сұнгілері.
Мылтық атып көшкісін құлатуши ек
Қадірін сол күндердің кім біледі?

Бораны ойнак салатын ай астында,
Бөрі ұлыған тұндерде адастың ба?
Ішін тартып екеуі тап келгенде,
Жердің демі білінер қар астында.

Әмір, өлім айқасып қырын кеткен,
Кия шың, құз жартастан ұлың кеткен.
Аңыз болған Алтайдың ақиқаты
Ертегідей естілер бұрынғы өткен.

...Бір күні аттанып ем Алатайға,
Мал басын аман сақтау – мақсат ойда.
Екі өкпесін қолға алып Жонға шығу –
Сол кезде басты жұмыс «упрайға».

Жем – шөп жайын байқастап қайтар үйге,
Ұзамай ойран болды ойым мұлде.
Белуардан қар кешіп Әлкө екеуіміз
Діңкеледік жете алмай жарым жерге.

Шаңғы жүрмей батады жылымшылап,
Кебін карды кезбейді құлын – шуақ.
Аппак сіреу әлемде – аккөз боран,
Сақ – сақ күліп оралар құйын сұрак.

Ат жетекке көнбейді аш құрсағы,
Корықканға көбейді «қостың» саны
Өзі үзіліп тұрған сол тіршілікке
Қанды ауызын салады қасқыр тағы.

Сайтанкөпір түбінде көшкі – қауіп,
Тау жолынан өтеміз амал тауып.
Дене талып, әл құрып тұрған кезде
Шиебөрі шулады миды қарып...

Оқ атып тарс жұмамыз көзімізді,
Қасқыр қазып жатқандай көрімізді.
«Қыз суреті» қарсы алды құлімсіреп,
«Тардан» алып шықканда өзімізді.

Тірлік үшін жалғасты жандалбаса,
Енді амал ғып болмайды ойланбаса
Болдырган екі атымен Әлкө қалды,
Біріміз жетпек болдық тым болмаса.

Мен жеттім қара қосқа жаяулатып,
Шығыстың таңы атарда баяулатып.
Есімнің қара көже – суын ішіп,
Жылқышыны ойлаймын ояу жатып.

Баяндал жатқанымда жолдың жырын,
Маужырatty жып-жылы үйдің буы.
«Қыз суреті!» – түсім бе аян берген, –
Атып тұрдым, санамда – қасқыр шуы.

Әншейінгі жөн қалды әзіл – оспак.
Күдігімді Ес – ағаң қалды қостап:
«Кеше жарып жеген бір ту биені,
Бүгін солар Әлкөннің жолын тоспак...»

Осы сөз миымды кеп шабактады,
Уайым да қалындарды қабактағы.
Апым – ай, жапандағы жылқышыны
Алды ма бөрі-тағдыр қамап тағы?!

Желдіртіп, сырғанатып өмір – көшті,
Таң ата іздеп шықтық момын досты
Тілсіз жау – қар мұхиттың арасында
Куаныш қасіреттің жолын кесті.

Білмеймін таңды қайтіп атырғанын,
Аш күйі жанын немен шақырғанын.
Әлкөнің талжылмастан қар үстінде
Біз көрдік аман-есен отырғанын.
Тотығып қоңыр өңі ақсияды,

Пенденің ажалсыз ғой бақсы жаны.
Тастағы «Қыз суреті» күлімдейді,
Зым-зия жоғалыпты қасқыр әні...

Сактаған біз осылай қоғам малы
Қызығын былайғы жұрт көре алмады.
«Жұрттың жалпы байлығы» деп жүргенде
Қызық болды тоз-тоз боп жоғалғаны...

Мен бірак алданым деп өкінбедім,
Бұдан да кер заманның шетін көрдім...
Аузы асқа, көnlі күйге жарыңды елім
Маңдай тер қырман еңбек өтінде өлдім...

Тәнір тау тас бұлағын ағызатын,
Әл беріп аузыма су тамызатын.
Жартасқа адам рухын таңбалаған
Тауқымет – бұл өмірдің нағыз аты.

Алтайдың жанда көктеп жас шынары,
Санамда сарқырайды тасқыны әлі.
Иен тау, ессіз қардың әлеміне
Әлі күн кетіп қалғым кеп тұрады.

АНДАУ

Ақ бұршактан аршып алған арайым,
Шақырады сенің жұмбак сарайың.
Мен өзіңе қалың жұлдыз ішінен
Парасатқа қарағандай қарайын.

Сәмбі талдың жібек шашын тарайын,
Жаңа туған сыбызығы әнгे салайын.
Сағындырған сенің сыңғыр даусыңды
Қара тұнде қайдан іздең табайын?

Ақ бұлттардан әнмен сәлем жолдадың,
Ұқсап тұрды ол аятына Алланың
Аспан тілін менгеріп ем мен үнсіз
Жан тілінде сөйлеп кетті арманым...

ЖАЛҒАН КҮЛКІ

Ғасырдың күлу деген індегі бар,
Күннің де күлші түскен суреті бар.
Жаралған табиғаттың жанарында
Шындықтың қарапайым құдіреті бар.

Жүргін жер-әлемнің дүрсілдетіп,
Мәңгілік күлші түскен Күн суреті.
Адамға сонда деймін не жетті екен,
Көлеңкеге жасырып тылсым бетін?!

Суретке назар салши қара да бір,
Көз күлмей, ерін күлген замана бұл.
Қоңыраулы алтын күйме дөңгелесін,
Сезімге сәуле беріш, санаға нұр.

РУСТЕМ

(*Кырының кеткен дарынды
режиссер Рустем Есдаuletке*)

Жанардың жарқылын-ай,
Тұнектен тұн суырған.
Ажалдан артық ұл-ай,
Қылған қыршынынан.

Жанының терезесі
Ақылдан нұр тәгетін.
Кепкендей кенезессі
Өнер деп өртсінетін.

Иіліп тұрушы еді-ай,
Қаз даудыс, қаблан бала.
Мейірге тұнушы еді-ай,
Ақ сейлен арман ғана...

Ай – жүзі, күн – уысы,
Ар үшін аландаган.
Періште жымысы
Жер үшін жаралмаған...

Өнерде жазды Рұстем
Адам деп... шын атынды.
Өскеменді өрге сүйреп,
Төрге әкеп театрды.

Көрермен тәнті болған,
Бал үйіп таңдайына.
Алтайдың алтын оғлан
Сыймады-ау мандайына.

Азғана ғұмырында
Ту тіккен төгілдіріп,
Тұрғандай тұғырында
Мәңгілік өмір күліп.

БАБАЛАР РУХЫМЕН ҚАУЫШУ *немесе қайта оралған қас-қагым сәт* *Кызылқырғын репрессия қурбаны* *атамыз – Қабылбек Райысұлының рухына*

Адам аз ба?!

Арудың ай қабағын дірілдеткен
Басымыздан осы сәт
Бүгін де, бұрын да өткен...
Ақ маралы арманның желдей ессе,
Аңшының сұр жебесі қырын кеткен.

Сүйінген, сүйген ерні самаланың,
Өпкен жел табиғаттың бала жанын.
Шуласа орман ойы замананың ,
Тау болып құніренеді бабаларым.

О, менің Күнді сүйген бабаларым,
Жабатын қызыл пеште табаларын.
Жусан иісі бұрқырап жатқан жерге
Елестейді елжіреп қарағаның.

Тұлпар ізің жасырып арманда өттің,
«Шағыл» таста айқасып, азап шектің
Жапырактай тиеліп, жүк орнына
«Халық жауы» атанып, елден кеттің.

Бала-шаға, үй-ішін зар еңіреттің.

Бел будың Отан үшін жан пидаға,
Тер төктің қоғам үшін қарқындаған.
Шалғынның шалғы кескен сырлымен,
Жігерің жай отындей жарқылдаған.
Кор болды қанша сөзің айтылмаған?!

Корлық өтіп кетсе де, ұн демедің,
Зорлық етіп жетсе де, ұн демедің.
Тауқыметін тірліктің сүреледің,
Болмыстың нарлығынан күйремедің.

«Таңбалы таста» қалды бір дерегің,
Жалқы сәтім жалт етті бірге менің.
Тілсіз таудың төсінен жылап ақкан,
Былдың бұлақ секілді сыр беремін...

ТҮНГІ ЖЫР

Жұлдыздар кестеге ауады,
Тұн ару – аспанның зергері.
Құс жолы зымырап барады,
Адаммен ісі жок жердегі.

Ақ боз ат кісінеп күн асты,
Ақ таңға айналар әр күні.
Дәңгелеп гүлдер де қыр асты,
Нұрымен куанткан жарлыны.

Ақ нөсер – ақ күміс таяғы
Кіндігі кесілген даланың.
Мәңгілік сұракты қайталап баяғы
Аллаға алақан жаямын...

Ақиқат – ұзакшыл, аяндал,
Шексізден... жол тартар ғаламға.
Бәріне, бәріне, бәрінс алаңдал,
Ақылым шығады алаңға...

Сан мың жыл жамылған ай бозын,
Кара тұн – камалған көк бөрі.

Өлеңмен күбірлеп жерде өзім,
Жақыным жылайды көктегі ...

ЖЕР ТҮБІНДЕ ҚҰБА ТАЛ

Жер түбінде құба тал...
Құлпыра түскен белің бар,
Құбыла соққан желің бар,
Желмен жеткен шерің бар.
Есімді алдың демейін,
Сырынды бағып көрейін,
Елес бердің сен неге?!

Жер түбінде құба тал...
Айдалада... алдың жар,
Жапырақ жайып күрең сал
Шақырмақшы болдындар...
Есімді алдың демейін,
Мұңынды тыңдап көрейін.
Кобызым, ұшқан кермеге?!

Жер түбінде құба тал,
Еменнен құйған тегің бар,
Сактаған сырың сары бал,
Алыстан жеткен үнің зар.
Өзімнің де таңым бар...
Есімді алдың демейін,
Домбырам, саған не дейін?
Аян бердің сен неге?!

Бақыттың жапырақтарында
Қайғы – мұң көлеңкелейді.
Әткен күн өмірге айналып,
Сағыныш сәл еркелейді.

Қара бұлт қабағын жазып,
Үзілер соңғы тамшылар.
Куаныш көз жасын іріккен
Шындағы бақыт сол шығар?!

ОРЫНДЫҚ

Кем ақылға кезігіп,
«Кемел» ақыл тыңдадым,
Сезінбеді ол санада
Жан сілкінер нұр барын...
Сатып алған қымбатқа
Құны төмен құл орын
Зор тұтуға өз-өзін
Каруы еді бұл оның.
Терен білім теңізін
Түйсіне алмай үріккен.
Орашолақ басшының
Орындығы биіктеу.
Бақыр басы қылтиып,
Бақыраш сөзін тыңдатып.
Орындықтың түбіне
бара жатты шым батын...
Кішірейіп жоғалды
Май секілді табада
Орындықтар «ой кешкен»
Аузы кисық замана...

ЖҮРЕКСІЗ ЖЫРЛАР

Жүрексіз жыр – сананың сандырағы,
Жүрексіз жыр адасып қаңғырады.
Тұнерсі тұндердің ай қабағы
Музаның бұлбұл үні қарлығады.

Жүрексіз жыр – ақынның жай құмары,
Құмәнды онда куаныш, қайғы бары.
Тұяғынан от шашып заулар көкке
Даланың күн көтерген арғымағы.

Жүрек іздеп жалынды, жанды дене,
Шабыт құсы қанатын жайды деме
Бір сұық мұз секілді маржан өлең
Еске салар бозарған Айды неге?!

Мида туған салқын ой пәлсапасы
Бәдіз өрнек қуалап бал тататын.
Жүрегі жоқ жырлардан сакта, құдай,
Жолаушыны жол соғып шаршататын.

Қара тұнде жалғыз қалған ай – жаным
Жылуды жоқ жұлдыздардан не күтсін.
Зымыран жылдар шетке қаққан арманым
Желкенінді бостан- босқа керіпсің.

Керуен көшкен жұрты қалған өмірдің
Жанғырығы жанды ауыртып тұр бүгін.
Күнгейіне қона алмай тұр көнілдің
Тау басында тұман кешкен тірлігім.

Дүние – кермек, тозған ескі шүберек,
Сәуле бойлап, жан қашады аулакқа.
Жылды-жылды сөздер айтып керемет
Тырысамыз біз бақытты болмаққа.

Мен жарыққа ғашық едім әуелден
Лай көшеді тереземді айғыздап.
Жалын шығып жалғыз ауыз өлеңмен
Бір төңкеріс жасап жатыр жалғыздық.

Жер – Адам,
Аспан – Құдай
әуел бастан
Алла көктің пейілін кең жаратқан.
Аспан шексіз, адамның ойы шексіз,
Корқыт ата секілді түптен тартқан...
Жаңбыр төгіп,
Аспанның жылағаны,
Кең дүниені кезеді шуақ әні,
Жер күрсініп... сапарға аттанады,
Аспан жакқа ашылған қақпалары
Жер аяңдал... айналар кіндігінен
Құдіретті бір құштің бірлігімен.

Жапырағы боялған күн көрінер
Махабаттан өртсінген гүлдерінен.
Аспан асты, жер үсті жалындаған
Күштарлықты жеткізді сарын маған.

Жарасар маған патшайы қылық,
Өтірік айтып өзеуремедім.
Кінәсыз таңым атса бір күліп,
Ол саған қарап елеңдегенім.

Дүние түгел жамылып кара,
Туса да жынның ғарасат күні.
Әділет үшін қамырып сана,
Шақырды мені парасат жыры.

Жиреніп жылмаң құлқыны зордан,
Аждаһа пейіл – зауалды сезем.
Жақсы мен жаман қылқынып алған
Мәңгілік айқас алаңын кезем.

Азсынып, алып, арсыз беттеніп,
Өзегі кеткеннің өксігі – меммін.
Ақындар сынды зілсіз кектеніп,
Акты да қара өтті күндерім.

Аллады мені алдында тұрып,
Жай ойнатқандай сишелі бақа.
Ауасын осқан ардың да тұнық
Сөзінің суық семсері ғана.

Ақылдан қашқан бәдені бозан
Азған қайраттың қалтырап қолы.
Жалғыз қалса да түбінде озар
Парасатымның жарқырап көгі.

Мен де бір келген өмірге шырак,
Өртеді титтей намыстың жоғы
Бір сәуле берер көнілге қуат –
Биіктеп кеткен ғарыштың бойы.

ШАБЫТ

Кемелге келіп парасат нұы
Ағарды шомып Айдың нұрына.
Толқындар тулап, жосылып өзен,
Айналды жырдың тамшыларына.

Жұмақтың өзі жұмды да көзін,
Бас иді айбоз ақерке тұнгे.
Жоқтады жүрек шабытты кезін
Ғашықтық күймен келе алмай тілге...

ҒАЙЫП ӨЛЕҢ

Жанарымда жабағы бұлт жүзеді
Нұр тамшысы ауырлап.
Найзағайдың өртенеді өзегі
Жыр туады жалындал.

Найза тілдің жалын шашып таңдайы
Тұн түнегін тіледі.
Ғайып өлең – Құс жолының «Айдайы»
Жұлдыздарын тізеді.

Ғайып өлең отқа балқып сүйегі,
Сөздің өңі кіреді.
Жеті қабат жер астында жүрегім
Нені сезді?!

Өзі ғана біледі.

Шарасына шабыт толған көздерім
Өзгереді қамын ойлап өзгенің.
Аясында ай шалқыған арманым
Құрбан болар тірлігіме көз-көрім.

Шабыт маған жарасады, серігім,
Сері сөздің самалы ескен керімім,
Әзер қайтар базарынан бал ойдың
Уызынан сұт ұйыған көнілім.

Сонда маған естіледі ән бөлек,
Билеп кетер толқын дүние дөңгелеп.
Табиғаттың тылсым күшін жетелеп,
Періштелер конактайды жерге кеп...

Маңмаңгерім, салып құлік аяңға,
Кетбұғадан жеткен күйдей баяула.
Қағаз, қалам және уақыт табайын
Шабыт күсы, ұшып кетпей, аялда.

Осы жұрт өзін-өзі жиі алдайды,
Ғажаптың бәрі алда деп қиялдайды
Жөргекке түскен дене кебін киіп,
Кеткенше тәтті түсін кия алмайды.

Көзіңе қарап тұрып құлімдейді,
Ұялғансып тұрғаны білінбейді.
Көрініп әулиесі ар-ұяттың
Жорғалап, сылдыраса сүрінбейді.

Сырты ғана масканың жылтырайды,
Құр сөздің тіл үйіріп құрты-майы.
Жалқаулық иектеген жалын атпай,
Жастықтың құргыр белі сыркырайды.

Көшіріп бір-бірінен тақылдайды,
Наданға қор боп кеткен ақыл-қайғы
Өзін-өзі мактаған – өліммен тен,
Өлермен жаһаннамға жақындайды.

Табиғаттан ала алмаған сыйым бар,
Табиғаттан бөле алмаған мұным бар.
Жасырынды әжімінс таулардың
Мені алып қала алмаған құйындар.

Көп кадалып қараймын да таңғалам,
Тылсымына табиғаттың арбаған
Аман-есен толықсиды тербсле,
Ай астында, аясында бар ғалам.

Есімді алып жұбатады кіл мені,
Жаралғаным, құшагына кіргенім,
Су көтерген бала белім майысып,
Ак жауынмен бір жылаған күндерім.

Бұктырманың ботагөзді айдыны,
Толқынымен бөлісетін қайғыны.
Ебіл-дебіл тоғайлардың панаы,
Алып таудың ата текті айбыны.

Шыршалардың күн келбетті кірпігі,
Үміт жарған балқарағай бұртігі,
Карағайға өрт қойғандай лаулаған
Қоңыраубас қызыл гүлдің тұр-тұрі...

«Шағыл» дейтін манғаз басты тау-мұсін,
Жолбарыс тон жамылғандай қарлы шың,
Бала жүрек, бота белді құшактап,
Сұт ішкендей елжірейді таңға ішің...

«Әулие тас» құлап түскен аспаннан,
Заманақыр күннен белгі тас жауған.
Алып күштің адудыңды ісінен
Қаймана елдің қара көнілі жасқанған.

Мұзбұлағы, Мұзды тауы, Мұзбелі,
Сұлутөрі – сұлұлықтың ізгі елі.
Жұпар иіс, жұмак лебіз өлкемде
Сайрап жатыр мейірімнің іздері...

ЕГІЗДЕР
Көніліңнің аспанында көгілдір
Керуен бұлттар көшетүғын өмір бұл.

Бақ қонғандай жарқырап бір мәндайым,
Бозша торғай ұялаған таңдайым.

Саз ерткенде сылдырап бір келісім,
Кар сезімім алақанда ерісін.

Бетондарда бұркыратып қыр гүлін,
Бас бермейді домбыралы күмбірің.

Жарға соккан толқындардың дабылы,
Жолы шексіз – жұлдыздардың жарығы.

Жарық күнге жанығандай жан отын
Судыраттым акку жырдың қанатын.

БАР ШЫНЫМ

Бақытты да сиякты,
Бақытсыз да сиякты
Арманымның көгінен
Жұлдыздарым жиі акты.

Жарылқайтын сиякты,
Жабырқайтын сиякты
Аспан етіп жасадым
Мен көгілдір шуакты.

Қыздырады сенімім,
Тірлігімнің көрігін.
Ен жайлауға сіңсіндей,
Елжірейді қоңілім.

Жете алмады өмірім,
Жеткізбеді пері мұн.
Тауға шығып жоғалды
Таудан қашқан слігім...

Аспан менің тірегім
Ар тілеуін тіледім.
Қарлығашы ем халқымның
Бірге сокты жүрегім.

Тасты жарған шынармын,
Мен бақытты шығармын
Шындық деген жарықтық
Жүзін көрдім Құдайдын.

КӨЗ ЖАСЫ

Жүргімнің түбінен
ұзіліп түскен, моншағым,
Қалай сыйып тұрды екен
бір өзіңе сонша мұн?

Жүргімнің түбінен
Толқып шыққан бір ағын,
Сенің маған қоятын
қашан бітер сұрағың?

Ай шыңымның басынан
күліп өткен, бір сәуле,
Біле білсең жырымның
болашағы бір сенде...

Көз жасымен агарып
тазарады жан-кеуде, –
Жазиралы белдердің
қасиеті бар менде.

Аспанға кетті жыр-көшкін,
Сарылып жерде мен тостым.
Қайырылмаса қарысып,
Есімді алса елдестім.

Керуені күздің қиқулап,
Жаңбырын іштім жыр тындал.
Қаракат көздер мөлдіреп,
Құралай тұяқ сыртылда.

Жазира белдер – арманым,
Жуасын тере барғаным
Өзенниң естіп зарларын,
Қосылып әнге салғаным.
Жазығым – жаза алмадым.

«Біздің жақта қыс ұзак...»
Орахан Бокей

Сақал-шашың ағарып,
Ауыл жаққа кетіп ен,
Бұқтырманың бетімен,
Қарасудың шетімен,
Қыстың көзі қыраулы
Өнменімнен өтіп ең.
Күн сұytса неге зар?
Ак өркешті қара нар,
Жатыр сұлап Алтайда
Жалама жартас жалтарма,
Көкірек сыйып айкайла,
Акселсу атты үскірік
Ойындағысы болған жер,
Алай да түлей ак боран
Жібіген әзер тоннан жер.
Арса-арса боз ағаш,
Қадау-қадау қара ағаш
Күркіреп көктем келмесе,—
Анырап адыра қалған жер.

ШЫН АДАМДАР МЕН ШЫНЫ АДАМДАР

Сыңғырлап тұрып сынып тұрады,
Өзіне ғана бұрып тұрады,
Самарқан тасы балқыса да сріп,
Жүргегінде қара құлып тұрады.

Шытынаң, шертіп, жарқырап көзге,
Салқыны сізді салардай тезге.
Мейірі терен көлдерді көксеп,
Алмастырасың алтынды жezге...

Теніздей терен тұнып тұрады,
Болмысын тектің шын ұқтырады,
Шынайы сөздің шырынын сезіп,
Жұмактағы ішің жылып тұрады.
Казанат ердің күйікті жаны,

Коламта көмген үміт шырағы.
Жадырап жаздың қылықты бағы,
Шын адамдардың жүрегін жарып,
Кішкене бір күн күліп тұрады.

Нағыз ақын Магжан құсап өледі,
Әбжыланға сатылмайды өлеңі.
Жар басында жалғыз шындық сенері,
Соныңғана...
Күннен туған әлемі.

Нағыз ақын қайғы азабын шегеді,
Уілдеген ел уайымын сезеді.
Бұлаң қакқан қыр қуының тезегі...
Еңкеймеген ер көңілдің безері.

БОСАҒА

Көлшіктен көл жасаған,
Болсыншы деп бас аман.
Ернеулігі еменнен
Айналайын, босағам.

Тостағанын тосатын,
Бәйгеге жүйрік қосатын
Қасиет тұтып дос атын,
Кие кеп құдаласатын.
Айналайын, босағам.

Қайғыдан құлай жаздаған,
Қайрылып үміт маздаған.
Мандайы қарыс, пейілі кен.
Есіктен төрге озбаған,
Тілеуі жақсым тозбаған,
Айналайын, босағам.

Сұғын қадап қас арам,
Тас атса да тасадан
Еңбегі – сор, асы адал,
Барына тәуба жасаған.
Айналайын, босағам!

Жылан емеспін мен,
Шаға алмаймын, өлемін,
Сұрап үлгермеспін
Алланың да көмегін.

Суылдап, сусып,
Ақырын уын жайғанда,
Тітіреп денем,
Аяғын сонын... көремін.
Жапырақ жанымды
Уыттың жолына төгемін...

Біз деген не?
Абай көлеңкесіндегі құртпыш...
Бірде көл, бірде жұтпыш.
Жарқ етіп даналық нұры түссе,
Еріп кетер шықпыш.
Абай айтты дейміз,
Тыңдаймыз.
Ар ойламай,
Пайда ойлаймыз, –
Қыңбаймыз.
«Өлімнен үят күшті!», –
Ойпырм-ай!
Тырдаймыз...
Әмір сахнасында
Әзін-өзі мактап өлген
Күлдаймыз.

ӘКІНБЕН

Тілдіріп тасқа табанын,
Тұнығын кешкен Қабаның,
Төңкеріп көкке жанарын,
Киялдың бакқан қабағын
Сандал тау, санлақ даланың
Маралы болсам, өкінбен.

Бұқтырма сокқан жағаның
Пәнидің шерткен баянын.

Бір толқын өткен бабаның,
Ақпейіл абзал ағаның,
Ақ сүтін берген ананың
Адалы болсам, өкінбен.

Дауылы соқса дананың,
Самалы ессе сананың,
Дәруі мың бір жараның, –
Титімдей сэуле ғанамын.

Дауында ақ пен қараның
Елестей есік қағамын,
Жылқы ішінде аламын,
Дауылпаз еткен дарағын, –
Адамы болсам, өкінбен.

Жортұыл тексті зар-әнім,
Жоқтайтын түркі қағанын,
Жемсаулы әкім-қараның
Жеп жатқан тірі қоғамын
Бітеймін деп тамағын,
Жыртамын деп балағын, –
Жаралы болсам, өкінбен.

Көзімді аштым, көніліме кірді туған жер,
Күлімдеп күні, кірпігін Кәусар жуған жер.
Теңеуін таппай, қайғырған бабам секілді
Аңсатып, көріп... тілімді тоқсан бутан жер.

Ғашық болып көрдің бе?
Өмір дейтін сұлу әлемге,
Көк дөненнен жүйрік өлеңге,
Сенбе досым, кеуден құнсіз қалса да,
Өмір мәнсіз дегенге...

Балбұлақтың сыңғыр сылдыры,
Балбөбектің ерке былдыры
Сайра, сайра, құмыр бұлбұлы,
Жабылғанша тірлік түндігі.

Ойлап көрші, келсөң кемелге,
Бойлап көрші, тағы тереңге,
Ғашық жүрек сүйіп ғаламды,
Айналады алып шеберг...

3. 04.2006.

АҚША

Қанша жақсы көрсөң де,
сүйе алмайсың ақшаны
Соған сатып аласың
махаббаттан басканы...

Бауырына бассан да,
Тулап, жығып, қашқаны...
Сарайыңың ол смес
Күн шуақты аскары.

Жаман емес бар болса,
Көп болса, қын ... шыдауың
Іздегенің ар болса,
Ағып келер бұлағың.

Ақша арқалап айламен
Қап тауынан ассан да,
Арамтамақ – пайдамен
Ғарышты билеп тассаң да,
Баар жерің – Бүрістау!

Құнықпаған сабаз ең,
Қалмадың жерде елден кем.
Бар болғаны қағаз – ол
Пейілің – бос мөрленген!..

ЗАМАНАНЫ ЖЫРЛА ДЕЙСІН...

Ұят болды домбырадан,
Ұят болды қаламнан,
Екі сөйлеп екіленген
Ұяламын қоғамнан.

Алла – көкте,
Ақша – жерде,
Екі жаққа қаранган,
Атты кісі адасады
Айды жапқан бораннан...
Жауығады діннің өзі
Сакал-шашын өсірген.
Хиджап киіп кедей қызы
Болашағы кесілген.

Ата тегі ақша қардан
ар ойламай пайда ойлап,
Жем іздеген Жемқор бәңгі
Несі кетті бай-байлап?!

Өресі – тау, өрісі – қорشاу,
Өкпесі өшкен түмшалап,
Дөй тілдердің көленкесі –
Қазақ тілі – шисабак!..

Сан соктырар соғыстардың
Жана түрі жарагып,
Халық тағы қайғы кешті
Ұшқан құсы жоғалып...

Тұлпар кеткен тақымында,
Жорту үшін туылған,
Қазақ қырық шақырымда
Кара жолда қырылған?!

Абайламай шоқ басқанға
Әуесі – жау, жолы – жау,
Бар қазактан бір қазакты
Бөле көрме, Тәңір-ау!

ДУНИЕДЕН ӨТКЕНДЕ

Жок қой енді таңды күткен бір адам,
Бала да жок өксіп оған жылаған.
Көлеңкесі көкте күнге жұтылып,
Топыраққа жапырақ бол қулаған.

Жок қой енді тұнді күткен бір адам,
Ой бағбаны, қиялдан бақ құраған,
Кебенектің қыспағына шыдаған,
Кебін киіп, арылды ма күнәдан?!

Жерге кайтып келмейді енді бір адам,
Алласынан аманшылық сұраған.
Қайда кетті Сана салтанатымен
Как жарылып бөлінгендеге тірі адам?!

Кетті солай қайырылмай жарықтық,
Бір жақсылық көре алмады қарық қып,
Күн дидарлы, ай келбетті сол бір жан
Шын бақытын күте алмады байып қып...

ЖҰРТТА

Иен қалған, ойхой, Берсл жазығы,
Ай астында ақ мұнарға батады,
Айдарлы ұлдың ат байлаған қазығы
Құлап бір күн қабырғаңа батады.

Тілсіз қалған иен таудың етегі
Жұлдыз конып, мәлдір шыққа толады.
Көшкен елмен кетіп жердің кетеуі,
Қаңбағы ұшып, қаңырағандай болады.

Тұған жердің тұтіні де көгілдір,
Тік шалқиды елдігімнің туындей.
Алып ұшам көру үшін соны бір
Енесінен айырылған құлындей.

Жым-жырт ауыл. Көкск даусы сиреген.
«Шағыл» тауға шықпайды енді көп бала,

Мыңғырған мал жоқ, шаруашылық күреген,
Клуб жабық, ойын-сауық токтаған.

Есесіне салып ұрып жетеді,
Жарқабақтан өксік үнді өзенім
Өгіз аяң, өндімейтін тепеңі
Елі азайған жер қайғысын сеземін...

Шалғын иіс қара жолдар шыркырап,
Кіндігімнен тым алысқа ап қашады,
Тағы бір тұп жусан иісі бұркырап,
Тағы бір жан бауырына басады...

Жүрек деген от екен
жанып кетті қайғыдан,
Отпен бірге өт күйіп,
дүние сенен айнығам...

Жасын түсіп тағдырга
жараланды бір өмір,
Айдалада отырып ,
қарап тұрып қайғырам.

Болса да өлім қоштасудың үлкені
Қия алмадым басқа әлемге мен сені
Қол ұстасып бірге сапар шеккен ер,
Аспан менен айырады жер сені...

Біз бақытты болсақ деп ек әуелден
Сәби сүйдік асып-тасып кемерден,
Сен ерлерше аттандың ба ертерек
Жоқтасын деп ең әдемі өлеңмен?!

Қара күннің көлеңкесі жылыштап,
Аппак дүние қар шашады уыстал,
Жүрек сыйдал еске алады өзінді
Бақ пен сорым ойнағанда қуыспак...

Қадырынан айрылып, Тұманбайдан,
Жырдың көші қазығын шыр айналған,
Домбыранын боздаған қос пернесі,
Сезім – қыран құлады шың-ойлардан...

Тауға карап жыламай тау баласы,
Шамырқанды қазактың нар даласы.
Түсіп кетті колынан домбырасы
Өзегінде – өлеңнің тандамасы.

Қандай жаксы «жыланқабық бөтенім»
Қалып жерде нұрлы аспанға кетерім
Кеңістік пен шексіздіктің арасы –
Керемет кой мәңгі тірі скенім...

Жаңда көктең шыңдардың жас шынары,
Таулардың сарқырайды тас бұлағы
Лай түкіріп қап-кара тұрса да аспан
Шулайды парасаттың тасқын әні...

Өлеңімнің әруағы оянғандай бір түрлі,
Жүз жүйріктей жыр көшкіні тамағыма іркілді,
Тағы, тағы... естідім мен аспандағы қиқуды
Жаз-жанымның жамыраған жапырағы сілкінді.

МАҢДАЙҒА ЖАЗҒАН БАҚЫТЫМ

Азат, азат, азат күн,
Азаттығына қазактың
Тұғыр да болған ғажап күн,
Оңайлықсен сен келдің бе?!

Қабырғасы сөгіліп,
Канды жасы төгіліп,
Жау кашырған ерлердің
Денеден басы бөлініп,
Естегісі есе артық,

Келер ісі көш артық
Кермегін тартқан азаптың
Алғаны бар ма қазақтың?!
...Кеуделіні көл қылған,
Белдеуліні бөрі қылған
Аш халықты тоқ еткен,
Есікте басын төр еткен,
Күмбірлеп жеткен көнеден
Күлтегін бабам көреген,
Тонықек – дана дастаным,
Бөріні бөлеп туына,
Көзінің ілмес қырына
Еркіндігінен басқаны...
Қара тері тамшылап,
Кен кеудесі қансырап,
Ұйқысыз кешіп күн-тұнің
Қағанатын түркінің
Құрып берген сансырап.

Ондей күн енді туар ма?
Ар салтанат құрар ма,
Еңкейген елім сан ғасыр
Еңіреп көште жылар ма?!
Сарыарқаның бойында,
Алаштың туы қолында,
Бауыры бүтін, басы есен
Карайған халық соңында,
Өнеге тастап бозымға,
Ұлысын бермей жазымға
Ұлт қылып күллі қазақты
Абылай өлді тағында.

Бәйтерек түптен суалма,
Қанат бер казақ-қыранға,
Махамбет пен Исадай
Ақырып тендік сұрарда,
Санада қалған сан жылдар,
Табаны тозған тағдырлар,
Ақтабан болған жүртүмды
Қай жерлерге алып бардыңдар?

Бәйтерек түптен суалма,
Қанат бер қазак-қыранға,
Сырым мен Кенесарының
Шалқи бер шырқап туы алға.
Мандайға жазған бакыттым –
Азат күн мәңгі тұрарға,
Ашылсын көктен мың арна,
Хақысын қөптің сұрарға,
Еркіндік Елін құрарға
Жасаған ием, бір Алла!..

БІЗДІҢ ЖАҚТА

Күмбірлер саған қарағай,
жалбырап қайың,
Жер осы – жалы төгілген
Арғымактайын.
Бабамнан қалған – бәдәуи,
атамнан – аңыз,
Шаншылып туган шындарға
Айды мактайын.
Қарағай – ауыл, бұл жерде
Қайыңды да ауыл,
Аршалы белде сокпайды
арынды дауыл.
Аспаннан Кәусар құлаған
Арасан жаққа,
Марал қамалған бір кара,
ала шарбакқа.
Тұманнан шидем қабаттап,
Шұбарагашы,
Келеді қайтып түркінің
көне баласы.
Көкбөрі шулап жатқандай
майдалап тасын,
Киқулап жетті өзендер
қайдан ап басын?..
Бұркырап бұла бұлактан
Берелдің белі,
Айғайтас жактан білінер

Өрелдің демі.
Өзінен-өзің шығасың
Еңбекте төрге,
Қайта бір келіп тынасың
көрмекке Көлге.
Хор қызы сәулет беретін
Таңбалы тасы,
Ақындары көп өлкенің
арналы басы...
Кұс тінді құмыр қазақтың
жәудір мекені,
Өлеңмен қойған Өрнек деп,
жердің бекемі.
Топқайың тағы шығады
алдыңнан көркем,
Айыртау бейне көрінген
айдыннан желкен.
Жамбылың осы – жаңаша,
Ақмарал-ауыл,
Бұғының қанын күнгейге
қактаған ауыл.
Токырау жылдар ел іші
тарықкан кезде
Жоқшылық дәмін толайым
татпаған ауыл.
Көкірегін таудың қақ жарып,
Ақсу ағады,
Самырсын самсып өспеген
тапшы жағаны...
Ақ сырма толқын көбігі
қозыдай маңырап,
Көгеннен өзен көргенің
жоқ шығар әлі...
Шыңғыстай мынау – Шешені
төгілген судай,
Көсіліп жеткен кермеге
Дарабоз шыңдай...
Ауғаны елдің аулакка
Аландатады,
Алты арыс елдің Алтайда –

Адалбақаны.
Мекенін тапқан таулардың
жазықтығынан
О, менің кайсар Карагай,
нәзік Шұғылам!

СЕНИҢ УАҚЫТЫН

Қасіретіне аяу болған – уақыт,
Ере алмаған жаяу жалған – уақыт,
Құс жолындай жамырап бір төбенде
Сенің еркің бола алмаған уақыт.

Уақыт мәңгі – Күн сияқты – сөнбейді,
Жанмен бірге ғарыш жакқа өрлейді,
Толқын салған шексіз сара жолдармен
Жерге оралып енді қайта келмейді...

ЖАМАН АЙТПАЙ ЖАҚСЫ ЖОҚ...

(*Казақ тілінің келешегіне алаңдау*)

Бәйтерек басын тенселтіп,
Балапан да басар самұрық...
Өндіріс тілі – өзге деп,
Қаныңа сіңген қағынып,
Кете алмассың арылып,
«Керемет» тілден жалынып...
Куалап шықкан жабылып,
Өзегің талып қамынып,
Есіңе сонда алмассың
Тұған тілінді сағынып...
Мереке сайын жаңғыртып,
Киіз үйлерді де құрарсың,
«Юртада бабам өскен» деп,
Еңкейіп кіріп тұрарсың...
Қаны жоқ қазақшылығынан
Өзбектер сонда ұялсын...
Сәукеле, камзол, такия,
Кір келмес шапан атына,
Шекпенін ұлттың жамылған

Қол сұқпас ешкім қақына.
Қан жылап тұрса қайтесің
Тілі күрмелген жатұя?..
Космополит болғаның,
Игеріп аспанды алғаның,
«Мұзартты» тыңдал отырып,
Орысша сөйлеп сарнауың,
Жалғаннан да жалған далбаса,
Көп қорқытып арбаса,
Теренге батып сорласа,
Жұз қабат үйден бір қазақ
Қазақша сөйлей алмаса...

Жадында ою қалар-ау,
Қымыз да қалар сусын боп
Ас болар қазы-қарта да
Неміс те бағар жылқың көп...
Анасын теріс қаратып,
Есекке таңған несі артық?!

Тілі жоғалған, Көшірме,
Бабалар кетіп көсілген
Теріс айналар сенен тылсым көк...

ДАЛАЛЫҚ СӨЗДІҢ ЖҰПАРЫ

Арғымак өлең жебелеп,
Кәусарын қырдың жұтады,
Есінде эннің әуелеп,
Далалық Сөздің жұпары...

Ақберен жырым аңқылдал,
Сазымен Сырдың жарыстың,
Қанатында қаздың қаңқылдал,
Созыла түскен Дауыстым.

Толғаудың тоқсан иірім
Алтайға жеткен бір демі
Домбыра басқан күйігін
Сазінген деп те біл мені...

Азын Айға білеген,
Бір Елдін бетке тұтары
Өртеген кезде бір өлсін
Дем салған сөздің жұпары...

Биік едім адамның адамымен,
Тынып едім жан күлсе пәк арымен
Карлы шыңдар кабағы жазылмайтын
Сұлу едім ауылда ай жанарымен...

Мен осылай болар ма см күй таңдасам,
Жартықұндік жем үшін жыртаңдасам
Кешір мені, туған жер, көктей алмай,
Зар биікте кап қойған үлпаң болсам...

Жылғалармен сылдыр - сылдыр су акты,
Адамдар да өзгермеген сияқты
Жүрек суып, Мұз дәуірі басталған
Зәрі катты заман мсні жылатты...

Бір көргенде жымысып күлетін,
Таныстардың көп көремін суретін
Казак қайда? Өз ішінде өлген бе,
Кебініне жасырып ап Күн бетін?!

Уақыт тапшы... Дархан көніл тарылды,
Қанағатсыз ... пұл сонынан сабылды
Қарандыда қыбыр - қыбыр қарманып,
Асай жүрек тұлпар күнін сағынды.

Арзан күлкі, арзан ақыл, арзан сөз
Ғұламалар неге сиреп қалған тез?!
Күн шуағым сөніш бара жатқандай,
Сезімнен от шығарамын, ойдан көз.

Тірлік үшін қапылады қаймана,
Бөтен сөзбен жамырайды айнала
Менін зарым – уақыт шерін таркатар
Сарыарқаның самалы ғой жай ғана...

КҮНГЕ ШАБУЫЛ

Күнді сая бастаған жаңа ғасыр,
Дір-дір етіп бір үрей санаға тұр.
Бір бұзылған ниеті кер заманда
Нұр бұзылмай тұрмайды, қара да тұр...

Әй, нұрды ұрлаған адамзат әсте онбайды,
Көрмей тұрмын «Күн жеуден» асқан қайғы
Алланың сақалына жармасқан күн
Адамның ала көнлі «аспандайды»

Арыла алмай сан дерттің солығынан,
Жұмыр бастың онсыз да жолы бұраң
Жерде тұрып сұм жүрек сескенеді
Күнге тартқан «Шыңғысхан жорығынан...»

Келсе келсін дедің бе Заманақыр?
Күнсіз күнің «ғұламам», қара бақыр,
Бар жылуын шөкімдеп алған сайын
Жан жылуың азайып бар жатыр...

ДАУЫЛПАЗ ҮНІ

Мұзтау – мұлгіген мұң емес,
Айбарлы шың-н-н...
Мәңгілік қар басқан
жерошақ басында
Қырылды айналып арбасқан
көрбілте Жын-н-н...
Айдары желбіреп,
ежелгі кең жүрек
Сыбызғы сазымен
ыңылдал дем салған,
Садақтың оғымен
ғаламға жол салған
Жауынгер ғұн-н-н...

Күн – көшкен арғымак,
Сырғанап, жаудырап,
Қамалған қайғы – бақ –
Мұзтаудың кірпігі...

Бос шылбыр бұла ман,
Жанарым сүрінген қиядан,
Мың бір тұн қойнына құлаған
Меруерт бір тұні.

Алыста-а-а-н жарқ етсе күміс Ер –
Күн нұрын идірген
Мұзтаудың сұп-суық ернінен
Сүйдім мен.
Күйдірген қос егіз
Шың-н-н...

Қылбұрау салар замана
сезімнің еркіндігіне,
Суретін салып тағы отыр
көнілім көркінді, міне,
Екеуің сақ бол деп еді,
біріңнен-бірің,
Күмбірлең өмір толқыны
шертілді, міне.
Сактасаң, Тәнір, сақтағын,
аспанды ая,
Жан берер бірі бірі үшін
достарды ая,
Жайдан жай келмей,
жай оты жайратып кеткен
Жаныма жанын косады
естанды дауа.

БОЗДАҚ

Жарқырап келіп,
жабығып кеткен өмірден,
Періште жаның
жұлдыздай акты төрінен,
Бетінді бері бұра алмай
қайтып кеттің-ау,
Жараспайтұғын жасында
кез боп өліммен.
Іздейтін сені

ұмітті сағым ішінен,
Сау ма деп сені
сұрайтын үлкен-кішіден,
Жақын жандарға
өзіңді көру жоқ енді
Қасқа құлының
қиядан ғана кісінер...
Көктемде келіп,
Көк белге сіңген жарығым,
Қозғадың деме,
даланың ескі сарынын,
Сен қиналғанда
жүрегімді ұстап тұруши ем,
Қабағы қату
қайғының естіп зар үнін.
Үзіліп кеттің
жанатын кездे жалындал,
Тірілер қанша
кінәлі болып арылмақ,
Жай тапсын енді
періште жаның пейіште,
жұлдыздың нұы дамылдал...

Тыржаланаш... сүйінген,
Қызыл тонын киінген,
Қаршығадай түйіліп,
Ақку мойны иілген
Заманыма таңданам.

Ақыл сұрап өзгеден,
Шетел қалмай кезбекен,
Ойсыз құлак, көз неден
Көр болғанын сезбекен
Амалыма шамданам...

Топыракпын, кеппеймін,
Жапыракпын – шеттеймін,
Қақырап та кетпеймін,
Шбер Құдай қолында
Құмыра боп жан бағам...

Көп тіл оқып көктейтін,
Жарқылдайтын, өтпейтін,
Беліне шокпар қыстырып,
Енесін ұрып еттейтін
Ғұмыры ғасыл күйбенге
жиырма төрт сағаты жетпейтін
Арсы-гұрсі айналам...

ЖАНСҰЛУДЫҢ ҚАЙГЫСЫ

Ғажап!..
Адам өз бейнессін өзі салады екен!
Мұсіндең әрі кестелеп,
Боямасын деп ешкім көп,
Бұлдірмесін деп көшкін кеп,
Жапанда қалған өшкін көк
жалғыздан мұңлы ән сстілмек...

Жесір де қалса жақсы еді,
Жарамды жігіт тапшы еді,
Жұбайсыз қалған Жансұлу
Жолыктыра алмады нақ Соны...

Керсмет білім – сусыны,
Келмей бір кеткен қисыны,
Созылмай қалған сыңсуы,
Білінбей солған гүл сыны.

Тепкілеп төсін кең жүрск,
Қарақат көзі мәлдіреп,
Бәріне жұрттың елбіреп,
Жұз жылғы кику заманның
Бостандық жырын әйгілең...

Казақтың қызы салмақты,
Алтыннан басы ардақты
Ұзап бір кеткен қыз-ғұмыр
Өзіне-өзін арнапты.

Өзегін жарып бір шыбық
Өспейді енді гүл шығын,

Бір өмір қалды тұншығып,
Өкініш айтып тыншыңдық.

Иілмей қалған қыз басы –
Ирек бір өмір сызбасы,
Терезе бойлап өсіп тұр –
Өзінің салған сұлбасы...

ПАРАДОКС

Ағаштар өзімен – өзі
құлап жатыр қолын созып рабайсыз,
Толарсақтан су кешеді. Аясыз
Толассызға тамыр шіріп талайсыз
О, Жасаған мұны неге балайсыз?..

Қайғы сүйн көп сінірген, кекілдім,
Сенің тілсіз тағдырыңа өкіндім,
Суықсайдың мол шуына еліткен
Мәжнүн талға жаназа оқып отырмын...

Тау сүйнің жолын тосқан еңселім,
Моланды іздеп шықпап едім мен сенің
Шөл жалмаған тұп жусанның жолымен
Қыр түбіне жеткен екен көл сенің...

Мұздай сүйқ су жолында қалманыз,
Мөлдір, таза, болсын, тіпті, айнаныз
Сұлулықтың өліп кеткен жолында
Біздің жақтың нуларындей бар ма аныз?!

ӨКІНІШ

Зәмзәм су кайта нұрға айнала алмас,
Көрінер көл жағасы – жап-жалаңаш,
Жаңғыртып Алтай тауды кетті агалар
Жазмыштың дегеніне айла болмас.

Берелдің қоңыр белін қоңыраулатқан,
Ғұн сайрап көкірегінде омыраулатқан.
Опынып Ақтан аға өтті емес пе,
Әр сөзін Күнге қақтап, Айға аунатқан.

Оралхан – орда бұзған сері бұлан,
Тарпаң сөз тудырған ой солығынан.
Төңкеріп қасаң заман оппаларын,
Оралмай кетті өмірдің жорығынан.

Қалағаң қалап сөзді мәнісімен,
Жұлдызды жол қалғандай әр ісінен.
Төр Алтай Төбе биге жоктау айтса,
Қара сөз қанқылдар каз дауысымен...

Вячеслав Ступницкийден МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Керемет қой ақ боз атпен самғаған,
Керіледі көз ұшында кең далам
Аспан текті асқар таудың басында
Таңғажайып табиғатқа таң қалам.

Сары аязы, аитап күндері,
Қарлы шыны, дала гүлдері,
Қарызыбын саған мәңгі бай өлкे,
Тәңірдің сыйы тербер шын мені.

Қайырмасы:
Қазақ Елі!
Таумен көмкерілген,
Қазақ Елі! –
Дала еңсерілген,
Қазақ Елі!
Мәңгі бай өлкे,
Қазақ Елі!
Біргемін мен сенімен!

Жомартсың сен жер байлығына,
Бейбіт күн шалқып айдыныңда,
Сабырмен жеткен дана халқың
Береке, бақтың барлығына.

Сарабдал салтиен сүйеніп сенімге,
Бірлікпен жеткен бейбіт өмірге,

Тағдыры таласқа сан түскен ел,
Жасай бер жайнап туған жерінде!

Бас ием тіземді бүтіп мен
Ел аман болсын, жол ашық,
Бас ием тіземді бүтіп мен
Тірлік кеш, о Елім, жарасып!

Жапырақтың ағып түскен жанарында бармысын,
Балқып батқан қызыл Айдың табағында бармысын
Бабалардың семсер соққан от жалынды Алауы,
Желтоқсанның көз жасымен бой көтерген
карлы шың?!

Желтоқсанда көтерілген көптің көкжал толқыны,
Керзі етікпен тепкіленген ару қыздың шер тұні,
Өктемдіктің өкшесімен санамызда жазылған
Естен кетпес қан түкірген сары аяздың Салқыны.

Еркіндігін тұншықтырып жатқан кезде есті ардың,
Қандай күйде күңіренгенін мен білмеймін аспанның
Ел-Ананың бесігінде уйлдеген сәби үн
Еске салып тұрар мәңгі төңкерісін жастардың.

АЛЛАҒА ХАБАРЛАМА

*Алло, Алла!
Адам өмірі өзіне жетпей жатыр...
Уақыт – бәрін билеген өктем батыр.
Жарықпен де жарысып алды адамзат,
Ақыл, сезім аспанда көктейді ақыр...*

Жақсы күнде қысқарды мезгіл неден?
Адал уақыт адамнан бездің неден,
Уақыт, уақыт, бәрінен уақыт тапшы,
Тақсыр уақыт, тірліктен оздың неден?

Уақыт жалдап, ілімнен қалыспаймыз,
Уақыт тауып, біліммен қарыштаймыз.

Ағайынға баратын уакыт жок,
Жұлдыздардай күн санап алытаймыз.

Мейірімге жылынып, шөлдемейміз,
Сағындық қой өзінді, кел демейміз,
Жалғызбасты өмірді – көр демейміз,
Жалғыз шықсам сопиып төрге дейміз.

Уакыт ұлып жәлкемде безілдейді,
Досымды аңсан жүрегім езілмейді,
Тұнгі әлемді шарлатып «қара кітап»
Жалғыз қалсан өлмейсің өзін дейді.

Кірпігіме уакыт кеп қонактайды,
Алдың жар, артың құз ба қаратпайды,
Жылаушандай жан бағып жүрген кезде
Бізді уакыт инеге сабактайды...

КҮН ЖОЛЫНДА ҚҰЛЫНДАР КІСІНЕГЕН ...

Күн жолында құлыштар кісінеген...
Жұз бабамның салты бар түсіме енер,
Өлең жазып отырсаң ой қамалап,
Жұз әжемнің гөй-гөйі күшіне енер...

Ай мен күннің үрпінен ак сүт ағып,
Құба талым үкінді тақшы тағы,
Өркешіне бозінген жылынағын,
Боздақ әкем жоғалтқан атты тауып...

Ақ енелер өрмегі жеті өрімнен,
Кемпірқосақ таңдайдан от өрілген,
Дерпті куған жан бабам жетегімен
Шабыт соқса шарықтап кетсемін мен.

Таң қаламын Тәңірдің ісіне мен,
Ұрпағымен дамиды кісі деген.
Мен бабаммен кездесстім бейуакта
Күн астында құлыштар кісінеген...

Ештеңе демейтін елігім,
бөрінің аузына салды екен
сені кім?!

Бұркіттің ұясы
бұзылмай тұратын
бүтіндік еді ғой мұратым.

Ол рас
мен ұзак сейледім,
Эйтсе де
ұн демей қалуды
жөн көрдім.

Кеудеме
бағзыда құйылған
тұратын жасырын құйыннан
бір сауыт бар еді.

Ойыншыққа
кол созған баладай
несіне қызықтың?

Жылымдық
керек пе
көзінен өтетін жүзіктің.

Неғып тұр сайрамай дедің бе,
Байғұс-ай..., жалған-ай... дедің бе,
Жетіген көнілдің тұнығы дір етті
Несіне шертесіз
Пернесін жүректің?

Жанға емес,
жапыракқа ғашық болғам тегі мен,
Жастық шағым
күз демінен,
қашқан және өзінен...

Кешір мені, кешіре гөр,
Өзім сүйген сабырлым,
Сені көріп,
сағайған сол суретінді сағындым.
Жастық кешу –
ол мен үшін

көлеңкесі қайыңын,
Құрбаны едім
ішке түсіп,
дертке айналған уайымның...
Жана-жана,
орны отайып,
күйіп қалған күйдіргі
Жалған баққа,
алданбақ па
сене алмайды бір күнгі...
Бұл жалғанда
күйді арманда
менің жалғыз бақыттым...
Жауабы жоқ
телегейге
төккен жасым – жақұттым...
Есімде әлі
мандайыма
жазылған сол дастаным.
Қанатына қайғы тендереп,
керуен көшкен аспаным.
Махаббатың –
мәңгі деген
сөздің өзі ертегі,
Еркеледі, күлімдеді, өзегімді өртеді...

Махаббат бұл өмірде бар дегейсің,
Егіз боп жаратылған жан дегейсің.
Сүйгенің гүл орына мұң сыйласа,
Тіл біткен кара тасқа зар дегейсің.

Ұмыттым сені десс... сенбесейсің,
Сезімді сынау үшін келмегейсің.
Даланың демі сіңген қайран қалқам,
Күн сүйген жер секілді сонбесейсің.

Махаббат өз жолынан бір танбайды,
Жүрегінің түбінен күй тандайды.
Әктем желдің үзілмес өкпегінде
Өмірзая күй кешіп жаутаңдайды.

Су кешіп жағалауға өт демейсің,
Жатырқап жатсынбайсың, кет демейсің,
Нұр шашып қалың жұлдыз қабағымен
Сырымды шайқап алсаң сөкпегейсің...

Мен саған мәңгілікке сапар шектім,
Түйіспейтін жолымен қатар шектің...
Ғашықтық тұрағы жоқ ол бір сағым
Түбіне жете алмайтын Ақан - сертің.

Махаббатта қайғы-мұңға бекеммін,
Әлі күнге жұмбакпын мен бөтөнмін.
Сен тұратын көрінбейді жағалау
Кашан, қалай, қай күндерде жетермін...

МАХАББАТЫҢ АЗАБЫ

Сені сүйген ерінімде шырын бал,
Көңілімде бозторғайым шырылдар.
Сен іздеген көздерімнің тубінде
Түк айта алмай тілсіз қалған сырым бар...

Жұбата алмас ұлы ақындар ғазалы,
Сезімдерім тәтті мұңмен жазалы.
Ойламаппын сонша бақыт сыйлар деп,
Басқа түскен махаббаттың азабы.

Сені сүйдім, қарамастан кінәңа,
Сені сүйдім, себебін де сұрама.
Қанда еріген қарақаты жанымның
Енді мені бұдан әрі сынама.

Бұл ғаламда жан жоқ сенен әдемі,
Сені көріп, тұнып қалған зар еді:
Бір адамға айналамыз екеуміз
Қарсы алады ғашықтардың әлемі.

Аспанға қарап,
мәжнүн талдардың кешінде
Есіне түскен мен едім...
Жақұт жанарың
аунап бір Айдың төсінде
Ақыры ... соған тенедің.

Ауыл үстінде
алшайып аспан көсілген
сезімнің өлшеп тереңін
Өзің де білмей,
ынтықсың Айға не сырмен,
жортуыл талқан бөрі едің...

ПЛАТОННЫҢ МАХАББАТЫ

Түсімдс жоқсың сен неге,
Өнімде – ғайын...
Зандылық па еді бұл әлде
өмірге лайық.
Рөлінде ойнап қарағай,
қайың да сенің,
Көре алмай кетіп барамын
жан үйлесімін...
Шешілмей кеткен түйіні,
жұмбақ жан – ғылым,
Айрылған ерте Қозыдан
Баян-тағдырым.

Ғайыптан келген сөз жеңіл,
Шабытты шакта кернеген.
Шеменді қозғап өзге бір,
Адамзат жүгін тендерген.

Алқынып жетер алыстан
Жарықтан жылдам зымыран.
Қаламға еріп қалыспай,
Өлең бол қайта туылған.

Жаралар жаңа толқындар
Ұлы ағыс билеп сананы.
Қалғыған шындар, бөркінді ал,
Каттырак ұрса жағаны.

Толықсыр ақын бұл шақта
Сөз ілген шапақ- сәуледен
Біз өлу үшін тусақ та,
Әулие ойлар өлмеген...

Әуелден аян ғаламға
Ғайып өлеңде мін бар ма?!

Түк емес ақырзаман да
Тоғысып Әлем тұрғанда...

Саған деген сезімдерімді
мың жылда да жасыра аламын...
Өзгере алмас дейсің бе
ғасыр адамын,
Ақ жүзімде
былдыр-былдыр тамшылап,
жатса да жаңбыр моншағы
Сенен келген қайғыны
бауырыма басып аламын.
Қайғы, мұң, тәтті сезім...
ойым адасқан
Көзімде тұнған қара тұн
таңмен жарасқан.
Шашыратқы гүлдеріндей
Ұза-а-а-қ жылдарға шашылған
Жаны сірі сезімім
Бота дерсің боздап,
қайырылмай бел аскан...

ӨНЕР БАҒБАНЫ *Серік Ғабдуллинге*

Желбіреген шуағы,
Желкілдеген құрағы.
Серік аға әлі күн
Жыр – жұмақта тұрады.

Қарауытса көз нұры,
Қараң қалса ар жүгі,
Қасқаяды теңізден,
Айсберг Айбыны.

Сөзден сорған шырын бал,
Ақын қызың, ұлың бар.
Кекілін жыр тараған,
Құйындаратса құлындар.

Ұлан дала – бесігің,
Төбесі – уайым, төсі – мұң.
Орда бұзған шағында,
Қамал болған есімің.

Жыр жолында – жарағың,
Оқыттың өлең сабағын.
Төрге шаппай, төске өрлеп,
Қабағыма карадың.

Сенің жырың – зар әнің,
Көз жасындей даланың.
Сарқылмайтын кәусардың,
Бастауы деп қаламын.

Қайраткері өлкемнің,
Тиянағы сртеннің.
Ақ Ертістің кемессі,
Алақаны желкеннің.

АҒАМ ЕРКІННІҢ РУХЫНА

Жапырағын жайған бәйтерегім-ай,
Жығылдың ерте сен неге,
Өзегін жұрттың өртегенің-ай,
Жете алмай соңғы кермеге.

Тағдырға тәуба айтатын едің,
Таулардың шығып өріне,
Жаз туса елге қайтатын едің,
Жеттің-ау туған жеріне...

Желпілдек шуға елпілдемейтін
Сарабдал салтың бар еді,
Еңбекте сені Еркін демейтін,
Еркелетіп «Еркөш» деп еді.

Қабағың түссе қарлы жаңбырдай,
Кейінгі жасқа сынақ ең.
Абайлап өттің арды қалдырмай,
Жаксыдан қалған түяқ ең.

Мандай теріңмен ғұмырдан өттің
Қызықпай қара бакырга.
Немере сүюге сабырмен жеттің,
Арманда кетпей бакиға.

Жаратқан ием жар бола гөрсін,
Ұрпағың өркен жаюға.
Аманат жаның жаннатта болсын,
Дамылда, аға, дамылда...

«Жарықтық» дейтін жан анам
Ақсақал енсе үйге кеп,
Жарықпен кірген даладан
Жайланып мінез күйгелек.

«Жарықтық» дейтін жан шыға,
Нан түссе жерге дөңгелеп,

Көңілдің кірін аршыған
Жарықта бар-ау, нұр бөлек.

«Жарықтық» дейтін тәуба ғып,
Өмірден біреу өтсе егер,
Үміттің түбін қайғы алып,
Жатса да, жұртым бек сенер...

«Жарықтық» – мені өсірген,
Шықпайды-ау ерен ссімнен.
Алтайдың апай төсінде
Жарықтық Ай боп көслген...

ЖУСАН

Көшпендің топырақ көмген есінде
Дамыл таппай толқып жатқан күй-сарын,
Қазағымның жел тербеген төсінде
Ақындығын тастамаған Жусаным!

Сыбыр етті сол баяғы жарқын үн,
Дауылпазың бар еді дсп колында.
Сак пен ғұным әспеттеген Ай тұнім,
Біздің мына далаға кеп, дамылда.

Отырадың дөп келгендей шеніне,
Гүл орнына жұпар шашқан, Жусаным,
Үкі тақкан бабалардың төріне
Жер иесі, ел киесі – Жусаным.

Қылқынған қара ниеттің алдында
Аппак теңізімді жаямын...
Шамасы келмес ардың да
Женуге ойдың арамын.

Үсіген тауық секілді
Қарманған құлқыңа болайын,
Шындықтың жүзі өтімді
Орнына нені қояйын?!

АЛТЫН ТАМЫР

*Көркінен күн ұялып, ай жабырқаған көгорайлы,
көп күмбезді тауларым менің...*

Шіркейлердің аккордына би билеп,
Көк несердің таяғымен күнді илеп,
Ауыл отыр, бойын түзеп тас-түйін,
Кетік тістей азайса да бір-бірлеп.

Ауыл отыр – өң мен түстің арасы,
Дөнен қымыз, дәкей келіп сабасы.
Гүжілдейді төңірекке ие боп,
Жуан қарын Катонның бал арасы.

Ауыл қандай!
Рауғаш иіс, гүл сабау,
Ауыл – жұмак, бір серуен құрсак-ау,
Сүйріктей бір құлын туып жайлауда,
Мойыл гүлдеп, нұр шашады тұмса бау.

Долана сай қол бұлғайды әудемде,
Бала кезін сағынған-ау шерменде.
Тәніркүтқа оралғандай боп тұрам
О,ауылым, мен өзінді көргенде.

Рухын сыйлап жібегі мен шайысы,
Кісінейді жүйрігі де жабысы.
Дөң қабакта дөңгеленген ауылдың
Қымбат маған сынық сүйем, қарысы.

Есім біліп, мен Алтайды көрген жер,
Қаптай сокқан қар ұшырып өрден жел.
Сен момақан емес едің, не болар,
Орақ тіл мен от көмейден өнгендер?..

Сұт ағады таудың ұшар басынан,
Кие туып киіктің көз жасынан.
Сары балдың сарқытындаидай, ауылым,
Бәрін қайта бастайықшы басынан...

ЖЫРАУЛАР

Әгей дала, өксігенде құба тұп,
Отырған ғой бірін-бірі жұбатып,
Қазак солай жылайтын да, күлетін,
Қаһар тәкты қара сөзбен құлатып.

Көмілгенде Отырардан басқасы
Жабы тартып, курені мен қасқасы,
Ұлы дала есендіреп жойқыннан
Өткен шакқа бұрды солай көш басын.

Ұмытылып көңс түркі жазуы,
Би сөйледі алты қарыс азуы.
Сана – кітап, тіл – қаламсап, у – сия,
Тандайна көшкен скен қаз үні.

Қазынасы жырау тілде шалқыған,
Қызыл сөзден қымыз иісі аңқыған.
Тасқа жазбай, басқа жазған жазулар
Махамбетке келіп жеткен Майқыдан.

Ерлігі де, слдігі де досқа сыр,
Сөз мұраты – көкжиекпен астасу.
Бес жұз жылда жағы талмай сайраған
Жырау халық соғысылты бес ғасыр.

ӨКІНІШ

Алып ұшқан сезім жоқ жанарында,
Күн тұтылған әдемі қабағында.
Мен сонда адамдықтың қарызына
Есім кетіп елжірсп қарадым ба?

Сүймейсің ғой жаныңмен мені күнім,
Сүйетұғын мәп-мәлдір мейірімің.
Гамам қызды өзіне ғашық еткен
Заған менің түк емес серілігім.

Толқып акты қеудемнен өмір менің,
Күн дидарлым, төрімнен сені көрдім.

Жақсы еді ғой сүйкімді көрінгеннен
Жүрегінің түбінде көмілгенім.

Жұлдыздардың сөнгені,
Жақсылардың өлгені –
Жердің жетім қалғаны.

Қызыл-жасыл өрмегі,
Жолбарыс тон жөргегі,
Жұмбактайды жер нені?!

Әлем шекіз кесілген,
Ғажайып жан өсірген,
Кіндігі көкте кесілген...

ҚИЯНАТ

Дір-дір етті алақаны тылсымның,
Қызыл гүл бол, күн нұрына сүйсіндім...
Ерке желмен қайта оралған күй сындым –
Жарып айтқан жалғыз өлең – қисындым.

Қайғы-мұным кіріп келді именбей,
Жаз ортасы жанға қамшы тигендей.
Қарап тұрып көтерілді жүрегім
Қияннан шірік қамқа кигендей.

Жасалғанын білдім сөздің ұрлықтан,
Шошыды ием қарапайым шындықтан.
Екіжүзді құбыжықтар қамалған
Өз еркіммен босап шықтым құлдықтан.

Жанда көктеп, өніп шыққан бір өлең,
Алтынкүрек торғын толқын күреген,
Сауын айтып тұн жұлдызын жинаған
Падиша Айға маңдайымды тірегем.

НАРКОМ

Арыстан үнмен аһ ұрып,
Тұрменің торын шайқаған.
Теміrbек сынды наркомға
Жоқтау айтып көрейін,
Зар-уын ішкен қазақтың
Отына жанған азаптың
Жақсыны жеген коркауға
Жұртым-ай, енді не дейін?!..

Желпілдептің Мәскеуде
Жамбыл – жырдың тұндігін.
Ұйыттың ұлттың ұл-қызын.
Сайраған бұлбұл Күләштің
Сөнбестей жактың жұлдызын.

Құрт түсіп халық- корғанға,
Бұк түсіп азат ойлар да,
Ай, Құннің атамекені
Аза мен ызага толғанда,
Әлтірген өмір – Өгейің!..
Тасытып халық мерейін,
Намысттан нар іс жасаған.
Ту сыртыннан тап келді-ау
Қанды көбік Қособан!..

СҮЙЕНГЕҢ ТАУЫҢ ҚҰЛАМАСЫН

Уақыттың бір өлшемінде
аспан еді тұрағың,
Ойнал, тағдыр керсенінде,
қара жерге құладың.

Сүйеніп, тау, төбелерге,
өскендей ед шынарым,
Бауырлас бұлт, неге, неге
қасыма кеп жыладың?!

Жамырасып дария-уайым
ақ жолымды шаясын,

Шыбыртқы тиген жалаңаш жаным,
тауыстың ғой шарасын.

Ішке түсіп бір шок-дене,
Өлмей әрең шыдадым,
Бауырлас бұлт, неге, неге
Қасыма кеп жыладың?!

Отаршылдық сұргіні бар әлемде,
Көп қоркытып, батыратын теренге.
Ұлтжандылық, ұлтты сұю, аяу бар,
Өкініш жок терезесі тен елде.

Зымырау бар кішірейген әлемде,
Көкпен туыс ақыл кепті кемелге.
Ғылым ортак, аяу ортак бәріне,
Ұлт жок бірак ...өнерде.

Ұлт – дәстүрде, дерпті менің тілімде,
Еркін сөйлеп, көсілемін үйімде.
Астамсу жок ешбір жұрттың қүйінде,
Үстемдік жок құстардың да үнінде...

АЛТАЙДЫҢ АБЫЗ ЖЫРШЫСЫ

Жазушының алаң дерпті азабы,
Уайымы мен үмітінің базары,
Ғұн тілінде жамырайды гарышта
Ауылдастың озаны мен азаны...

Бұдырайған екі шеке би ағам,
Қырағы көз калт жібермес киядан
Алтай таудың аманатын орындал,
Топыракқа жапырак бол қулаган...

Сүрлеу-сокпак қарашада із қалған,
Жалт еткенде қайран қоңыр күз жалған,
От орнынан не қалды деп сұрар ма
Оралханың тосып тұрып Сізді алдан?

Қанып іштің Аксу текті – қайнардан,
Сағынышың кіндігінен байланған.
Топқайыңдан торқа киген, абызым,
Сөз-суреті бүршік атыш, ой жарған.

Сере қардың сөгілгендей көбесі,
Алтын күрек лебізінді тәгссің.
Жұмбағы көп кара сөздің бұрқағы
Жолын тапсын ғасырларға кслесі.

КҮНМЕН ҚОШТАСУ

Батағой, Күнім, батағой,
Тірімін көкте Ай барда.
Мелдектеп мұңға батады ой
Ілініп жаным тауларға.

Батағой, Күнім, қызығым,
Бағаналы жерге – бақа сеп,
Алтын шашыңың ұзігін
Не болар түнмен өтесек?!

Тенізге батқан алыбым,
Тәж киіп нұрдан қайтарсын,
Төгіліп тұпсіз қайырым,
Шық тұнған дүние жалтарсын.

Аманат жаның – ертеңге,
Қанағат – сәулең сөне алмас,
Өкінтіп тұрып өртенген
Осы күн ғана келс алмас.

ПЕЙІЛ

Бірде олай өмір-ай, бірде бұлай,
Көздеріңе шашырар көлдегі лай.
Жүреді жаксыларды жаулап алып,
Жүрегі әр адамның жерде Құдай.

Патша көңіл, өзіңе не жетеді,
Қараулық жағаласып тең өтеді.

Жомарт Тәңір берген ғой көл-гөсір ғып,
Көрінер «алтын сандық» көп екені.

Біреу жүр күнде адасып, басы лаңда,
Ұрынарға сөз таппай, қасынарға.
Жан дерті адамзаттың басылады
Тенізі мейірімнің тасығанда.

АЛТАЙҒА КЕЛГЕН АҚҚУЛАР

Көктемдер кешігетін,
Жібек жел еслетін
Ауасы кәусар,
Жұмағы – жанға мекен,
Көбентауға қос акқу қонған екен.

Айнакөл – айдыны көк,
Сүйетін Ай дірілдеп,
Не жетер қымыз иіс самалдарға,
Қауырсынды карагөз таранғанға,
Ақку боп ақ періште оралған ба?
Қарлы шың, қайсар өрі,
Қайысқан арша белі,
Сұлулық Алтай таудан жарадан ба,
Кешігіп әлденеше замандарға,
Төркінін акку іздел таба алған ба?

Балауса пәк құрағы,
Аймандай ақ бұлағы
Катонның ендігі аты – «Акку жеткен»
Аспан асты, жер үсті гәккулеткен
Аппақ еді қанаты бақтың неткен?!

Әулием – аңсар әнім,
Әкелген таң самалын,
Аққуларды баладым ырысыма,
Ақ өлең боп құйылған тіл ұшына,
Кие боп қонақтай бер Шығысыма.

Махаббат өледі, өмірді құшактап,
Аспанға айналар секілді құс аппак,
Достық та өледі, сынаққа шыдамай,
Фарышта... тозандай кетсе егер ұсақтап.

Уақыт қатыгез, жан босқа қарауыл,
Тілдің бал дәмімен жазылmas жара бұл.
Махаббат жөнінде басқалар жазады
Шынайы шықса егер, естілер әні ауыр.

Естегі елестер сананы шабактап,
Кірпікке моншактар кінәсіз қонақтап.
Мұзтауға тіреліп, маңманғер маңдайы
Сезім де күрсінер, сапарын аяқтап...

Қайнаған кәусарды мұң тілі байлаған,
Жоқтайсың жалынды жазықсыз жайраған.
Жылыстап жоғалған ай-күнім аяулы
Әйтпесе жақсыны сүйгелі қай заман?

ЖАМБЫЛЫМ

Атынан айналайын, Жамбыл ата,
Жырлары ел корғаған айбын ата,
Тақылдал таңдайымнан өлең тамса,
Мен сенің арманыңда бармын, ата.

Жамбыл менің жай атым деп едіңіз,
Білініп жалпак жұртқа керегіңіз.
Киесі жолбарыстың сактай-сактай,
Алыбым, жұз жасқа да кеп едіңіз,

Кетіпсіз ақ патшаны мактай алмай,
Тозған ел қайғысына тоқтай алмай,
Ленинградтық өренің соғыспаған
Өзің жазған өлеңді жаттап алмай.

Қамыстай жапырылып иілмеген,
Қашанда қарапайым қүйін көрем,

Жетпіс ақын өзінмен тартысқанда,
Жан бар ма айтысына сүйінбекен.

Жалғызы қазағымның жұз жасаған,
Көңілдің күмбірінен күн жасаған.
Абайдың суретімен тілдесетін,
Абылайдың рухымен мұндас адам.

ЖЕРДІҢ КҮН БЕТІ

Ақша жұз албыраған күннің беті,
Адамның кіп-кішкене күн келбеті.
Ақ сәулеге малынған аппак адам,
Ақ сәуленің болмайды шегі-шеті.

Қара көз – қара жердің оймақ нұры,
Көгілдір көз – аспанның айғақтығы.
Гүл еріннен сөз сұлу төгілгенде,
Тау гүрілдеп шаттанар, жайнап қыры...

Алтын шашын жаяды сақтың қызы,
Күзгі ермендей жасқанаар жаттың жұзі.
Кірпігіне қамалған айды көрдім,
Арудың күйдіргенде от лебізі...

Күн сүйген басын алмай Коңырқайым,
Күмай көз, қыран қабақ ... күнде уайым
Адамның жарасымы табиғатпен,
Сән берер шебер Құдай одан сайын...

КЕРБҰҒЫ

Сағындырған сен барда...
Тіл бітіріп Тәңіртау тастарына,
Жұлдыз шаштың Алтайдың аскарына
Күркіреме басына күмбез орнап,
Қалың елдің айналдың дастанына.

Мәңгүрт құлап Мұзтаудың биігінен,
Айнала алмай жат өлді күйігінен,

Ер Ақтан жер Ақтанмен найзаласса,
Көзіңің қарап тұрдың киығымен...

Мұн шақтың барша дүние жалғызына,
Тіл қатты күн тұтылып, Ай бұзыла...
Сен – Жалғыз... Жер секілді боздағанда,
Айналды ұшқыр жаңың Қар қызына.

Шың басында мөлдіреп тамшы көлін ,
Тарпаң болмыс үзетін ой шідерін,
Ақырып Ай астында айбат қылды
Аһ ұрып Садақбайдай қамшыгерің.

Кербұғым, ойға орал, айбын жаса,
Кайрандап, қалмай тұр ғой қайғым да аса,
Қасқа құлын кісінеп тұрар еді-ау,
Күмбірінен күй тілім айрылмаса.

Ар ұялар Жаңғырық – есалаңнан,
Ерік-Сона жағдайын жасап алған,
Бес ғасырлық киеден не сұрайсың,
Бес тындық құны жоқ қашағаннан.

Сәл тіріліп, карашы айнала бір,
Құшып, сүйіп жерінді аймала бір
Сен келмеген сан жылдар сағынышты
Бір сөзіңе зар болды-ау қайран ауыл.

Кемел ақыл, көмбе сөз үлгі ұстарға,
Сен – мәңгісің аспани бір құш барда,
Алты Алаш арыстан ұлға не дер еді
Жарқ етіп бір көрінсең Шыңғыстайда?!..

Табиғатқа мейірінді төге гөр,
Ол көктемде қайта туып көгерер.
Бұл дүниеде жұмак берген біздерге
Кім біледі,
о дүниеде не берер?!..

Сарғайыңқы жапырақтың жүздері,
Салқын тартып жұмбактайды күз нені?
Қаңбағындай өтіп кетер жалғанның
Сырғанайды
жарқын жаздың іздері.

Аласарып аппак нұрдың айбыны,
Әспеттелер коңыр күздің қай мұны?
Бура бұлттар жын шашады тоқтамай,
Еске салып
өтіп кеткен қайғыны.

Күн жылынып жердің соңғы табына,
Күз кірісті қыстың ерте қамына.
Жапырақпен жазым болған жаз күні
Улы сия құяды ақын жанына.

17.08.2015 ж.

Жарасар Хакқа аспанды мекен қылғаны,
Жалаңаш жерде жоғалар ма еді иманы?
Аярдың тілі көндірер ме еді оны да
Әшкере болып Тәңірдің барлық жұмбағы?!

Шаң басқан тәні, қылдырықтай ғана жаны бар,
Пенделер өлсе, алақандай жер табылар.
Сүйініп тұрып, сүрініп кеткен тағдырдың
Алладай жалғыз ары бар...

АУЛАРМАЛАР

A.C. ПУШКИН

АҚЫН

Кім ояты ақынды, кім ескерді?!
Аполлонға құрбан шал деп қастерлі
Тәлтіректеп тірлік-тамұқ ішінде
Жүреді ақын күйінде сол – естанды.

Сыршыл сезім мылқаулаңып сөнер ме,
Ессіз ұйқы құшағында өлер ме?!

Куыс кеуде әлем толып пендегс
Жүрер ақын солардан ең төменде.

Оянғанда ұлы сөздің Құдайы
Саналы ұғып, ажарланса шырайы.
Ақын жаны шарқ ұрады аспанға
Сілкінді зенгір көкте қыраны.

Қайғы сеуіп, еріккен жұрт өсегі,
Бездіреді көкезулік кеселі
Жұрт табынған патшалардың алдында
Мәртебесі еңкеймейді өседі.

Тәрк етеді тастап адам баласын,
Жанын қысып, долы сөз бен борасын.
Кезер ақын құмды толқын жағасын
Шұлы, шерлі орманды алқап аясын.

БҰЛТ

Бір қара бұлт жүріп алдың көкте ойнап,
Жүріп алдың көзің жасың кеппей қап,
Өзің ғана төгіп қара көлеңке
Өзің ғана қайғы шектің, шоқ шайнап.

Жаңа ғана аспан есін шығардың,
Найзағаймен қақ бөліндің, қуардың,
Бір құпия жай оты боп құркіреп,
Жебір жерді нөсерінмен суардың.

Жетер енді! Мезгіл жетті жоғалар.
Жер жасанды, дауыл қөшті – қара нар
Жел сипады жапырақтың айдарын
Сені әріге қуып жұндей сабалар.

C. A. ЕСЕНИН

ЖАСТЫҚ ШАҚҚА МЕН ЕНДІ ОРАЛМАСПЫН

Аяғына бас ұрып, көне алмаспын,
Жарқ етті өмір жүзіндей ақ алмастың.
Шалғынын алтын ңұрмен желкілдеткен,
Жастық шаққа мен енді оралмаспын.

Суынып соққан жүрегім ақылдас, – деді,
Жап-жас кезінде сезімге батырмас па еді.
Аппак арманға боянған қайыңдар елі,
Жалаң аяқ жүгір, – деп шақырмас мені.

Кезбе, тентек рухым! Аялдан қалдың,
Баяғыдай от-жалынға оранбақ болдың.
Балауса, балғын, уыздай, нәзік кездерім,
Кайран да ыстық сезімім, отты кездерім.

Баяғы ... сол бір құштарлық азайды демде,
Тұс көрген сынды ғұмыр, – деп қарадым жерге.
Арайлы таңмен көктемгі даланы тербел,
Алқызыл атпен қалықтал барамын мен де.

Адамзат – қонак, жол соны көрініп жатыр,
Жапырағы алып теректің төгіліп жатыр.
Жарқырап келіп, жабырқап кететін бір күн,
Алақанында Алланың өмірің жатыр.

Қар басады даланы,
Айдың сұык сәулесі.
Ақ кебінгे оранған
Қарай берем жерге осы...

Қайың біткен жылайды
Бір күйікті сезіммен.
Кім өлді екен, о, тоба,
Элде менің өзім бе?

*ЙЕИТС УИЛЬЯМ БАТЛЕР,
Ирландия ақыны,
Нобель сыйлығының иегері.*

ӘНГЕ АРНАЛҒАН КӨЙЛЕК

Әнге арнап көйлек көктелім,
Тоқыма, бүрме, өрнексіз,
Зер емес, зар күй төккенім, –
Көне бір аныз теңдессіз...

Ән-күйім, сұлу ханымым,
Көйлегің көлбеп жер сызған.
Қолында кетіп жабының
Моншактан денең аршылған.

Күйінбес бекер, ән-дұғам,
Ақымаққа олжа салғансың.
Сәндене түскен қайғыдан –
Лыпасыз, кербез армансың.

Мен аспаннан дүрия шатыр тұсірдім,
Алтын шапақ кестелеген өң бетін.
Жарығы мен көлеңкесін ұсындым
Шалқысын деп көктің алтын келбеті.

Сосын оны жайдым табан астыңа,
Бар байлығым осы – менің қиялым.
Арманымды жайлап келіп бас мына, –
Сезінерсің жайлышын шұғаның.

Сен сертінді бұзған кезде табалап,
Мен қаңғыздым шөпжелкені паналап.
Егер ашу улы тілмен сұғынса,
Ұйқы қысып тәтті шырын құйылса,
Ессіз шарап өрт денемде суынса,
Сенің тұнық жанарың
тұрадығой жай қарап...

Мәңгі тірі Өлкенің шарабынан татып ем,
Көншімеді көнілім, көнілсіздік шетінен:
Болдым жаңғақ ағашы – жапырақтар арасы,
Соқа болдым иілген,
Көкте кеме жүздіргем,
Жұлдыз, кайда барасың?

Мені көкке көтерді,
есебінен жаңылғанда біз күннің,
Ал мен болсам құрак болдым
ат тұяғы жаншыған,
Шапқан сайын аршылам...
Адам болдым – жел біткеннің қас жауы,
Білетіні: мәңгі өмірден, қозғалыстан қашқаны.

Ғашығының қеудесінде жұбанады мұн-ғасыл,
Белгіліғой өле-өлгенше ернің өбіп тұрмасы.
О, аң-құсы дүниенің, ынта-зарын тыймаган,
Мен қашанғы асықтардың үнін естіп қиналадам?!

Ақырғы рет болжағам алыс тұрып,
Ай астында ақырған барыс сұық.
Балық – Әйел толқыны, жасыл жанар,
Бір мыстан да қалмаған ашуланар.

Сыпирғышсыз солардың ең бекзаты,
Және құрып таусылған көзінің жасы...
Шың басында жоқ кентавр сұлбасы,
Соқыр етті мені күннің Өз Басы.

Жауға шапқан жалғыз Ана-ай бегім,
Ол да опат – айналды ажал құліне.
Көкжиекке елуім кеп тұр менің
Соқыр болдым қараймын деп,
корқақ, жасық, үнірейген күніме.

Аймен әлсіз тілдеседі құс сұңқылы, – дедім мен.
Байғыз үні, үкі даусы тұн зарымен егілген.
Сөздеріңің ерке назы, қуанышы, қайғысы
Жоғалады: жолдар шексіз, пана таптай жан құші.

Мұлгіген шың сорып жатыр аңғал-санғал ай нұрын,
Қасиетті Эхті тауы. Бұлак басы. Қалғыдым.
Бұтақтардан жан кетірген емес аяз көкжала, –
Аян болды: түсімді естіп, қайғырып-ақ солғаны.

Мен білем ғой соқпақтарды сиқыр әйел тұн кезген,
Гұлтәж киіп, өріп шығар түпсіз судан кез келген,
Ұршық, шүйке қолдарында, құпия бір күлкімен;
Танитын ем жүзген айды көбік сүйген көркімен.

Бишілері ойнақ салып Дану атты тайпаның,
Ай астында дөңгелсне от өргенін байқадым
Бұтақтардан жан кетірген емес аяз көкжала, –
Аян болды: түсімді естіп, қайғырып-ақ солғаны.

Білемін ғой қос Аққуды* алтын жіппен байланған*,
Ұйқы басқан көлді білем қасіреттен лайланған.

Патшасы мен падишасы телміреді тек үнсіз,
Шаттығы кем жаастықта: мәңгілікке... сыйрысыз.

Жүрек қылы акку үнмен шақырады қасына
Белгілі ғой байланады құс та бұлақ басына...
Бұтактардан жан кетірген емес аяз көкжалы, –
Аян болды: тұсімді естіп, қайғырып –ақ солғаны.

**Бұл жерде шексіз ынтызарлығы үшін мағаббат Құдайының қызығанышына ұшырап, аяусыз жазаланған Байле мен Айлиниң алтын жіппен шырмалған егіз Аққуга айналғаны жайындағы әйгілі ақыз еске атынады.*

АЖАЛ

Үміттенбей және ешбір қорғанбай,
Бұл өмірден өтер бір күн ан, құстар,
Ажал күткен үміт мендең, ес шошып,
Бұл жалғанға Адам атты бар құштар.

Жан иесі мың өліп, мың тірілген,
Басын қайта көтерген жанкештілік
Тірлік үшін тас табаны тілінген,
Күрескер рух азаптан бақ кештіріп.

Адам ақыл азабынан құледі
Шыр айналған рухы құшті өмірге.
Өкпе артады, ішкі сырын біледі,
Өзі қолмен жасап алған өлімге.

МӘҢГІЛІК ДАУЫСТАР

Шықпаңдар, мәңгі дауыстар!
Ұшыңдар жұлдызды аймакқа:
Ұмытып киелі аспанды
Шашылып кия-қыратқа.

Сендердің жалыныстарың
Жүректен егде, кәртәміш.
Құс үні, аспан жарылыстары,
Үзғып жел,
толқыннан туған әнді айтамыз.
Дамылда, мәңгі дауыстар.

БІР ҒАШЫҚ ӨЗ ЖУРЕГІНЕ ӨНІП ШЫҚҚАН РАЙХАН ГҮЛІ ТУРАЛЫ АЙТАДЫ

Бұл ғаламда не мұнлы, жадау әрі сиықсыз:
Жылаған бала шырылы, көпірдегі арба сықыры
Диханның батпан талтаңы, өксігі күздің күлықсыз.
Бейнең сенің қеудемде көміледі ай тұтылып.

СУ ПЕРИЦІ

Жүзіп жеткен алыстан жас жігітті
Су перісі арбады ажарымен.
Күшіп, сүйіп беліне жабысты ару
Тұңғиыққа батырып араны кең.

Пері ұмытты: у тамған ұжмақта
Сүйгені дайын еді курымаққа.

АЛГАШҚЫ МАХАББАТ

Сүйікті еді ай секілді жұзгені,
Залалы мол, зәһарлы орта сұлуы.
Ақша жүзін бояпрайхан гүлдері
Көз жауын ап сән-салтанат куруы.

Алма бетті аймалаппын аңғармай,
Тұла бойы жүрек екен – жан дене.
Жақындап ем, ак төсіне қол бармай,
Тас секілді томпаяды әлдене.

Бір тылсым күш жібермеді тор қалың,
Үркек сезім алып қашты , өкінем.
Ақылынан адасқандай қолдарым,
Үйқылы-ояу кезеді айлың бетімен.

Жымысы жеңді тартыс-арбауда,
Ақымак боп қалдым солай мен үнсіз.
Ішінде тек сағат тілі қалғандай
Сенделеді босаған бас сенімсіз.

Осылайша жұлдыз қаңғыр құр кеуде
Ай жарықтық тұн түнегін тілгенде.

МАХАББАТ ҚАЙҒЫСЫ

Тоғай тынды торғайлардың құмыр үнді шуынан,
Кеуделі шың алқа тақты құміс айдың буынан.
Жапырактар сүйсінісі – сөзі сазға айналған,
Адам ғана көрінбейді ауыз жаппас сарнаудан.

Жоқтау айтып оянады бір сұлу қыз сол шакта,
Күллі әлемнің ұлылығы көз жасында моншақтап...
Одиссейдегі – көк теңізде өмірді аңсан сарылған,
Приамдай тәқаппар ол – абыройлы бар ұлдан.

Дауыс салып қыз жылады, аспан асты шулады,
Жетім айдың жалғыздығы бозаң нұрын сыйлады.
Жапырақ та шер ішеді қайғылыға еніреп,
Адам сонда аһ ұрады, ышқынады төнірек.

ОЛ СҮЙІКТІСІНЕН ЖАН ТЫНЫШТЫҒЫН СҰРАЙДЫ

Елес – Аттар наизағайдай жарып қара түнекті,
Жібек жалы жер сүйретіп, жай отынан гүл екті.
Солтүстіктен жыландай боп жылжып жетті тұн лебі,
Шығыстан кеп жылтырады сынық сәуле сұлдері
Батыс нұрын жасырғанда шық тамшылап көзінен,
Онтүстіктен күрен қызыл райхан нұы сезілер...

О, Тұстердің тәтті елесі, Үміт, Тілек, Киялдың,
Ат тұяғы таңбалаған сор ізіндей лайдың.
Сүйіктім-ау, көзінді жұм, пәк жүрегің туласын,
Қара шашың толқындары кеудеме кеп шуласын.
Мен бір сәтке тынығайын, кәусарыңа батайын,
Ат жалынан, тұяқтардың дүрсілінен қашайын.

КЕЗІНДЕ КЕЛГЕН АҚЫЛ

Бояуда тұрған түк те жоқ, ақиқат женер түбінде:
Көгөрім жастық шағымның аңғалдау көктемінде
Мактанушы ем көгорай жапырақ, қызыл гүліме;
Кез келді енді қуаратын тамырлары түбінен.

Бір ақынға, кенес берген замандастың тілімен,
Маған, оған еліктеп жыр жазатын тұнімен.
Құрып кеткір, бір онбаган ақындарды мактауға.

Сен айтасың: дұрыс сөйлеп, желісінен танбаған
Кисынды сөз иесіне мактау айттым, сен маған.
Бәрі дұрыс, алайда естілмейді үргені,
Қайда сол ит мактайтұғын бұргені?

ҚҰС ҰШҚЫСЫ КЕЛЕДІ

Ой құштары белгісіз,
Ұрық жатыр – канада.
Жай талқандай һәммәсы:
Ой мекені – санада.

Құс қонады ұяға,
Құрсақ – жанның қоймасы.

ЖҰМАҚҚА АПАРАР ЖОЛ

Уинди-Гәпті қақ жардым,
Полпенинде наң берді.
Мен жұмаққа аттандым;
Қонақ болдым құдайы.
Жолым болды ұдайы.
Тұрдым тегеш ұрғылап,
Балық берді сұм бұлак.
Ал жұмақта патшалар мен жарлы тен.

Ағам Мортин тақтан тайды:
Ұлы жүрттың басын жарды.
Мен жұмаққа тұра тарттым;

Бақыты оның шамалы.
Көзей десен же наңады;
Бесегез бір-бір ит.
Жетінісі бар жаралы.
Ал жұмыста патшатар мен жарлы тен.

Көзей сорты байлы.
Бай етепті шыктаң.
Ал мен жұмак баласы.
Мектеп бітпіп бозбастар
Ми кептірер өзбаска.
Шұтыктарын толтырады ақшага:
Ал жұмыста патшатар мен жарлы тен.

Мын жазсан жел ойнайды төбемде,
Ақымактық – жел өлгөнін көрем деу.
Ал мен болсам, тұра тартым жұмакка.
Сыйлас досым жел мениң,
Бірге салған
Кара жолын өрнегін.
Мүмкін емес бұл шындықты көрмсүің:
Жұмак жақта патшатар мен жарлы тен.

ПОЭМА. ДАСТАН. ТОЛҒАУЛАР

АЗА (поэма)

*Казақ халқының басынан откен ең сұрапыл геноцид
— 1922–1933 жылдары қолдан жасалған аштық
құрбандарына арналады*

Пейілінің таркамаған базары,
Мейірінің Ай мен Күнде назары
Аштан өлген моласы жоқ казақтың
Топырағы болды неден жазалы?!

Қасиеттеп атқаратын қазаны,
Аруактар алдындағы таза ары,
Құйын тұрып, жалмауыздай жай ойнап,
Ішін тартты сұрқия жел азалы?!

Жеті жұттың жене алмаған талқысы,
Шарболаттай қайралатын ар, күші
Кұлық саумай, құлқынына құл болмай,
Шеккен жүрттың жерге айналды жартысы!..

Түркілердің тайпалғанда тұлпары,
Сардар сақтың саңқылдаған сұнқары,
«Елім-айлап» босып кеткен кезде де,
Сап тұзеген сарбазы мен сұлтаны.

Қайда кеткен қазакы ұлы сабыры,
Қайда кеткен қауым сауған Қайыны?!
Өлгенде де өлең-жырмен мөрленген
Әскербасы Қазтуғанның қабірі.

Жақсылардың дөңгелсіген ауылы,
Ақ боз үйдің көмілген бе қадірі?
Мыңжылдыққа ұласатын сарыны
Жерленген бе Махамбеттің дабылы?!

Көмескі ме Қенесары келбесті,
Ку жалғанның көрінді ме көр бесті,

Аштық қинал, адасқанда есінен
Табанынан тайды ма екен жер беті?!

Зор ақылға тамбай сонда тамшы нэр,
Адыра қалды – ау, намыс, жігер қамшылар,
Тышқаншылап қордың кебін киді ме
Тәнді тастап, болғаннан соң жан шығар?!

Боздау бота, аруана зарлаған,
Кісінеген құлын үнді жан бабам,
Абай қайда? Саналыға сөзі дем,
Қайран жұрттың қаңғып қалды-ау қаймана?!

Ұлы сынақ жетті солай – аш-кене,
Түйсіне алмас, өзі бастан кешпеген...
Ағзасына құл болғанда жан жылап,
Ісіп кетіп, бөлектенді бас, дене.

Қылдан тайып, тас-қияда адасқан,
Әлі келген шекарарадан әрі асқан,
Ас түспеген ақсазанның ішінде
Ашу-ыза төбеттері таласқан.

Момын еді, тегін еді бұла жүрт,
Төрг түлігін төскейлеткен қуба-ғұл,
Жалаңашбет* жалмап, жұтып ап кетті-ау,
Жал-жаядан артық болды-ау быламық!

...Сар далада келеді жұлдыз ағып,
Дөңнен жолын тосады күн қызырып,
Сүлікқара атымен сар желеді,
Жолаушыға ұстапас түн де ұзарып.

Бота тірсек, қолаң жал қазанаты
Томаға көз, шалқақтау назар оты,
Ерте шауып, төске озды құлан жүйрік
Қайда асығып барады азаматы?

*Голощекин

Қаршыға төс, көз көрмес қырым етін,
Акку мойын ұшқанда иілетін,
Шөп сонысын түяқпен тарпып жетін,
Су кәусарын шайқалтып сіміретін.

Сұліккара – Алтайдың сәйгүлігі,
Басына бұлт үйірген айлы мұны,
Иесін жауға салған тексежәуміт
Қалдырған Бәйге қара – әйгіліні.

Алтайға аты мәлім Сұліккара
Аштықтан баз кешкенде тозып сана,
Иссін алып қашып бара жатты,
Тауқымет басқа түссе бар ма шара?!

Нұрқастың нұр қалмаған келбетінде,
У ішіп, руымен кер кетуде,
Кедей, ер, бай, боздакты аштық жалмап,
Томпайып кала берді жер бетінде.

Көкбояу, кенеу болмай жуа, жидек,
Ұлыған аш бөрідей жұрт зар илеп,
Адам бар анға айналған дегенді естір,
Өліктерін жасырған ... үйге жерлеп.

Нұрқастың көп момыннан сті тірі,
Алтайдың бір туатын қайтпас ері¹
Арғымағын жасырып «Алтықызыға»,
Ұрыдай аласұрған жанның бірі.

Сүйінгендей, – бір сәтке өкінгендей,
Аштан өлмек... майданың өтінде өлмей...
Тиін атып, тісіне тас батса да,
Жұген ұстап қалмасқа бекінгендей.

Осылай болған... жұртқа жат жеткенде,
Басынан бодан елдің бақ кеткенде,
Асыра сілтеушілер тайран қағып,
Аша түяқ қалдырмай ап кеткенде.

Нұрқас та жат қылыққа тісін қайрап,
Бір істі бастап кетті белді байлад,

Бір түнде аргы жакка кетпек болды,
Каскыр да қас жауына қылған айбат.

...Әлсіреп жаткан ұлын қолына алды,
Әйел «Кетпе-е-йміз!» деп озан салды,
Тағдырын тас мандайға тапсырды да,
«Тар» жолын жалғыз өзі көріп алды.

Кеше аткан марал етія қалдырады,
Кош айтып, жарын естен тандырады.
Сүліккара – тұлпарын құтқарам деп.
Кайран ер карап тұрып қанғырады.

Шекара жолы жабық сор мандайға,
Аштыкты тоқтық коршап алғандай ма?
Тау-тасты қалың әскер күзетіп жур,
Құрсауда казақ тағы қалғандай ма?!

Атыспак ойдан тайыш кейін қашты,
Теменге гүсіп қайта демін басты.
Оразар жөн жок енді ауыл жакка,
Татаға салды жазмыш ер Нұрқасты.

Үй-ішін кимай сонда егіледі,
Өз-өзін тасбауырдай сезінелі,
Аш құлқын, есер көзден сактап келген
Атынын жалын күштеп еніреді.

Көленке тартты көз алды от шайнаған,
Ділгіріп, өкініштен шок шайнаған.
Нұрқастын қызыл күнге назары ауды,
Батыста-а-а шым батуга ынғайланған...

Калын ел казагыма барам ба деп,
Тиянак тұлпарыма табам ба деп,
Үміттін канатымен құстай үшты,
Құткарып бәйге атымды қалам ба деп.

Жосылғып жақсан жылан жолға түсті,
Жіліттін жанын жеген арман құшті,
Жараган сәйгүлікті көзі кимай,
Түн каткан кашқын күйдің зарын ішті.

...Көрген-ді желбіреген қызыл түсті,
Заманың болды сесі нeden сұсты?
«Кәпірдің түрі жаман кан шашады-ау!»
Дегені бір пакырдың еске түсті...

Қызыл күн... ту емес кой қан бояған,
Шықпайды, шықпаса екен алдан Арам.
Күндіз жатып кеш бата аттанады,
Аштық женген үркеді сар даладан.

Жол соғып, шошытады шаршағаны,
Талқан татып барады таусағаны...
Қара дорба ішінде қонырайып,
Ең соңғы... бес-алты дән қарсы алады...

Сезім – сері. Таласып ақыл-қайғы,
Қасқыр ұлып, Азу тіс сақылдайды.
Қиямет-қайым орнап аштықпенен
Ер Нұрқас ақиқатқа жақындейды.

«Ал соярмын атымды, тойып жермін,
Бас сүйегін басыма қойып жермін,
Кісінеген дауысы – Жаназасы
Кіндігінен сорғалар алып Жердің.

Тоқ басқан мыңның бірі мен болармын,
Жабайы жайындықпен тен болармын,
Жүйрікті жал-жая мен етке бөліп,
Ақылынан адасқан көр болармын...

Осылай Нұрқас ерің шерленеді,
Сынағын сұм өмірдің өнгереді
Әулие сабырымен от арқандап,
Періште пейілімен өндөнеді.

«Сұлікқара! Кең қолтық, сандал керім,
Саф ауа, жусан иіс алған демің,
Бурылдай тұяғынан от өрілген,
Сенің-дағы кеп еді самғау кезің.

Қырқылған Құлагердің қанатындей,
Ақаның күйіп қалған жан отындей,

Шалқалап шарасынан шықты көзің
Аптығып ажалыңа баратындай...»

Осылай кусырганда ой шенгелі,
Сауырдың алдан шықты Жайсан қөлі,
Көл жағалай шұбырып аш-арық жур,
– Апырм-ай, ат суарып алсам ба еді?..

Сүйегі саудыраған бала жатыр,
Біреулер енді үзіліп бар жатыр,
Шөп жұлып, суға қарғып күйзелген жұрт,
Азалы пәни жалған жағада тұр...

Көре сап бұған қарай шұбырады,
Айланың осы болды құрығаны,
Аманат-атты беріп тірі қалса,
Бауыры қара жердің суығаны...

– Хал наша-а-а-р! Қауымсың ғой соры басым,
Ақкудың қанатын жеп не қыласың?..
Ет емес, ат деп қазақ ардақтайды,
Жүйріктен айырмайды соғым, асын...

Сабырынды шақыршы, жи есінді,
Жылаушан тап, қазсан да күресінді,
Құлагер... – кісің еді, кісі етін жеп,
Не көрінді байқамай тірі асылды?!

Осылай деп ер Нұрқас күбірледі,
Ғұмырының шыңырау түбін көрді,
Жер бауырлап жатса да аят оқып,
Өліп бара жатқаны білінбеді.

Жаяулар жылқы етіне қарық болды,
Сұлікқара көкке ұшты – гайып болды,
Жан тапсырды аштықтан соңғы Сері
Шалқалап, қара көкке жайып қолды...

ҚАРАТАЙ БАТЫР (дастан)

...Алынбай асу-шыңдары,
Арылмай жастық думаны,
Шайқалмай тұнық сулары,
Шашылмай жеткен мұн-зары,
Арналмай мадақ жырлары,
Ашылмай кеткен сырлары...
Каратай бабам, армысын?!

Жусанды жерде көп жортып,
Түсіне әнгсн қарлы шың...
Алтайдан кеткен аргымак,
Аркар ұранда бармысын?!
Ардакты Бошай атаның
Шежіресінде шалқыған,
Әлихандай арыстың
Сауалы өткен талқыдан,
Мұса биден қалған сөз
Бағасын алған халқынан.
Каратай – жақсы сл дегізген,
Асылдар тарағ негіздсн,
Батырым, ойға көсемім,
Сөйлесе сөзгө шешнім,
Тұғырга сені қоймасақ,
Ақиқат тарих несі оның?!
Екі жұз қырық жыл өткен,
Жарқырап шықтың түнектсн,
Алтайда туып шыр сткен,
Батыр да сенен кім өткен?

Дулыға киіп, ат мінгсн,
Қаршыға белін шарт түйгөн,
Қабағын қарлы мұз басқан,
Сұнқардай сырын түзде ашқан
Қосын жиып, қырды аскан,
Артында жұрты шуласкан.
Қалмакпен қырылышқанда,
Ұлытауда қалған бір дастан...

I болім

...Еділден көшіп қара бұлт
Қазакты алмақ торына,
Жөңкілер қалмақ қадалың,
Топырак тартып сорына...
Жол бойы карғап келеді
Катын патшасын орыстың.
Шалғайда жатқан батырга
Дабысы жетті соғыстың...
Жар салып Алтай нарына,
Сын түскен сэтте арына.
Кім жетер дейсің қол баста
Көкжарлы Қаратайыңа!..
Жібсрді Найман батырын,
Бұл істің күтіп ақырын,
Аргымак мініп Каракек,
Тау ұлы кетті Дала деп...

Қабанбайды туған Шығысь
Қаратайды атқа қондырды
Күлтегін, Білге, Тонықек
Өрлігін тұра жол қылдың,
Күркіреп тұрды аспаның,
Көшкі боп құлап тастарың
Ергенектіде ер туған
Қаратай еді асканың.
Камданып келген қынай бо
Шамданып келген құмай ке
Кескекті срдің кесегі –
Қаратай болған деседі...
Кезінде келген кешікпей,
Тұлпары төр мен есіктей
Толтырған ерге қатарын
Абылай жапты шапаның...

II болім

...Еділден жеткен көп қалмақ
коралы қойдай шулаған.
Қоюланың қара қан
жүрегі аттай тулаған.
Жау жағының карасы
етсктей шұбап кең жатыр,

Үсті-үстіне койтастай
 күжынап тағы кеп жатыр...

«Қазақтың салқар даласы
 жаулап алсам қолда тұр»...
 Омалып отыр Обашы, –
 өзегін жегі жеп жатыр.
 «Бұл не деген наз дала,
 жер ойып алсам аз ғана»
 Жымысқы ойды шоқтанған
 жел үрлейді қоздана...
 «Ұлтарақ- жер аздаған,
 күшакқа бассам мәз болам,
 Еділді салма еске енді
 шоқынып кете жаздаған.
 Көшпенді жері – байтағым,
 кенейер көшіп қозғала...»
 Деп бір ойға батады,
 Арқаға көзін сатады
 Обадай болған Обашы
 Ойран да болған Отаны.

Қалмақтың ойын Абылай
 Зерделеп білді алыстан
 Карға адым жерді бергенше,
 Жарылып өлген намыстан.
 Абылай аттың үстінде
 құс үйқыға қанады,
 Кыранның көзі қияда
 қадалып оттай жанады.
 Шалғайдан жеткен Нұралы
 Шалдығып әрен тұр әні,
 Сенгенім – Әділ сұлтаным
 Колтығын жапты қырқанын,
 Эскерім аз деп екеуі
 Кетіп-ақ отыр кетеуі.

Сарыбұлакта өз қолы,
 Ту үстап, тұлпар байларға
 Жөн көрмей отыр Абылай
 Жидебай ерден өзгени.
 Дсріпсәлі, Сазанбай
 Бір озса солар озардай.

Қарсыда тұрса Қаратай, –
 Жау қалар құлаш жаза алмай.
 Жарылғап, Таңай кермеде,
 Сенкібай қылыш сермеген
 Бүйірден қысса Нұралы,
 Әділ сұлтан қайрат қылады.
 Бөріге тиіспіп беріккен
 Жауының сағы сынады...
 Ол аз десе теріске
 Қаратал сұын бұрады.
 Шалшық болып ішкені
 Қырылып қалмақ тынады...
 Осылайша хан Абылай
 Ақылмен айла қылады.
 Әйтпесе жаттан ту тіккен
 Құлата алмайды қияны.

III болім

Абылай ішпен түйсінді,
 Жадырап, әнтек күрсінді...
 Дауылпаз үні атойлап,
 Бебеуlep тұрды күй сынды.
 Женістің рухы тым мықты,
 Дүшпанын көріп ширекты
 Қазақы намыс булықты
 Көтере алмайтын құлдықты...

Жасактың еріп түйткілі
 Соғыса кетті қүштімен.
 Жебелер сонда жүйткіді
 Жүздеген толқын үстімен.
 Адырна тартып ай боз ұл
 Жал күйрықтардан шаң көшке
 Сасқан жау соғып жарға өзін,
 Найзағай ойнатты наркескен.

Көзіне түсті жаудың да
 Жасанып шапқан дұлыға.
 Атамекеннің алдында
 Ерлік те болар сұнғыла.
 Қаратай еді ол қабыландай,
 Дүшпанға оғын боратқан,
 Хан тұрса баста Абылайдай

Ауып та түспес Көк аттан.
Қайрылып қылыш суырған,
Сактай гөр, сырт көз, сұғыннан,
Қайсарлық оның пірі еді,
Қарысып жақ сүйегі,
Алысты шықпай құлын жан...

«..Арқырап ұшқан жебелер,
Көздесен мені келс бер,
Ажалдың көзі сұғанак
Қалпактай ұшты-ау төбелер...
Жанынан жанның зуылдан,
Қара тер көзгс құйылмак.
Жаста емес едім мсн өлер,
Туралап келсен, төне бер.
Бұлқынып акқан каныммен
Арқаның жері көгерер...
Буырқанып шапқан ерлерге
Булығып тағы ел ерер».

... Қалмақтың қиғаш көзіне
Іліне берді дулыға,
Семсермен сипап барады
Қаршыға төсті сырғыма.
Сандалып мың көз қадалды-ай,
Қаратай атты нар ұлға,
Түркіден жеткен қағандай,
Қаймықпай шабар қалыңға...
Құлағын төсеп өскен ер
Ертістен ескен сарынға...

IV болім

Қалмақы қара жабагы
Соңынан салды шыракты
Жапырған мыңды батырға
Жұмсады дұшпан бір окты...
«Әттең-ай, әттең...» жара мен
өкініш дерті асқынып,
жапырак жүзін жас жуып,
«Жете алмай кеттім, не керсک,
Кебінім болды-ау кебенек,
Ел аңсап өлген Кетбұға,
Жер аңсап өлген Сарыатан,
Кермегін татыр керемет...»

Баса алмай үнсіз өксігін,
Үмітін қаз-қаз бастырыш,
Иығына келіп қонғандай
Періштерге бал аштырыш.
«Дауысым елге жетер ме,
Тұманда адасып өтер ме,
Женіп те қап ек жауды енді,
Таусылған дәмім екен де...»
Дір етіп сонда иегі,
Аспанды көрді шалқыған,
Күбірлеп шыққан киелі
Корғасын сөзі балқыған.
Батыста жүзіп күн батты,
Боялып қанға қалқаны,
Қылышп жаны ер жатты,
Қарашиқ деп білген Арқаны
Жауықкан жүзі аршылды,
Жусанның жатып қасына Ол
Қоғалы көлді, ком суды
Жастанып мәңгі жасын Ер.

Соғысып өлген казактың,
Кенейтіп Қарақорымын,
Қаратай сынды батырдың
Биіктен сайлап орынын.
Абылай бұйрық береді,
Арулап жансыз денені
Ерен деп еткен ерлігі
Айыра алсын деп ел мұны
Тау таба алмай даладан,
Шатырын жығып абадан,
Көкке жақын санаған
Жер қойнына береді...

Басындағы дулыға –
Қаратай батыр кебі еді.
Күн көзін жапқан у жебе
Бұршақтай жауса сеп еді.
Атқарып әскер қазаны,
Женістің дәмін татады,
Азат болған жеріне
Аркасын төсеп жатады.

Женіс те болса жазалы
Батыры өліп азалы,
Дұлыға тектес болсын деп,
Каратай батыр мазары,
Бауыры күйген бұла жұрт
Шығыстан келген батырдың
Аспанға атын жазады...

АЙ ПАТШАЛЫҒЫ (толғау)

Ежелгі сақтар мен кейінгі түркілер үшін Ай жарықтық
жемде тендересі жоқ сұлулық өлимелі болған. Қоне аспана
-аңыздар, жыр-дастандар бұған күд. Көшпенді қазақ халқы
да ата тегінің заңды жалғасы ретінде Айды аспеттеуден
танбаган. «Алтыбақан», «Ақсүйек» ойындарында Ай
астында табысқан ынтызарлар санасында сүйіспеншілік,
махаббат сезімдері оның бай сәулелі бейнесімен астасып
кеткен. Бабаларымыз, тіпті, бақи дуниеге аттанып кеткенде
де өзінің қу моласына Ай орнатуды тілеген. Аспан шырагының
гажайып көркі күні бүгін ақындардың аузынан түспейтініне
тиң қаласыз. Тіпті үден барады...

I. Ай–аспанда, Алтай – төрде
Ай мұнды, әрі жалғыз...
Нәресте елдің бөлінбegen серігі,
Конып қайтар көшпенді тұн көрігі
Алтай таудан аунап туған кербез Ай–
Алып таудың андал басқан елігі.
Қара басқан аспан тұрды керіле,
Қарамастан батырыңа, бегіңе
Шалқып шыққан көк төріне бекзат Ай
Ақ уызын жерге сауған пері ме?!

Сақ пен ғұнның, түркілердің сырласы,
Табиғатпен егіз елдің мұндасты,
Сұлық жатқан сұлу Айдың көркімен
Сан мың жылдар сәулеленген шың басы.

Ажарынан Ай көрінген Аймандай,
Құз-жартасты біреу тізіп қойғандай,
Суық тұнде сақылдаған көк мұздан
Жойқын күштің өзі де естен танғандай.

Үскірік жсл уілдеген Бәрібас,
Қалай ғана қарша бетті қарымас.
Тіл жетпейтін сұлулыққа сүйініп,
Ай бетінде дөңгеленген тары жас.

Кінәратсыз падишасы тамұқтың,
Ағыл-тсгіл қайнар көзі жарықтың.
Түркілердің ақ боз атын заулатып,
Еркесіне айналғаны халықтың.

Тұңғиықтың тұнде аршылған ақ жұзі,
Ақбас тауда – ақ борашың қарлы ізі,
Алтай жақтан аппақ жұлдыз шашылып,
Көсіледі көк түркінің Жалғызы...

II. Мұзтау

Мәңгілік мұз басқан биіктен
Аруана басын адамзатқа бұрады.
Мұзтау-шашыған асау күлікпен
Асқақ рухтардың тұрағы.

Мұзтау-жамылған ақ шәйі,
Табиғат – АナンЫҢ жұмбағы.
Жарқ етіп шырайы қас-қағым,
Жарасар сыр шашпай тұрғаны.

Арман-ай, жасырар қайғы ізін,
Аялар Ай сіңген ақықты...
Жалқы сәт аршылған ақ жұзін
Көрген жан, – деуші еді, – бақытты.

Жолаушы жол шеңіп шаршаумен
Асқардан асқарға беттейтін,
Мұзтаудың күн бетін аңсаумен
Көк үміт көнілде көктейтін.

Мұзтауда бәрі де киелі,
Жаратқан Тәнірім алып қып.
Айқасып көк мұздың білегі,
Ақ бұлтқа оранған жарықтық.

Көк сұнгі аспанға атылған,
Жолбарыс тұяғы шеменнің.
Кияда қорқыныш шақырған
Қадірі биік пен тереннің.

Көшкіде... күніреніп құлаған
Сұрапыл күштердің даусы бар.
Тәнірден сабырлық сұраған
Қайсаrlық негізі – тау шығар?!

Алып тау бояған Ай нұры,
Ақ қарлы әділет Қияны.
Аяз би арқалап ар жүтін
Осында патшалық құрады.

Саф таза ауа да осында,
Баурында – бұлактың мөлдірі.
Сап-салқын, шынайы асылға–
Жұмакқа балайды ел мұны.

Мың жылдық қуаты, қорғаны–
Жаужүрек, ер көніл сақтардың.
Ғұндардың тас білек тарланы,
Куәсі толағай шақтардың.

Мұзтаудың сорғалап қыраны,
Айналып-толғанар Ай-жаны.
Шығыста қасқайып тұр әлі
Түркінің ата жүрт-айбары.
II. Сақ аруы
Сақ аруы!
Сұлу өлке сұлуы,
Ата жүрттың сыр ашпайтың
құпиясы, тұнығы,
Жер асты жадындасың,
Жып-жылы қанымдасың,
Күн сүйген мұздактардың бабындасың,
Барқыт бел, жұмак жаздың табындасың,
Керімсал, кербез ауа-сарындасың,
Сақтардың жерастылық тағындасың.
Жүрегі мұздап кеткен, патшайымым,
Күмәнді сені жоқтап сағынбасым.

Мәңгілік сұық өлке!
Арамдық тайғақтаған,
Шындарға шаншылып қал
Ай батпаған,
Аяздай әділдігін, туралығын.
Ксменгер, көсем сөзің жұмбак маған.

Мұз жамылып, қар жастап томпаяды
Мың жылдық меңреу қырлар тіл қатпаған.
Сақ аруы!

Түркінің төрін корғап,
жай жатпаған.

Шашы сары, көзі көк алмас бабаң
Жаралғандай жұмакта жан баспаған.
Тәнір таудың етегін жырға бөлеп,
Боз жуасын терейін арнап саған!

Козықадай сүйкімдім, жас кеткенім,
Сенің бекзат жолында бас кеткенім,
Сүт иісі аңқыған боз ала таң,
Ақ уыздан жасалған бір алақан
Көккс көсем жанынды ап кеткенім...

Оқыста атын алған құралайын,
Киылған қыршынынан бұла қайың.
Сақ аруы жиырмада опат болған,
Себебін, көрі тарих, сұрамайын.

Кіндіктес көшкен жұртпен, сірә, жайым,
Мен қалай тсбіренбей тұра алайын,
Қара киіз жастанған қас сұлуды
Түркілердің тұбі деп жұбанайын.

*IV. Патшалар жазығы**

Күніренбе бекер, қорым тас,
Патшасын қазып алдырған.
Өткенін қуган елім жас
Тарихын таста қалдырған.

Мәдени мұра сақтаған –
Пазырық–жұрттың қазығы.
Көсемі тұлпар баптаған
Әйгілі Берел жазығы.

Үйірлі жылқы көмгені,
Алтыннаң моншак өргені.
Жер қойнына тапсырып,
Кетер деп көккс сенгені.

Патшалар бейіті бапталған,
Сыр үзіп сұңғыла шактардан.

Таулары биік Шығыста
Аспанға бәрі аттанған...

Берелдің жасыл шөбімен,
Балауса, балғын көгімен,
Азуын білеп Айға алыс,
Опат болғандай жолбарыс.

Арқардан мүйіз қондырған,
Алтыннан әбзел салдырған.
Кезекпен мінер көлігі,
Жылқы да болса серігі.

Мың ішінде тайпалған,
Он үш жирен жайқалған.
Құбылып баурын жазғандай,
Ақку мойнын созғандай.

Жылқы ішінде пырағы,
Ерттеулі даяр тұр әлі...
...Шетінен сұнқар керікті
Сапарға соңғы беріпті...
Мәйекке балап уызды,
Сусыны еткен қымызды.
Астына жастап жантайған
Топырак түсті киізді.

Ақбұлқақ – мәлдір бастауы,
Алтайы шыңың әсқағы.
Ханымын алып қасына
Қалғып кеткендей қас-қағым.

Карағай табыт – астауы,
Самырсын – кеуде басқаны.
Киялдың шексіз екенін
Құс айдар самұрық* растады...

Тәж киген бұты мүйізді,
Мұратпен өлген бір ізгі.
Танимын тарғыл тастардан
Бабалар салған бір ізді.

Тереңге көміп шерлерін,
Ар-Айдың бакқан қабағын.

Сүйеніш қылған, ерлерім,
Сұмбіле таудың табанын.

Жаралған сенен нық снер,
Нұр сауған елім Айдан көп,
Корғаным болмай шықса егср,
Корымда нем бар тарлан көк?!

Бозарып төнген аспаны,
Көрінде боздап қағаны.
Түркінің көне дастаны-
Берелдің Алтын Адамы.

Корымды ғана аштым ба?!

Ұшырып алсак қасірет,—
Жеті қат жердің астында
Дамылдал жатыр қасиет...

Ашылмаған сырды әлі, оқылмаған құраны
«Патшалардың жазығын» Ай күзетіп тұр әлі...
Өлкө үшін жан киып Берелде өлген батырдың
Ата жұртқа бас иіп, көктеге жанған шырағы.

*Әйгілі Берел корымынан табылған көшінділер көсемдерінің ұрметіне бұл жер көзір осылай аталады

*трифон

ІЗГІЛІККЕ ТАҒЗЫМ (поэма)

(Казақ педагогикасының Хан апасы атанған КСРО Лемлекеттік сыйлығының негері, Қазақстанға еңбегі сіңген йгілі ұстаз Қанипа Омарғалиқызының рухына)

ІБӨЛІМ ШАҢЫРАҚҚА КҮН ІЛГЕН

Жаңарып өскен жас шыбық
Жапырак жайған жаңа дем.
Соғыстан соңғы басты үміт
Сілкінгесн ұрпақ санамен.

Соғыстың сұмдық жазығы, --

Көз жасы әлі кеппеген.
Ауылдың жеткен тозығы
Азабы жоқ-ты шекпеген...

Алайда,
Аспан... жүздірген Айды мұнға,
Қай кездегіден де мөлдір болатын.
Аппак армандар айдынында
Ақку сенімдер қатар қонатын...

Жалғыздың үні шықпаған,
Бір сәби күткен анырап.
Қызы-ұлым – дейтін құтханам,
Бар еді үнсіз ... шаңырак

Шаңыраққа бір күн күн ілген
Шар еткен сәби дауысы
Сүйіншілеп жүгірген
Ұл туғандай жарысып.

Баурына басқан нәресте...
Жусанның иісі емес пе?!

Бітібай шалдың әuletі
Беттеген сол күн белеске...

«Тіл-көзден сакта, құдайым»,
Әжесі қылды уайым
«Әуесін қара-әуезге
Кіргізген сөздің шырайын».

Жел сөзден күміс қақтаған,
Талабың таудай ақ балам,
Күмбірлеп жатқан даланың
Күбірлеп жырын жаттаған.

Жалаң аяқ жар кешкен,
Қайратымен қар кешкен,
Бұланұдап өсті «сары тентек»
Өткірлігі – наркескен!

Бораны ұлып тұратын,
Бөрі дауыс бұла тұн.
Бас ала алмай бойжеткен

Кітап оқып шығатын.
Ойлардан маржан тізбелеп,
Төгілген көркем сөз бөлек
Қанипа қыздың мұраты –
Болашақ мәнін іздемек.
Сіңілі – бауыр еркелеп,
«Бізді оқыт», – дейтін ентелеп:
Оқыту жолы Қапенің
Басталып еді сртерек.
«Ұстаз бол!» – дейтін тау, дала
«Ұстаз бол!» – дейтін айнала.
Күндіз де, тіпті түсінде
Маза бермейтін қайда да,
Атаның бата сөзі еді,
Бір керемстті сезеді,
Сапарға мұны бастаған
Қат-қабат, том-том білім мен
мейірім тұнған көзі сді.

II БӨЛІМ **ЖАДЫМДА ТҰРАР ЖАНҒЫРЫП...**

Ізгіліктің күн шапағы саулады,
Данаалықтан ой өргенде
Бала Бағбаны.
Зәмзәм сулы бұлактардың сылдыры,
Мәуелеген Мәжнүн талдың сыйбыры
Шәкірттерге сабак беру – гүлзар бақтарда
Фарабидің Арманы.

Күллі Ұстаз тәрк етеді,
Қызығына құрық өлшеп не етеді
Бір ғылымнан басқаның!..

Ғылым жолын нұскап тұрар не түрлі,
Құтты сөзгс толған құты секілді.
Адамдық пен парасаттың судырлатқан парагын.
Баласағұн дастаны.

Аппак нұрын жарқыратып сананың,
Мектебінде ең алғашқы
Бағын ашқан он төрт баланың

Асыл сөздің Бас кітабын құраған,
Мұғалімі, ғалымы да бір адам
Мандайына біткен ұлы қазақтың
Конырауы Дағаның.

...Керуен жылдар қағып қанатын,
Надандықтың баламасы болудан
Қап қойғанда қара түн...
Қаранды қазақ көгіне
Қараңғылықтың кегіне
Жұлдыз қонып, Ай орнап,
Күн туғызған құдайлап
Махмұттың мұны болатын...

Надандық тәңізі тубінен қарайып,
Өкініштің өксігіне толып еді.
Мұздаған жүрек мың жылдық құштарлықпен
Сел көшкендей еріп еді.

«Жыл келгендей жаңалығы сезілген»
Парасаты басталатын сезіммен.
Дүр сілкінтіп қыран ойын дағаның
Сабактары жалғасатын
Бал тілімен баланың ...
Орындалып бар тілегі
Ыбырайдай дананың.
Ұстаз келді! Нагыз ұстаз –
Мектептің жан жүрегі.

Елең етті абзал ауыл,
Қасаң ойы қаланың
«Ей, тәкаппар Дүние! Танимысың қазақты!»
Абай, Мұхтар жарапан
Құмыр топырақ киесінен
Аққан дария толқынымен жарысып,
Ұлы Көшкін Сөз ақты.
Күн тубінен жортқан жырау үндері,
Сәбілердің тәтті, ғазал тілдері
Түн ұйқысын тәрк етіп, көп қызықтан құр қалып,
Сыр –толғауын шәкіртінің «жөнге салған» түндері.

Ұстаз болу – оқытудың ұстасы болу қалайда,

Жан түкпірін әлдилеген Арманы ғой талайдан.
Ұлы өзеннің бастауы еді мөп-мөлдір
Оқытуды бастағаны Абайдан!..
Бойдағы бар қабілеті кемелденіп толатын.
Ақын, әнші, актерлігі өріліп өріс табатын
Ақ жаңбыр бол төгілгенде Қанипа
Қайта туған көркем ойдың алыбы –
Әуезовтің «Абай жолы» болатын.

III БӨЛІМ. ҚАЙРАТКЕР

Ұстазы елдін көкірегі қайнаған,
Батыр жүрек батыл ойдан танбаған.
Орыстанған зиялыштар алдында
Тұңғыш рет
Қазак тілін айдаһардың көмейінен суырып,
Ана тілін анасындай қорғаган.

Тоқырау ма, шыңырау ма - беймезгіл
Жаңа уақыт жылымығын сезген кім?
«Ұят болар, сөйлемсіз қазақша!»
Деген бұйрық миын қарып
Естілсі ді еміс-сміс...
Жатқандай-ак түрмессіндс өзге слің...

Петропавл қаласы ғой, басқа емес...
Баяндама жасауға
Келіп еді босқа емсс.
«Ұлы Мұхтар тіліндс сөйлеймін!», – деп саңқ стті –
Аруактаның кеткені
Шығар ма скен сстең еш!

Ер нағашы Даулетбайдың айбаты,
Жау қашырган қайраты,
Дұрс-дұрс сокқан жүрегі,
Ақ найзалы білегі
Жарқ еткендей Зал ішінде есті Елес...

Тектіліктің каны тулап әмірге,
Көне алмады көпе-көрнсу жәбірге,
Абай туған ұлы даала атынаң

Тілін тірі сала алмады қабірге ...
Баяндады Әуезовті оқытудың жолдарын,
Самарқау жұрт дүр сілкінді,
Қатты соқты қолдарын.
Каракөздер сонда көрді –
Ұстаздығы үлгі болар бар елге
Эйгілі бір жан барын.
Толып кетті таскын ойдың кемері,
«Бодан» сөздің ағытылды көгені.
Қанипасы бар қазақтың сол сәтте
Алғаш рет биіктеген беделі.

Шаттығымен жас үйіріп жанаға,
Қас-қағым сәт ғасырлардың
Конырауын қағар ма?
Тағдырлардың тоқсан тарау жолдары
Жұлдыз жауған бір күні
Табысып бір, тоғысып бір қалар ма?

Қауышқанда ізгілердің мейірі,
Құмаш аға күн еріген көнілі.
«Бар жұлдыздан, бақ жұлдызың жоғары!»
Естен кетпес деген ықылас пейілі.

Келер күндер келер уақыт не берер,
Томсарады... толқын сокқан тәбелер...
Кезекпенен халық жоғын жоқтасып,
Кек Мұхитқа керуен салған кемелер...

Қабыл болып әз ағанын тілегі,
Ақ канатты періштер күледі.
Мәскеу барып Қанипасы қазақтың
Аттай гулап, соғып тұрды жүрегі.

Мемлекеттің Бас сыйына тебіренген күйі бар,
Ал жүрегін тырнап кеткен запыран-шерін кім ұғар?
Москваның бір мектебі білмейді еken Абайды
Бұл қалай? – деп, Қанекен Ягодинге қарайды

Жауап таппай Министр де бір қызырып, бозарды
Өктемдіктің куқыл өні күлбеттеніп, сазарды.
Қара қылды как жарды да найзағайдың күркірі

Бодандықтың аспаны боз қыраудан тазарды.

Күллі ұлт пен ұлыстар дүр сілкініп, күніренді
Дауыл күнгі теңіздей шалқып – тасып тебіренді
«Нагыз ұстаз! Қазақ екен! Көркем екен болмысы
Ұлыларын ұлықтаған мұғалімнің ойлысы».

Оқылады! Оқылады! Адамзаттың Абайы,
Айтматов, Маркес, Данте, Науайы.
«Адамды сүй, баурың» демек – ар іci,
Жаңғырады жанның алтын сарайы.

Ел қайғысын сслеу сыңсып, қыр айтар,
Шұбаланға шалынған дерт мұңайтар.
Қабырғалы кара нарың болмаса,
Әділдіктің ақтық сөзін кім айтар?

Махамбеттің алдастан сөзі болдың, жан апа,
Жантолы мен Тұмардың көзі болдың, жан апа,
Кесек сөйлеп, көп мұңын көзге айтқанда құрмелмей,
Ер Баукеңнің сарқыты – өзің болдың, жан апа!

IV БӨЛІМ **ҰСТАЗ СЫРЫ**

Қанымда тасты,
Айбары асты
Домбыра даусы бабамның.
Қастерлеп тілін,
Толқыттым күйін
Қобыз кеуделі даламның.
Кәусарын ішіп дана ойдың,
Таныттым жолын Абайдың.
Көктемгі талдай,
Көктеді солмай
Ізгілік текті аяулым.
Шырағым жанды,
Соңымда ән салды
Борасын көмген жаяу мұн ...
Аялап күтіп бағамын.
Жапырақ жаның баланың.
Көзінен сүйген күн сындым,
Бала жаныңмен күрсіндің.
Ойынмен ұшқыр самғаған

Сырынды айттың сен маған.

Тасқыны жырдың жосылды,
Құлагер шабыт көсілді.
Қазтуған болып аңырадым,
Әспеттеп сөздің саңлағын.

Асан Қайғы боп күнірендім,
Кек дөнен сайлап күйіне елдің.
Тоңмойын жетсе түбіне ердің
Махамбет – жыр боп төгілермін.

Адырнасын ала өтіздей мәніреткен,
Жебесін жырдың еңіреткен.
Жыраулар – жойқын дария
Кенезесі кепкен шөлде кегі кеткен.

Көне жазулар күмбірлеп,
Құлтегін, Білге бір-бірлеп.
Ежелгі күннен оралды
Тірілтті заман қағанды.

Өшкенім жанды, оңалды,
Арыстар барыс саналды
Алаш боп сөнген жұлдыздар
Ал қара көкте оянды.

Естен кетпес
Қоңыр кеште
Қоңыр әнге салғаным.
Қол созғандай Жарық күнге –
Алмаға
Анамның пәк нәрестедей арманы.
Қырандардың кияға ұшар
Ұясындаи мектепке
Әкемнің де жетелеп, өзі апарып салғаны.

Естен кетпес қоңыраудың үндері,
Сәбилердің сыңғыр-сыңғыр күлгени
Бірге жасап келеді екен
Әмір салтанатымен

Эйгерім мен Тоғжандардың Нұрлы елі.
Бәрі есімде... сан әдістің түрлері,
Бәрі ғажап, бір-бірінен ілгері.
Жан кіргізген сабактың өн бойына
Суырылған топтың «тәбе билері»...

Қайталанбас «Тұған жері» Қасымның,
Мағжан жыры – сынығындағы асылдың
«Өй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!» –
Көздеріндегі күн күліп, оты ойнайтын жасынның.

Соның бәрін ... қимадым, аяладым сезіммен,
Ауырлар деп ар жүгі ала кетсем өзіммен
Жұрт тұңқілді – атақ, бедел, мансаптан
Мені көрді безінген.

Тура айтам деп, төрелерге жақпадым,
Алтын күрекпен сріттім шының ақ қарын.
Кандай киын іс тұғанда басыма
Өз мұлдеме ел мұлдессін сатпадым.

«БАУЫРЫНА БАСҚАНДА БАУЫРЫНДЫ...»

Жаның бөлектігін
Жаныңмен сөзінетін күн болады екен.
Өлім мен өмір айқасында
Өкінішінің өзі өкситін тұн болады екен ...
Басына тұскен бір Қайғы
Мың қайғыны қозғайды.
Бауырын жоқтап жана ана
Бота көңілмен боздайды.

ЖОҚТАУ

Тұтылғанын мен көрдім сәулелі айдың,
Түбіне жете алмадым арман – ойдың.
Әuletімнің аскар шың, асу белі
Құлап тұсті, мен қалай зар болмайын.
Нұрлы күннің мен көрдім көз жұмғанын,
Тағдыр салды алдыма өз жұмбағын.
Он үш жаста өзің боп Бектас қалды
Кош айттың да, өмірден оздың, жаным.

Мен жоқтасам, жоқтаймын наз үнінді,
Сағынамын әнінді, әзілінді
Бірге тұған ғазизден неге айрылдым
Құдірет, айтармысың жазығымды ?!

Әпкең ем, қамқорың ем әуел баста-ақ,
Жазмышқа жылап тұрып зарын баспақ
Тапсырған не деймін деп әке, анама
Жанымды бермек болдым айырбастап ...

ТОҚТАУ

...Сары гүлдің жамылып күлтелерін,
Ағыттың – ау, жан апа, сыр тереңін
Терезекнің түбінен құлап түсті
Жабуы жалғыз жап-жасыл бір терегің.

Назың мұң боп ерітті қауымынды,
Жалғыз сәтке жасытып жалынынды.
Алтын басың иілді жерге мына
Бауырына басқанда бауырынды...

Сегізіңе қол бұлғал кете барған
Ку жалғыздың арманы кете ме ойдан.
Сегіз әпке жоқтаса семсер ұлды
Сөздің басы келеді «көкем-айдан».

Бар шаңырак, ту тіккен бар босаға,
Қос құлынға құт мекен болды осы ара
Жетіп тұрған ағасы жоқ десе де,
Жете тұған інісі болмаса да.

Тағдырыңың арқалап ауыр тасын,
Аза күймен жаныңды ауыртасын.
Боздаса да әпкесі азаматтың
Босамасын қазактың Қанипасы.

Қайсаңды да карт қайғы еңсереді,
Жоғалды ғой көз алдында ең сенері.
Қанипадай қызы тұған қараша үйдің
Бақ конған бәйтерегі теңселеді...

УБӨЛІМ ШӘКІРТ ОЙЫ

«Күн дидарына мейірім жиған аяулым ...»

*Мені ұстаз етіп қалыптастырыған – шәкірттерім.
К.О. Бітібаева*

Ақ көңіл, бала мінезің,
Ақылшым, анам – бір өзің.
Әлемге шексіз ақ нұрын
Таратып тұрған Күн өзің.

Сен десем ... Күн бе дегенім, –
Санамнан сурет көрсін
Мен саған мәңгі шәкірт бол,
Сонынан еріп келемін.

Сыр – толғауларыңа бойлатып,
Самал бол сайдан ескенсің.
Еңлікті ойнап, ойнатып,
Ертегі ғұмыр кешкенсің.

Жүректе сансыз шырактар
Қолыңмен сенің жағылған.
Шапқылап бала бұлактар
Сарқырап акты тауыңнан...

Күрсініп өшкен күйбені,
Болмысы ірі ғажабым.
Бар еді көңіл кірбені,
Бір басқа жетер азабың.

Бәріне соның бекініп,
Жұмысбасты бол төзгенің.
Есімде күліп отырып,
Мөлтілдеп тынған көздерің.
Асқар шың басын алғансың,
Алапат еңбек күшімен,
Көрмеген жаңға армансың
Неге екенін мен түсінem.

«Жас қалам» – дарын бесігі
Отыз жыл оны тербеттің.
Аялап айтсам есімің...
Ұстазы жетпес жер-көктің.

Есімде «Айдар өзені»
Өзгеше берген сабағың.
«Күшікбай батыр кезені»
Тұбінде қалды сананың.

Ту байлап тұлпар өлеңге
Жаңғырттың жадау ғаламды.
Үйреттің көркем өнерге
Сарабдал салтпен қарауды.

Сәулесін сезіп үнілермін,
Тараттың мың ой Абайдан
Шын жүзін іздеп дүниенің
Ақ пен қарадан жаралған...

Зерттеуді зерттеп жүретін
Каршыға текті қырағым,
Әдебиетті жатқа білетін
Көрмедім басқа мұғалім.

Қауышып «қанаттарыңмен»
Ақ жаңбыр төккен аспаның...
Ғажайып сабактарыңмен
Жазыла берсін дастаның.

Тұған тілдің қайраткері, –
Қарлығаштың қанаты
Даналықтың мектебінде
Аталатын дара аты
Абыройын аспандатқан
Жасап өзі,
Жасампаз із қалдырған
Ұстаздықтың мансабы емес,
Салтанатты санатын.
Шакта мынау
Қасиет құлап аскардан,

Жаһандану жаһаннәмі басталған,
Қазақ тағы үміт еткен жастардан, –
Табиғатың керек бізге тас жарған.

Тегін бе еді?!

Фарабидің бас тартқаны байлықтан,
Ұлықбектің тақтан көңлі шайлықкан.
Қарапайым ұстаз болып қалғаның –
Ізгіліктің ак жолын
Алтын арқау, жібек жіппен жалғауың.
Бала оқытқан қырық жылдық ғұмырың,
Қызық көріп, ала алмаған тынымың.
Қырық кітап жазып шыққан Хан апа,
Қырық елге қазына болар білімің.

Қазақ әйелі!

Аңызға айналған атынды
таныр ғалам.
Америка сапарында да
Ауыз ашып, көз жұмып
анырмадан.
Мәскеуде елінің жоғын жоқтап,
Өктемдіккс бас иіп табынбаған.

Қазақ әйелі!

Толагайға тау көтерткен ар-намыс
«Жетіаралға» ән салдырған толғаныс.
Шаранада шар еткенде жан дауыс
Тұған тілге бола білген қорғаыш ...

Қазақ әйелі!

Ескерткіші орнамаған әлі күн
Сыйласа да әлем жарығын ...
Танытса да талант, танымын
Қалып қойған сүттен құйған қалыбың ...
Қазақ әйелі!

Жасай білген азаматтың ерлігін,
Алып жүрген дархан дала кеңдігін
Ежелгі дәуірден Есенталиға дейішігі
Зарделеген көркем ой кемелдігін.

Қазак әйелі!
Ат үстінде басына жібек байлаған өрлігің,
Болжай білген Тайбурылдың қырық күншілік кемдігін,
Енді міне, Абай мен Мұхтарды оқытып,
Алыптарды әлемге танытатын келді күн.
Бар халықтың анасы болуға лайықтысың сен бүгін!..

ҚОБЫЗ РУХТЫ КЕТЬҰҒА (Дастан)

*Кетбұғадай билерден
Кеңес сұрап күн қайда?!
Доспанбет*

I БӨЛІМ

Жапырып жерді жар өлді,
Толтырды топырақ теренді...
Коркыттан жеткен қобыз үн
Боздатты нeden өленді?
Инанығ Білге Елі жок,
Көшінің шаңы, көгі жок,
Шыңғысхан таптап кеткен жер
Бұлдыры бар, өрі жок.
Күші зорға құл болмак,
Қарақұрымда қорғанбақ –
Мандайға жазған карғыс па,
Күн туар ма арланбақ?!

Алтайдан шығып құлдаған,
Арғымак атын тұлдаған,
Қазанаты халықтың,
Киесі буган шабыттың,
Жүргі – әулие, жаны – өнер,
Азамат ердің қассағы,
Бұлт сыймаған аспаны,
Өтүкенде тұған Кетбұға –
Қаны да күй боп тулаған.

Қаражал толқын жалмаған,
Сыпрыып бәрін барады,
Қазаққа төнген зар заман
Ашылып билік араны.

Долданып тепті жағаны,
Жығылды батыр кескекті,
Сарыуайым жеді сананы,
Құлдыққа көнбей ес кетті...
Салқын тауды сел бұзды,
Салқындық енді елге ізгі.
Тұлпар тауды сел бұзды,
Тұлдап, тұмымдырық енгізді.
Күшілік, Таян* даланың
Қаңбағындай жосыған,
Оғыздан жеткен қобызым,
Амалың бар ма осыған?
Айналып қалың Найманға
Қоныс болар ма осы маң?!
Қазактың бағы қайтқан ба,
Құландај жүйткіп жосыған?
Амалың бар ма осыған?!
Осылай деп қос ұлан
Бағаналы Кетбұға,
Балталы боп Келбұға
Ұлытау жакка тартады,
Бұлұнын* ертіп соңына.

Тел ескен ұлы даланың
Жошы хан басы – пананың
Дешті Қыпшақты билеген.
Қылышын тасқа майырып,
Өзегі отқа қарылып,
Ептескен дүшпан-досына
Кенеспен келген Кетбұға
Қақпаны ашты күйменен...

Ел иесі өзі еді,
Келмей бір кеткен кезеңі
Жырау боп дана сөзі – емі,
Алтын тізгін қолында,
Алты арыстың жолында
Көмекейден акқан өзені.
Шоқтай жанып көздері,
Қақтаған жалын сөздері,
Жиырма бесте скен Кетбұға
Жошыға келген кездері.

Әулиедей өң берген,
Әлеммен ойын тенгерген,
Хан тағының көркі деп,
Шыңғысхан өзі тен көрген...
Ақымак басы кесілген,
Ақылды басты өсірген,
Қағанның кезі көсілген
Жібек боп түйін шешілген.
Мұз еріп түсіп жанаардан
Аталық биге қадалған.
Көкбөрі сөзі қамалған
Атылып шыкты қамалдан:

«Күшактадым, қапсырдым,
Талақ еттім, тас қылдым,
Мен – Шыңғысхан – Күн ұлы!
Сүтін емген қасқырдың...
Жошыны саған тапсырдым.
Жортұыл қара дауылмын,
Алапат күшпін, сабырмын,
Жошым өлсе, шарт сынам,
Естірте көрме, қадірлім.
Әгей емес... өз ұлым,
У жемесін, Кетбұға!
Сегіз қырға сезігің
Сүйремесін, Кетбұға!»
Осылай деп хан Шыңғыс
Тибетке жөнеп барады,
Жұздеген қыпшақ қыздары
Көзі тірі Шыңғысты
Жоқтап озан салады...

Ермеген, сәлем бермеген,
Жолбарыс сынды жарапы
Жан кіргеннен жазалы
Сауалы толы Жошы хан
Күпия қалған жауабы.
Әкпенің қайнап қазаны,
Жошы хан қалды назалы.
Ақ жолдың таңдал дұрысын,
Ұйыстырған ұлысын,
Тәнірге жетсе – таза ары.

Далаға төгіп мейірін,
Қызғалдақ гүлді көркі еткен,
Қанды кол әке кейібін
Көрмеуге снді серт еткен.
Ерсін туған ер Жошы
Тұркінің туын төрлеткен.

...Сейіл құрмак, аң ұстал,
«Қош!» – деді, – Кетс», – лабыстал.
Өмірден қашқан Жошы хан
Сағымдай кетті алыстал.
Аң десе бұл да ксрағы,
Бөрідей ұлып, жортады.
Үйірді қырды аранда
Қашты бір құлан тарнацы.

Жабайы құлан жабыдан,
Жерітіп ұлды қағынан,
Ажал боп ертті соңынан,
Сүйрелеп әкеп тағынан.
Үйірдің бұлты – қалың шаң
Құм басқан көзі көрмеді.
Кеберсіп срні шолделі,
Тозақты корді жердегі.
Карғысы мыңын азынан,
Қан болды қара жөргегі...
Қалың құлан қарасы
Ырық бермей таптады,
Ойнақтаған оғланды
Ажалдың қақты қақланы.
Тізгінді бермей он қолы
Үзіліп кетті дснедсн,
Ышқынып жинап дәрменін,
Күнді іздеді төбседсн...

Көрісп аруақ боздасыл,
Домбыра қүймен не түрлі.
Қобыздан саулап көз жасы
Өткел бермеген секілді...
Үзілді Жошы осылай
Жалғаның жетіп түбінс.
Жалғыз да кетті жасымай,
Көз тастап дүние кіріне.

II БӨЛІМ

Қаракүйыны соғыстың
Қарақорымға оралды.
Жетелер алға боп ұшқын
Қыраны көкте жоғалды...
Бір шәкім бұлттан адасып,
Оралды Шыңғыс орманға.
Ақ бас шыңнан әрі асып,
Алтайға кетіп қалған ба?..
Құйрығы бұлаң, қылбұрау
Не дерсің тұлкі жалғанға...

«...Аң қуған Жошы жоғалды»,
Деген хабарды естіді.
Барынан неден тоналды?
Есіркеп есіне соны алды,
Көрінбей көзге ешкімі.
Боларын зауал аңдатып,
Кеудеге зәһар байланды.
Қайғының дәмі қан татып,
Қағандығына жайланды...
Күніренді Шыңғыс, ар жылап,
Қыздырып кектің көрігін:
«Корғасын құям аузына,—
Естіртсе Жошы өлімін!..»

Даланы үрей кезеді,
Халық та қалған қорқып тым.
Сыналар Бидің кезені,
Әртеніп жетті өзегі
Қобызын алып Корқыттың.
Кetenің күйі шалқыған,
Құландай жүйткіп саусағы.
Сазінген – сурет шарпыған
Тағының жырын таусады...
Әлтірген құлан есіріп,
Не болты ерді жоқтамай,
Кетбұға кетті шешіліп,
Көзінің жасы тоқтамай.
«Балаң өлді – Жошы хан,
Нанаармысың осыған?

Ақсак күлан, Жошы хан,
Дүние – толқын тасыған,
Қызық – жалғанды қуғанға,
Таудан төмен жосыған
Ажал ма деп шошынам,
Балаң өлді – Жошы хан
Балаң өлді – Жошы хан...»

Қобыз бенен домбыра
Кезек-кезек зарлады.
Жошыға оқып ар-дұға
Сарыөзендей сарнады.
Ақиқат күйге аһ ұрды,
Шындықка Шыңғыс шыдамай,
Кетбұға сөзі атылды
Бейне бір сұлу күралай:
«Теніз бастан былғанды,
Кім тұндырар, а, ханым?
Терек тұптен суалды,
Кім тұрғызар, а, ханым?»
Сонда Шыңғыс қуарды:
«Теніз бастан былғанса,
Тұндырар ұлым Жошы-дүр,
Терек тұптен суалса,
Тұрғызар ұлым Жошы-дүр...»

Күлдігым,
Көзімді ашып көргенім!..
Алғыза қоймас арлан ем
Тәңірдің маған бергенін...
Тағдырдың салған күні өшкін,
Жошыны менен алды ма?!

Қорғасын ішіп, үні ошсін
Қобыз бен қу жақ домбыра!»
Хан жарлығы қайрылмас,
Орындалды, – дейді сол сэтте,
Сондағы халін Кетснің
Ұрлаққа енді көрсетпе.
Оймақ ерні ойылып,
Алпыс бақсы аузына
Күм күюдің орнына
Ойлы бопты домбыра.

Қорғасынмен жойдырып,
Қобыз ішін ойдырып,
Күш алып ап даңғыра,
Боздады, – дейді ботадай
Жұртын естен тандыра...

Күшілік, Таян* – Шыңғысханмен өле-өлгенше
соғысқан түркі билеушілері
Бұдұн* – түркіше – халық, жұрт

ІІІ БӨЛІМ

Шыңғысхан қанша шапса да,
Мұңғұлдың отын жақса да,
Төгілген қаны түркінің
Тегістеп жерді ақса да.
Құрала берді сынығы,
Ұзара берді құрығы,
Сол күндегі казактың
Лайланып барып тұнығы,
Түзеле түсті тұғыры.
Бұлағы бастау көл қалды,
Булыға соғып жел қалды,
Бұркырап жусан бел қалды,
Бауыры күйіп ел қалды,
Сусып түсіп табаннан
Жатқа кетпес жер қалды...
Әкете алмады Шыңғысхан
Қолтыққа бұктеп тауларды.
Кеменгер туған Кетбұға
Ақиқат жайды аңғарды...

Сол кезеңде Кетенің
Абыройы асқан кез еді,
Құлагудың ғана биі емес,
Ұлыстың ұстар Сөзі еді.
Жатырында жарылқанған,
Жол салған қия-түреннен,
Салуалы Орда, сар бала,
Тілегі бір ед түменмен.
Қайғысы, сесі – ішкі әні
Қабағында таудай тұнерген.

Қайқы қылыштың ұштары
Самайға барып тірелген.
Аялы көзі ақылдың
Шамшырағындай жанатын,
Ерлігін жасап батырдың
Комдайтын қыран қанатын.

Қаған өлген, қам жасал,
Ісін жалғау серт болды,
Құбылай алып көп жасак
Шың-Машынға аттанды.
Құлағу бармак Мысырға,
Дамашық пен Шам- шаһар,
Шыдамай жойқын қысымға
Жығылар жауы, жан сатар...
Алпыстағы елдің ардағын
Күткендей тағдыр қарғыны
Кетбұта бидің бармағы
Мөңкенің болды жарлығы.

От жаққан жұрты ойранда,
Қараусыз қалса осы мұн...
Аңғарып біреу қойған ба
Жошыдан бергі жосығын?!..
Батумен жүріп басқарса,
Түзелер еді ел жайы,
Алдыңнан біреу асты алса,
Таусылды білем, қормалы...
Бас тартса, бөрілер жауығар,
Алтын тізгінді үздің дес,
Қынадай қырып шабынар,
Боп елді қанда жүздірмек...

Қара қобыз зар құсты,
Құңғренді тағы осы маң.
Елестеп Абыз жал құшты
Ақсак құлан, Жошы хан.
Корқыт баба қыр асты,
Құба Тегін бұкшиіп,
Көк өгіздің кебінде
Тәнірі келді тұксиіп...
Тұлып болса да түйсінер,

Көріспес енді Жерімен.
Күре тамырына күй сінер
Коштасып тұрды ол Елімен...

IV БӨЛІМ

Жер танабын қуырып,
Құлагу жетті Шамға да
Дамашық жұрты қуылып,
Бас иді оған қорлана...
Мұнғұлдың данкы жер жара,
Аспанды тағы тітіренті.
Қолға түскен құлғана
Көрінген таңға шүкір етті...
Жынын шашып Құлагу
Омыраулы атпен орғызы
Әртелген гүлзар - бактардан
Тарпаң тажалдай қарғызы.
Мысырға енді құйындай
Көбікті Бура шабынар.
Түркіден жасақ жиылған,
Кетбұға жаннан табылар.
Дәл сол кезде Мөнке өліп,
Алыстан хабар жеткені,
Жусанын қырдың төңкеріп,
Тәңір алдына кеткені...
Кетеге қолды тапсырып,
Құлагу оқыс жөнелді.
Қайнаған кекті жас жуып,
Қаксатып кетті көп елді.
Тұрғандай Қорқыт көрі кеп,
Бас тігіп соғысып өлуге,
Уәде – Құдай төрі деп,
Кетбұға қалды шебінде.

Ауызға түсіп жерік ас
Құтызға Тәңір берді енді.
Қантөгіссіз оналмас
Бір істі бастап көрді енді.
Әли сұлтанды жоғалтып,
Орнына әмір боп алды.
Бейбарыс данкын зорайтып,

Қолбасшы бол деп қадалды.
Құтырып Құтыз жатқанда,
Қалшиып қалар қара тұн:
«Құлдыққа бізді сатқан да
Қатыгез Шыңғыс болатын!».
«Шабамыз! – деді, жар қылды,
Осы жол қалмай арманда,
«Шабамыз! – деді, маңғұлды,
Кетбұға жалғыз қалғанда».

Бейбарыс қалды тіксініп,
Есімін естіп Кетенің,
«Шабамыз калай, күш жиып,
Найман ғой, емес, бөтенім...»
Маңғұлмен тізе косса да,
Түркінің туын тіккен ер.
Қыпшақтың күнін тосса да,
Ішіне сырын бүккен ер.

«Шабамыз жаңнан тұңілтіп,
Таусылды жаудың талқаны,
Иілмес басты иілтіп,
Тізесін тасқа бүгілтіп,
Құтыздың даңқы артады!»
Абызды алған айлакер
Айлалы сөзден танбады.
«Қазактың, шіркін, Қекжалы
Сертінен керек тайғаны...
Ши жүгіртсек, жік ашып,
Маңғұлдар кстер бөлініп,
Қандастың жөнін сұрасып,
Салтанат құрар бөрілік».

Сатқындық – ердің көрі деп,
Намысын колдан бермеген.
Сенім – Құдай төрі деп,
Кетбұға қылыш сермеген.
Құлдір-құлдір кісінеген,
Қүренін сіңген даралық,
Кек Бұка текті күшіменен
Қүре тамырдан нәр алып.
Қоңырауын желге қақтырып,

Найзамен ашқан жау шебін,
Оқшантайына оқ тұнып,
Торықпас жалғыз қалса ерің...
Адаспай табар жебесі,
Жау қарасын жусатқан.
Шерінің босап шегесі
Жол тапқан қанды қасаттан...
Айбыны асқар абыз ер,
Қара жартас – сүйегі,
Қаһарын төгіп реңі,
Косынға арқа сүйеді.
Мыңбасы майдан ашады,
Қалмады жаудан тосылып.
Есебін ойлап ентіккен
Саудагер Мысыр жасағы
Мәмлүкке кетті қосылып.

V БӨЛІМ

Аспан да тілін тістеген...
Теңселіп Абыз тұлғасы,
Екі түмен күшпенен
Әділдік қалай орнасын?!
Қарысса, – дейді сүйегі,
Кезігіп жауы – тендесі,
Еңіреп жырау – жүрегі,
Кұмығып жетті кезге осы.

Қаған үшін кім алтын?
Қағанаттың қызы алтын,
Биліктің шексіз буы алтын.
Араб үшін – құл алтын,
Алланың берген сыйы алтын.
Көшпенді текті түркіге –
Алтайдың төсі кіл алтын,
Тәңірінің берген нәсібі –
Намысты ерлер тірі алтын...

Ала қашып, сүйретіп,
Оң қанатын күйретті,
Жау қарасын сиретіп,
Ерлігін елге үлгі етті.
Көп күш ала бастады,

Қаптады дұшпан шыбындей.
Жан сауғалап қашпады,
Ер ноян кетті бұрылмай...
Орға түсті Кетбұға,
Туын ұстап қылыштай.
Қолға түсті Кетбұға
Кескілескен ұрыста-ай!
Бұтағындей еменнің,
Өзегіндей қайыңың
Сіңір сүйек қолдарын
Артына бұрап қайырды...
Айбалта тиген шыбыктай,
Үміті Ердің қырқылды,
Шатынап түскен сынықтай
Қаралы жер де жыртылды.
Құтыз аспанға түкірді:
«Манғұлдың, – деп, осы біткені,
Қашырмас едім құтыңды,
Қосылсаң маған Құт-кенім?!..»

–Қандас деп саған табынсам,
Қырылар еді қайманам,
Жазалы болып, жаңылсам,
Қан болар далам жайнаған.
Құл емес – затың, атың – құл.
Басыбайлы бағың жанбаған,
Елге орал, елге жақынның
Қылышы да өткір қайраған...
Қыршын кеткен Рухыма
Пана болмас айдалаң.
Өлексе жеген күшігенді
Қандасым деуге арланам...

Бейбарыс ұғып шерленді
Кetenің не деп жатқаңын.
«Жат жерде, жақсым, көрге сидің,
Біз болдық қанды қақпаның...
Түркіден әскер сайлагам,
Женістен даңқым самғаған,
Жайымды ойладап, қайғы алам,
Өзгс бір бакта сайраған...
Абызым, серттен таймаған

Аманат бізге жан балаң,
Аманат бізге жан балаң...»

Осылай деп Бейбарыс
Құтызды қайыра қуады.
«Тарқамас нәпсі – құмары,
Бұлт ішінде шұбары,
Көптіріп, көбік ұртыңды,
Көтердің басқа бұтыңды.
Қашырайын енді құтыңды», –
Атылып соққан жолбарыс
Қорқау Құтыздан құтылды.
Манғұл мен араб қамы үшін,
Қаған мен сұлтан тағы үшін
Найман, қыпшақ қырылды
Ерліктің жықпай намысын.
Қасірет екен, жаратқан,
Бір туған жандар тартысы,
Жүргегін ердің оятқан
Тарихтың тосын талқысы.

Кетбұға – елдің ардағы,
Айн-Жалудта біткен жармағы.
Соғысып өлген өкінбей,
Даланың ұлы Сардары.
Құресіп өлді Кетбұға
Шегінер болса, о да өлім,
Көшірді жанын жат дұға,
Батырған нұсқап тереңін...

Кетбұға, абыз, әулием,
Жан бердің солай құрбанға,
Құландай ақсап қайғымен
Күйлерің жетті бұл маңға.
Күйінді сенің сақтаған,
Өгіз Оғыздың иесі,
Атыңды даудан ақтаған
Қасиетті жердің киесі.
«Сақ бол» деп кеттің, таза арың,
Шырылдал ұшты торғай жыр.
Мәңгілік Ел бол Қазағың
Қобыз Рухыңмен корғай жүр.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| Алғысөз | 3 |
| «...Қоңыр салқын үнімен селсулердің». | 5 |
| «Күмілжиді шешен туған наз дала..». | 5 |
| Ауысу | 5 |
| Толассыз нөсерде | 6 |
| Үш кісі..... | 7 |
| Алтын балықтың қабыршықтары. | 8 |
| Жүрек | 9 |
| Көк нөсер. | 10 |
| «Айна көлдері...». | 10 |
| «Терезенді ашып койшы, жарығым...». | 11 |
| Ақшадан арашалау. | 12 |
| «Тіршілік мені биге шақырады...». | 12 |
| «...Көз жасымен қуа алмайсың қайғыны...». | 13 |
| Мен кіммін? | 14 |
| «Жалын атқан Күндейін...». | 15 |
| Рух даусы... | 16 |
| Қар мен қаргалар..... | 16 |
| Уақытша өлу..... | 17 |
| « Көп жылайтын біздің ауыл бұлттары...». | 19 |
| «Қоқыстардан тазартып ем әлемді...». | 19 |
| Киялға конған шындық (баллада).. | 20 |
| Адам іздеу..... | 22 |
| Адасу..... | 23 |
| Отанға | 24 |
| Бақытый – ертең..... | 24 |
| «Жылай берсем, бізге бақыт берे ме...» . | 25 |
| Шындық қайда? | 26 |
| «Ғұмырда саған жеткізе қоймас...». | 27 |
| Сүйініш. | 28 |
| «Бір жұлдыз маган қарайды...». | 28 |
| Мына бір түп ағаштың қызаруы-ай.. | 29 |
| «Күмбір де күмбір далада...». | 29 |
| Дарабоз | 30 |
| Бүтіндік | 31 |
| Ай | 32 |
| Ойлар, ойлар..... | 32 |
| Кемістік..... | 32 |
| Нұрлы дүние.. | 33 |
| « Бала едім мен қатпаған әлі сүйегі...». | 33 |
| Жаңбырды жаз... | 34 |
| Алтайдан кейін тау қайда..... | 35 |
| Есімде, бәрі есімде..... | 36 |
| Балалық шак..... | 37 |

| | |
|--|----|
| Мұн | 37 |
| Туған жерді сағыну..... | 38 |
| Күз | 39 |
| Жасыл бояу..... | 39 |
| Теніз..... | 40 |
| Tay | 40 |
| Күзгі кеш..... | 41 |
| Туған жер..... | 41 |
| Бұқтырма | 42 |
| Өмір деген – ертегі..... | 44 |
| Тәтті өмір..... | 45 |
| «Туған жердің топырағы бұйырсын...»..... | 46 |
| «Айдаһардың аузын берді...» | 47 |
| Жан әке..... | 49 |
| Кейуана..... | 49 |
| Өмірді сүй..... | 49 |
| «Әркімге бір құдай өмір бермек...»..... | 50 |
| Күй..... | 50 |
| Ақан Қайғы..... | 51 |
| Деме сен..... | 51 |
| «Абайды өлшеусіз қайғыға бөлеген...» | 52 |
| «Сен бір жалғыз ұшқан ебелек...» | 53 |
| Мағжанға | 53 |
| Далаға арнау..... | 54 |
| Адасқақ өмір..... | 55 |
| Қазақтың қара шалы | 55 |
| «Сен өлмеші, кеудемдегі бұлбұлым...»..... | 56 |
| «Қаңбағы ұшып, күз қонған дала...»..... | 56 |
| Жастық шақ..... | 57 |
| Ғұмырдың тепе-тәндігі..... | 57 |
| Тағдырдан жеңілесің | 58 |
| Өмір..... | 59 |
| Музаның қазақша аты..... | 60 |
| Сен мені алдама..... | 61 |
| «Біреуге сұлулық жылтырар бет дейді...»..... | 62 |
| Жасыл өнір..... | 62 |
| Хирургтің соңғы операциясы..... | 63 |
| Кос мүйізді жүрек | 64 |
| Айна..... | 65 |
| Төрт мезгілдің әуені..... | 66 |
| Бозторғай өмір..... | 67 |
| Қара қар | 67 |
| «Адам неге адам үшін аяулы?..» | 68 |
| «Адамдардың аярлығын көргенде...»..... | 69 |
| Жалған-ай | 69 |

| | |
|--|----|
| Жүрек күлгендे..... | 69 |
| Махаббаттың жалғыз әні..... | 70 |
| Сезімде серік бар ма? | 70 |
| «Мені сүйген көздерінде...»..... | 71 |
| Қыздың әні..... | 72 |
| «Маған еріп шексіз дала, тебірендің...»..... | 72 |
| «Өмір – қатал, әрі тіпті – безбүйрек...»..... | 73 |
| «Ей, жігіттер, жарларыңды сыйлаңдар...»..... | 73 |
| Келісім..... | 73 |
| Досқа хат..... | 73 |
| «Сен мені ұмытқалы...»..... | 75 |
| Есірік жел..... | 75 |
| Каралы сұлу..... | 76 |
| Тұн желі.. | 76 |
| «Екеуіміз айналмағанда...»..... | 77 |
| «Біз екеуіміз – таумыз және даламыз...»..... | 77 |
| Тастағы қыз суреті..... | 78 |
| Уақыт..... | 79 |
| «Ежелгі көрі пан дала...»..... | 79 |
| «Аспанның жұлдыздары алыстады...»..... | 80 |
| «Өмір самал жел емес деп кім айтты?..»..... | 80 |
| Мен – жермін..... | 81 |
| «Дүние, қызылды – жасылды көркінмен...»..... | 81 |
| Үйлесім | 82 |
| Жетім деме..... | 82 |
| Мен –аспанмын..... | 83 |
| Домбыраның шанағында..... | 83 |
| «Кездеспеші менімен өмір атты базарда...» | 84 |
| Арысым..... | 85 |
| Қылыш..... | 85 |
| Өскемен..... | 86 |
| «Есенин, сен не көріл кеттің?..»..... | 87 |
| Домбырага жабыскан кара бала..... | 88 |
| Өлең жүйрік өзінен..... | 88 |
| Мұстафа Өзтүрік..... | 89 |
| Ес-аға..... | 90 |
| Қазақ сдім әндектен | 91 |
| «Әділет пен шындықтың ак туындај аппақ Ай...»..... | 92 |
| Төрбұрыш үйлер..... | 92 |
| Біз | 93 |
| «Қабағынды ерте түйген қарағым...»..... | 94 |
| Мен неге жазбадым?..... | 94 |
| Біреудің кісісі өлсе..... | 95 |
| Кайғынды ұмыттыратын | 96 |

| | |
|---|------------|
| Жер сатылды дегенше..... | 96 |
| Желтоқсан жыры..... | 97 |
| Өтеді күндер..... | 98 |
| Жақсылар жанын берер..... | 99 |
| Тіл тағдыры..... | 100 |
| Намыс туралы толғаныс..... | 101 |
| Откенді аңсау..... | 102 |
| «Қазакты данышпан деп мақтамай-ақ...»..... | 102 |
| Сұлулық | 103 |
| «Есебін білер бір өмір...» | 103 |
| Кезбенің әні.. | 104 |
| О,Дүние!..... | 105 |
| Кособа..... | 106 |
| «Бір пенденің ұмыт болған күлкісі...» | 106 |
| АБАЙҒА НЕМЕСЕ ӨТКЕН ФАСЫРМЕН СЫРЛАСУ | 107 |
| «Мың жылдықтың басындамыз келесі...»..... | 108 |
| «Қазактың басынан бәрі өткен...» | 108 |
| ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН АЗ ҰЛДЫҢ СҮРЕТТЕРИНЕ ҚАРАП ТҰРЫП ТУҒАН ОЙ..... | 109 |
| Әзінді жоғалтпа сен!.. | 110 |
| БАР ГОЙ НЕБІР «МЫҚТЫЛАР» | 110 |
| Құрбандық | 111 |
| Тәуелсіздік..... | 112 |
| Тіл қайда? | 113 |
| Үш жүз..... | 114 |
| «Дүбәра етпе адамды...»..... | 114 |
| «Құл болған сезімдер...»..... | 115 |
| Таңмен оянған өлең | 115 |
| «Сағынғанда табылатын қасымнан...»..... | 116 |
| Қысқы тұн..... | 116 |
| «Жаңбыр шайды қара жолдың шандагын...» | 117 |
| «Пай-пай, қазактың даласы-ай...»..... | 117 |
| «Ағын сулар ағысын тастамайды...»..... | 118 |
| «Аспанға жиі қараймын...» | 118 |
| «Шынары шын жартасты жарып шығар...» | 119 |
| Ауыл мен ақын..... | 120 |
| Киял..... | 120 |
| «Кезінен сыры көрінген...»..... | 120 |
| Еркіндік..... | 121 |
| Аугандардың көз жасы..... | 121 |
| Тас пен гүл..... | 122 |
| Байлық..... | 122 |
| Әйел ақын..... | 123 |
| Мұн | 124 |

| | |
|---|-----|
| Адамсыз домбыра үндемей тұрады...» | 125 |
| Бауыржан Момышұлына | 125 |
| Тұған күн | 126 |
| «Көктемге мен де асығам...» | 126 |
| Наурыз | 127 |
| Біздің ауыл | 127 |
| Елес | 129 |
| Тұған жер әуендері | 130 |
| Жақсылар | 130 |
| Поэзия падишасы | 131 |
| Ағаштар | 132 |
| Ғашықтық | 133 |
| Сөз | 133 |
| «Өлгендеймін түсімдс емес, расында...» | 134 |
| Экология | 135 |
| «Өмірді қысқа деменіз...» | 136 |
| Табиғатым | 136 |
| Махаббаттың көз жасы | 137 |
| «Өлеңім-ай...» | 137 |
| Жігіт сырьы | 138 |
| «Алтай таудан бір аунап, ай сәулесі сырғыды...» | 139 |
| «Адамнан асыл тұған жандарым-ай...» | 139 |
| Шабанбай | 140 |
| «Боздал қалған боз ағаш...» | 140 |
| Ерте көктемде | 141 |
| «Сөздер де сатылады...» | 141 |
| «Жолаушы келер заманның...» | 142 |
| Болмыс | 142 |
| Күй | 143 |
| Арыстар | 143 |
| Өмірде мән бар ма? | 144 |
| Қиял | 145 |
| «Ағаштар жазықсыз еді...» | 146 |
| Тілім дессем | 147 |
| Қағаздан жасалған қазактар | 148 |
| Жарығым | 149 |
| Күнгс мадак | 149 |
| «Музанды өлтірмс, жарығым...» | 150 |
| «Жалғыз кәусар бұлағым - шабыт каны...» | 150 |
| Патша көңіл | 151 |
| Қайран уақыт | 152 |
| Қоштасу | 152 |
| «Көңілім құлазиды әлденсден...» | 153 |
| ЖАЗҒАН ДЕГЕН БІР БАҚЫТ | 159 |

| | |
|--|-----|
| Табиғатым-егізім..... | 154 |
| Жан..... | 154 |
| «Жапырактар жанына орап жарықты...»..... | 155 |
| «Жанымды қайтем, жалмауыз тағдыр ауыртқан...»..... | 156 |
| «Кездестім домбыраның шанағында...»..... | 156 |
| Токыма құмыра(баллада - мысал)..... | 157 |
| Шыңғыстайдың Шынары (толғай)..... | 159 |
| «Адамдар өмірден етеді...»..... | 162 |
| Әкеме..... | 163 |
| Құбылнама..... | 164 |
| Шәкәрім..... | 165 |
| Алтын балдақты бұлбұл (мысал) | 166 |
| Арда тілім | 167 |
| Менің кейіпкерім | 168 |
| Шексіз үйлесім..... | 168 |
| Ұлт тағдыры..... | 169 |
| «Сарғайып сан өртентен жапырактар...»..... | 170 |
| «Жанарынан мен мұндың бейнесін көрдім...»..... | 170 |
| «Тағдыр кейде қарайды қызық маған...»..... | 171 |
| Көніл күйі..... | 171 |
| Табиғатым – тағдырым (Оралбай карттың екі әнгімесі)..... | 172 |
| Ансау..... | 175 |
| Жалған құлқі..... | 176 |
| Рұстем | 176 |
| Бабалар рухымен қауышу..... | 177 |
| Тұнгі жыр..... | 178 |
| Жер түбінде құба тал..... | 179 |
| «Бакыттың жапырактарында...» | 179 |
| Орындық..... | 180 |
| Жүрексіз жырлар..... | 180 |
| «Қара түнде жалғыз қалған ай – жаным...»..... | 181 |
| «Жер – Адам, Аспан – Құдай...»..... | 181 |
| «Жарасар маған патшайы қылық...» | 182 |
| Шабыт | 183 |
| Ғайып өлең..... | 183 |
| «Шарасына шабыт тұнған көздерім...»..... | 183 |
| «Осы жүргін-өзі жиі алдайды...»..... | 184 |
| «Табиғаттан ала алмаған сыйым бар...»..... | 184 |
| Егіздер..... | 184 |
| Бар шыным | 186 |
| Көз жасы..... | 187 |
| «Біздің жақта қыс ұзак...»..... | 188 |
| Шын адамдар мен шыны адамдар..... | 188 |
| Нағыз ақын..... | 189 |

| | |
|--|-----|
| Босаға..... | 190 |
| Жылан емеспін | 190 |
| Абай көлеңкесінде | 190 |
| Өкінбен | 191 |
| Ғашық болып көрдін бе? | 191 |
| Ақша..... | 192 |
| Замананы жырла дейсің | 193 |
| Дүниеден өткенде | 194 |
| Жұртта..... | 194 |
| «Болса да өлім қоштасудың үлкені...»..... | 195 |
| «Қадырынан айрылып, Тұманбайдан...»..... | 196 |
| Мандайға жазған бақытЫМ | 196 |
| Біздің жақта..... | 198 |
| Сенің уақытың..... | 200 |
| Жаман айтпай жақсы жок..... | 200 |
| Далалық сөздің Жұлары..... | 201 |
| «Биік едім адамның адамымен...»..... | 202 |
| «Жылгалармен сылдыр - сылдыр су акты...» | 202 |
| Күнге шабуыл..... | 203 |
| Дауылшаз үні..... | 204 |
| «Тыржалаңаш... сүйінген...» | 205 |
| Жансұлудың қайғысы | 206 |
| Парадокс.. | 207 |
| Өкініш..... | 208 |
| Аударма | 208 |
| «Жапырактың ағып түскен жанарында бармысың...»..... | 209 |
| Аллаға хабарлама..... | 209 |
| «Күн жолында құлындар кісінеген...» | 210 |
| «Ештеңе демейтін елігім...» | 211 |
| «Жанға емес, жапыраққа ғашық болғам тегі мен...» | 211 |
| «Махабbat бұл өмірде бар дегейсің...» | 212 |
| Махаббаттың азабы..... | 213 |
| «Аспанға қарап, мәжнүн талдардың кешінде...»..... | 213 |
| Платонның махаббаты..... | 214 |
| «Ғайыптан келген сөз женіл...» | 215 |
| « Саған деген сезімдерімді...»..... | 216 |
| Өнер бағбаны..... | 217 |
| Ағам Еркіннің рухына | 217 |
| Жарықтық | 218 |
| Жусан..... | 218 |
| Алтын тамыр..... | 219 |
| Жыраулар..... | 220 |
| Өкініш..... | 220 |
| Жұлдыздардың сөнгені | 221 |

| | |
|--|-----|
| Киянат | 221 |
| Нарком..... | 222 |
| Сүйенген тауың құламасын | 222 |
| «Отаршылдық сүргіні бар әлемде...»..... | 223 |
| Алтайдың абыз жыршысы | 223 |
| Күнмен қоштасу..... | 224 |
| Пейіл | 224 |
| Алтайға келген аккулар.. | 225 |
| «Махаббат өледі, өмірді құшақтап...»..... | 226 |
| Жамбылым..... | 226 |
| Жердің күн беті. | 227 |
| Кербұты..... | 227 |
| «Табиғатқа мейірінді төге ғөр...»..... | 228 |
| « Жарасар Хаққа аспанды мекен қылғаны...» | 228 |
| Аудармалар | |
| A.C. ПУШКИН. Ақын..... | 230 |
| Бұлт..... | 231 |
| С. А. ЕСЕНИН. Жастық шаққа мен енді оралмаспыш | 231 |
| «Кар басады даланы...» | 232 |
| Йеитс Уильям Батлер. | |
| Энгे арналған көйлек..... | 232 |
| «Мен аспаннан дүрия шатыр түсірдім...»..... | 233 |
| «Мәңгі тірі Өлкенің шарабынан татып ем...» | 233 |
| «Ақырғы рет болжағам алыс тұрып...»..... | 234 |
| «Аймен әлсіз тілдеседі құс сұнқылы, – дедім мен...» | 234 |
| Ажал..... | 235 |
| Мәңгілік дауыстар... | 235 |
| Бір ғашық өз жүргегіне өніп шықкан | |
| райхан гүлі туралы айтады. | 236 |
| Су перісі..... | 236 |
| Алғашқы махаббат..... | 236 |
| Махаббат қайғысы..... | 237 |
| Ол сүйіктісінен жан тыныштығын сұрайды | 237 |
| Кезінде келген ақыл..... | 238 |
| Құс ұшқысы келеді | 238 |
| Жұмаққа апарар жол..... | 238 |
| Поэма, дастан, толғаулар | |
| АЗА (поэма)..... | 240 |
| Каратай батыр (дастан) | 246 |
| Ай патшалығы (толғау). | 249 |
| Ізгілікке тағзым (поэма). | 254 |
| Қобыз рухты Кетбұға(Дастан)..... | 267 |

Бакытжан РАИСОВА

Кәусар дүние

**Өлеңдер, әудармалар, толғаулар, поэмалар
(Қазак тілінде)**

**«Каратай КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –
Қасымхан БЕГМАНОВ**

Редакторы: Тымболова А.О.

Техникалық редакторы: Әлімжанұлы Т.

Безендерген: Еңсебай М.

**Басуға 15.05.2017 ж. қол қойылды
Каріз түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108^{1/32}. Шартты баспа табағы 15
Таралымы 5000+120дана.**

ТАПСЫРЫС № 237

**«Каратай КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143, офис 321
Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru**

ТАПСЫРЫС БЕРУШІНДІК ДАЙЫН ФАЙЛДАРЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚТЫ.



ДАСТУР

**ЖШС РНБК «Дауір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rgiem@dauir.kz, zakaz@dauir.kz**

ISBN 978-601-7505-55-4



9 786017 505554



Ақын Бақытжан Раисова 1959 жылы қазан айының 6-жүлдөзүндө, Шығыс Қазақстан облысы, Катон-Карағай ауданы, Еңбек аулында дүниеге келген.

1976 жылы С.М. Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби) Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне окуға түсіп, атальған университетті 1981 жылы үздік бітіреді.

1978 жылы алғашкы өлеңдері жас ақындардың «Балауса» жыр жинағында жарық көрген.

Өлеңдері 1999 жылы «Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай», 2005 жылы «Алтай әуендері», 2009 жылы «Қауырсын қанат» жыр кітаптарында жарық көрді.

2000 жылы «Ай мен Алтай» атты тұңғыш жыр жинағы «Білім» баспасынан шыққан. 2009 жылы «Сезім сәулесі», 2009 жылы «Шағылға біткен шынармын», 2012 жылы «Ай патшалығы» атты жыр кітаптары жарық көрген.

Бақытжан Раисова Қазақстандағы Абай мен Пушкин жылына орай өткізілген аударма жыр сайысында, Нұқай атындағы облыстық мүшэйраларда, ұлы Женістің 65 жылдығына орай өткізілген жыр сайысында, 2011 жылы Семей қаласында өткен ұлы Абайдың туғанына 165 жыл толуына орай өткізілген жыр сайысында, 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткізілген республикалық жыр мүшэйрасында жүлделі орындарға ие болды.

Ақын Бақытжан Раисова Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ҚР Білім үздігі.